EGEMEN QAZAQSTAN

egemen.kz | E-mail: info@egemen.kz | **25 ЖЕЛТОҚСАН** 2024 ЖЫЛ, **СӘРСЕНБІ №248** (30977) | FACEBOOK.COM/EGEMENKZ | TWITTER.COM/EGEMENKZ

Суретті түсірушілер – АЛУЙСЕНБАЕВ, Е. ҮКІБАЕВ

Сенат төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевты қабылдады.

Кездесуде Президентке Сенаттың қазіргі қызметі мен алдағы жоспарлары туралы мәлімет берілді.

Мәулен Әшімбаев үшінші сессия басталғаннан бері Парламенттің 28 заң қабылдағанын, оның бесеуіне депутаттардың бастамашы болғанын жеткізді. Атап айтқанда, Президент Жолдаулары мен тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында тұрғын үй саясатына, білім беру және балалар құқығын қорғауға, білім саласындағы жинақтау жүйесіне, биржа саудасы мен кәсіпкерлікке, сот жүйесін реформалау мен есірткінің заңсыз айналымына қарсы күреске қатысты заңдар қабылданған.

Қазір Парламентте жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау, креативті индустрияны қолдау, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жөніндегі заң жобалары қаралып жатыр. Бұл – сенаторлардың бастамасымен қолға алынған құжаттар.

Спикер сессия басталғалы бері Сенатта 50-ге жуық іс-шара өткізілгенін, сенаторлар Үкіметке 67 депутаттық сауал жолдағанын айтты. Сонымен қатар парламентаралық ынтымақтастықты кеңейту аясында 40-тан аса халықаралық кездесу ұйымдастырылған.

Мәулен Әшімбаев келесі жылы жоғары Палатада Бюджет, Құрылыс, Су, Салық кодекстері, «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» және «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заңдар қаралатынын айтты. Сондай-ақ Жұмысшы мамандықтары жылына арналған парламенттік тыңдаулар өткізу жоспарланып отыр.

Бұған қоса Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстанның орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттары мен міндеттерін іске асыруды мониторингтеу жөніндегі Парламенттік комиссияның жұмысы туралы ақпарат берілді. Аталған комиссия Мемлекет басшысының тапсырмасымен құрылған болатын.

Сенат төрағасы Президенттің өңірлерді одан әрі дамыту жөнінде жүктеген міндеттерін Палатаның басымдық беретін бағыттарының бірі екенін атап өтті. Бұл ретте Сенат мәслихаттар депутаттарымен жұмысты жандандыра түскен.

Кездесу соңында Мәулен Әшімбаев Қасым-Жомарт Тоқаевқа Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII съезіне дайындық барысын баяндады. Бұл жиын 2025 жылдың қыркүйек айына жоспарланып отыр.

Телефон арқылы сөйлесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Әлиевті туған күнімен құттықтап, бауырлас Әзербайжан халқының игілігі жолындағы мемлекеттік қызметіне табыс тіледі.

Мемлекет басшысы қазақ-әзербайжан қарым-қатынасын дамытуға қосқан Ильхам Әлиевтің елеулі үлесін жоғары бағалады.

Президенттер екіжақты ықпалдастықтың қарқыны жоғары екенін атап өтіп, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту келешегін талқылады. Әсіресе жоғары деңгейдегі сапарлар кезінде қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру мәселесіне айрықша мән берілді.

ІЛКІМДІ ІЛГЕРІЛЕУ

Мүмкіндігі мол алкилат өндірісі

Павлодар облысында еліміз үшін бірегей жоба – жылына 97,6 мың тонна алкилат өндіретін алғашқы зауыттың құрылысы басталды. Кәсіпорын іске қосылса, еліміздегі мұнай өндірісі алкилатты октанды арттыратын компонент ретінде пайдалануға көшеді. Мамандар бұл отандық отын сапасын арттыруға және қоршаған ортаға зиянды әсерді айтарлықтай азайтуға мүмкіндік беретінін айтып отыр.

Мұрат ҚАПАНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Алкилат өндірісі отын саласын экологияландыру жолындағы маңызды қадам болмақшы. Алкилат – бензиннің жоғары октанды компоненті, ол бензиннің қасиеттерін едәуір жақсартуға және атмосфераға көмірқышқыл газы мен улы заттардың шығарылуын азайтуға мүмкіндік береді. Жоба жаңа технологиялық кәсіпорынды құрып қана қоймай, мұнай өңдеу тереңдігін арттыру барысындағы тиімді шешімдердің біріне айналады.

«Бүгінде елімізде алкилат өндірісі жоқ. Ал жобаны іске асыру К-5 (Еуро-5) ең қатаң экологиялық стандарттарына жауап беретін жоғары сапалы отын өндіру жолындағы маңызды қадам болады. Әрі ол Қазақстан мен таяу шет мемлекеттердің нарығын ұшақ және көлік отынына арналған экологиялық таза жоғары октанды компонентпен қамтамасыз етеді», дейді жобаны жүзеге асырушы «Intertrans C. A.» ЖШС бас директоры Мұрат Құдиярбек.

5 >

Коллажды жасаған – Зәуреш СМАҒҰЛ, «EQ»

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Адам құқы бала құқынан басталады

Құқық – адамзат өркениеті мен мәдениетінің маңызды жетістігі, ажырамас бөлігі. Адам құқықтарының басымдықтары БҰҰ Бас Ассамблеясының Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында белгіленген. Ата заңымыз өзі азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарына қол сұқпауға кепілдік береді.

Елдегі кез келген адам дүниеге келіп, осы жердің азаматтығын алған күннен бастап құқықтары мен бостандықтарына ие болады. Олардан бұл құқықты ешкім айыра алмайды, заңдар және өзге де нормативтік-құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады. Қазақстан дамуының жаңа кезеңін анықтайтын қазіргі саяси-конституциялық реформалар барысында адам құқығы институттары да жаңа деңгейге көтеріліп жатыр.

Адам құқығы бала құқынан басталады. Әрбір халық, әр ұлт өз болашағын ұрпағымен тікелей байланыстырады. Кез келген мемлекет әлемдік қауымдастық мүшесі ретінде баланың әлеуметтік және құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету жеке мемлекеттің ғана емес, жаһандық маңызды міндеттердің қатарына жататынын жақсы біледі.

Тәуелсіз мемлекетімізде де балалар құқын қорғаудың халықаралық стандарттарына сәйкес тиісті құқықтық тетіктерді қамтамасыз ету саясаты іске асып жатыр.

3 >

«Таза Қазақстан» – экологиялық бірегей жоба

Суретті түсірген – Ерлан ОМАР, «EQ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен сәуір айынан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы қолға алынды. Іс-шара елдегі экологиялық жағдайды жақсартуға, халықтың экологиялық мәдениетінің деңгейін арттыруға, азаматтарды қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне тартуға бағытталған. Аталған жоба еліміздің барлық өңірін қамтып, қалыпты экологиялық болашақтың негізін қалады.

Жомарт ОСПАН,
«Egemen Qazaqstan»

Наурыз-қараша айлары аралығында акция 5,83 миллионнан аса адамды біріктірді, бұл ел халқының едәуір бөлігін құрайды. Іс-шаралар аясында бұқаралық сенбіліктер өткізілді, оның барысында 1,159 мың тоннадан аса қоқыс жиналып, 1,609 мыңнан аса ағаш отырғызылды.

Акция аясында рұқсат етілмеген қоқыстарды анықтау жөнінде рейдтер жүргізілді. Аумақтық экология департаменттері мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары бірлесіп атқарған жұмыстардың нәтижесінде көптеген полигон жойылды. «Таза ауа» рейдтері барысында 482 автомобиль тексеріліп, экологиялық стандарттардың 105 бұзылуы анықталды. 96 жүргізушіге қатысты айыппұл мен ескерту түріндегі әкімшілік сипаттағы шаралар қолданылды. Бұл шаралар экологиялық нормаларды сақтаудың маңыздылығын тағы бір дәлелдеп, жол қозғалысына қатысушылардың жауапкершілігін арттырды.

Жобаның ерекше бір жетістігі азаматтарға экология саласындағы проблемалар туралы хабарлауға, оларды шешуге қатысуға мүмкіндік беретін @TazaQazBot цифрлық платформасын құру болды.

4 >

КЕШЕ КЕШКІСІН...

Алматыда жаңа автобус бағыттары іске қосылады

Алматы қалалық мобильділік басқармасы мегаполистің агломерациямен көліктік байланысын арттыру мақсатында 25 желтоқсаннан бастап тағы да қала маңына қатынайтын қоғамдық көліктің 2 бағытын іске қосады. Үлкен сыйымдылығы бар «FOTON» маркалы автобустар Алматыдан облыстың Қарасай және Талғар аудандарына қатынайды. Жол жүру құны қалалық маршруттардағыдай – 120 теңге. Барлық автобус «Onay» электронды билет жүйесімен жабдықталған.

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН
ЖАҢА БАСТАМА ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛА МА? 3

ЗЕРДЕ
ТҰРАР ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН ҮШІН КҮРЕС 6

ӘДЕБИЕТТІҢ ӘҢГІМЕСІ
ТЕМІРҚАЗЫҒЫ – МАХАМБЕТ, ШОЛПАН ЖҰЛДЫЗЫ – САРА... 9

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМЫ: EUR/KZT 536.32 USD/KZT 515.89 RUB/KZT 5.17 CNY/KZT 70.7

ЖИ: Қажеттілік пен қауіпсіздік мәселесі

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында қоғамдық өмірдің барлық саласына жаңа цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні (ЖИ) енгізу мәселесі қаралды. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев баяндады.

Қуат ӘУЕСБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Цифрлық үкімет кеңсесінде аталған сала министрі «Әлеуметтік әмиян», «ОТӨ тізілімі», «Онлайн-нотариус» жобаларын, азаматтар өтініштерін жүйелеуге арналған e-Otinish платформасын және басқа да жобаларды таныстырды.

Олжас Бектенов экономиканы ынталандыру мақсатында цифрлық орта құрудың маңызды екенін айтты. Озық елдердің барлығы цифрландыру мен жасанды интеллектіні дамытуға жаппай инвестиция салып, өз стратегияларын жасап жатыр. Цифрлық технологиялар бізде қазірдің өзінде өнеркәсіп, экология, денсаулық сақтау, білім беру, жұмысқа орналастыру, әлеуметтік және құқықтық қолдау, салық секторы мен бизнес-ортада белсенді қолданылып келеді.

«Мемлекет басшысы мемлекеттік басқару жүйесіндегі цифрлық трансформация экономика мен қоғамдық өмірдегі өзгерістерге жәрдем беруге тиіс екенін атап өтті. Нейрондық желілер арқылы біз тәуекелдерді және төтенше жағдайларды болжап, олардың алдын аламыз. Сондай-ақ проактивті түрде әрекет етуге мүмкіндігіміз бар. Цифрлық трансформация кезінде жаңа цифрлық шешімдерді интеграциялау жұмысын жүргізуіміз керек. Бұл жұмыстардың барлығы Жасанды интеллектіні дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы мен Жасанды интеллект туралы жаңа заң аясында жалғасады», деп атап өтті О.Бектенов.

Цифрландыру нәтижесінде 2023 жылы 44 млн-нан астам қызмет көрсетілген. Қазірде цифрлық құжаттар толыққанды физикалық құжаттарға теңестірілді. Азаматтар ел ішінде ұшақтарда, пойыздарда ешқандай физикалық құжатсыз, тек цифрлық құжаттардың негізінде еркін жүре алады. Биыл бұл қызмет 200 млн-нан астам рет көрсетілген. Тағы бір мысал – онлайн нотариус. Азаматтар елімізден тыс жерде болған күннің өзінде онлайн түрде қызмет ала алады. Мұндай қызметтер 170 мыңнан астам рет көрсетілді.

«Біз проактивті қызметтерді енгізуді бастап кеттік. Бұл – азаматтар өздері тиісті мекемеге жүгінбей-ақ автоматты түрде көрсетілетін қызметтер. Мемлекет басшысының тапсырмасымен біз әлеуметтік әмиянды енгіздік», деп мәлімдеді министр.

Әлеуметтік әмиянның алғашқы екі қызметі басталды, оның бірі – оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту, енді бірі – тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету. Бүгінде елімізде 2000-нан астам мектепте білім алып жатқан 703 мыңнан астам оқушыға тегін ыстық тамақ беріледі. Мемлекеттік дәріханалар жүйесі проактивті қызметтермен 100% қамтамасыз етіліп, 1,5 млн-нан астам рецепт өңделіп, берілді.

Сонымен қатар Ж.Мәдиев бүгінде ЖК, ЖШС ашу, рұқсаттарды алу жеңілдегенін, отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсетіліп, есеп беруді автоматтандыру және қысқарту жүзеге асырылып жатқанын жеткізді. Бұған қоса адамның қатысуынсыз тексерулер санын 2 есе қысқартуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілді. Биыл ғана 60 мың тексеру жүргізілді.

«Үкіметтің басым бағыты – отандық тауар өндірушілерді қолдау бағытында деректермен ауқымды жұмыс жүргізілді. Бүгінде 40-тан астам деректер базасы біріктірілді, бұл базада кәсіпорынға қатысты 2 мыңнан астам көрсеткіш бар. Бұл деректер мемлекеттік қолдау шараларын көрсету үшін пайдаланылып жатыр. Біз деректер базалары мен дәшбордтарды жүктеп, талдамалық анықтамалар, әрекетке ұсыныстар мен көрсеткіштердің өсуіне немесе төмендеуіне әсер еткен факторларды аламыз», деді Ж.Мәдиев.

Мәселен, былтыр отандық тауар өндірушілердің сатып алуы арғы жылмен салыстырғанда 50%-ға өскен. Сонымен қатар жасанды интеллект сатып алуларда 3,5 трлн теңге көлеміндегі қосымша әлеуетті анықтаған. Осылайша, бизнеске жасанды интеллектінің қалай көмектесетіні айқындалды.

Премьер-министр Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне өңір әкімдерімен бірге 2025 жылы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін жасанды интеллект құралдарына оқытуды қолға алуды тапсырды.

Инфографиканы жасаған – Амангелді КИЯС, «EQ»

Ғылым және жоғары білім министрлігі жасанды интеллект бойынша білім беру бағдарламалары мен курстарын дайындауы керек.

Жасанды интеллектіні одан әрі дамыту мақсатында мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріндегі деректер қорының қолжетімділігі жөнінде бірыңғай тәсілдер әзірлеуге ерекше назар аударылды. Цифрлық даму министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен және әкімдіктермен бірлесіп, ақпараттардың дер кезінде беріліп, өзекті әрі дұрыс болуын қамтамасыз ету мақсатында деректерді жинау, сақтау және қорғау жұмыстарын регламенттеу тапсырылды.

ЖИ-ді пайдалануды реттейтін заңнамалық шаралар мен нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау керек. Премьер-министр дербес деректерді қорғау, киберқауіпсіздік, жасанды интеллектіні қолдану арқылы қабылданған шешімдерге жауапкершілік мәселесіне баса назар аударды.

Халықтың ЖИ саласындағы жаңалықтардан хабары аз болуын ескере отырып, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне қолданыстағы цифрлық шешімдерді одан әрі жетілдіру және оларды пайдалану туралы жұртшылықты ақпараттандыру міндеті қойылды. Сонымен қатар мүдделі мемлекеттік органдармен және әкімдіктермен бірлесіп, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын енгізіп, іске асырып жатқан өндіріс орындарын қолдаудың нақты шараларын әзірлеу тапсырылды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі цифрлық ведомствомен бірлесіп Отбасының цифрлық картасында әкімдер рейтингі мониторингінің автоматтандырылған функционалын әзірледі. Талдау әр аудан, қала және облыс бойынша жүргізіліп жатыр. Бұл туралы аталған сала министрі Светлана Жақыпова баяндады.

Төрт айлық жұмыстың нәтижесі Шығыс Қазақстан облысының Риддер қаласының мысалы арқылы көрсетілді. 1 желтоқсанға дейін 3643 әлеуметтік осал отбасы қалды, олардың 270-і D санатынан шықты. Қалада жасанды интеллект әл-ауқатқа әсер ететін ең маңызды 3 факторды анықтады: кірістер, тұрғын үй, жұмысқа орналасу. 177 отбасы жұмысқа орналасу және кірістерін арттыру арқылы жағдайын жақсартты.

Министрдің айтуынша, деректер eOtinish, 109 қызметімен, Отбасының цифрлық картасымен біріктірілген. Жасанды интеллект әлеуметтік осал санаттар бойынша жүгіну салаларын таңдайды. Бұл сотқа дейінгі іс жүргізу, қоғамдық және жол қауіпсіздігі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері, жерге және жерді пайдалануға, сот ісін жүргізуге қатысты мәселелер.

Жасанды интеллект әкімдерге тікелей жұмыс істеу керек мәселелерді де анықтайды. Мысалы, Риддер қаласындағы проблемалар – бұл міндетті зейнетақы жарналарын төлемейтін отбасылардың айтарлықтай саны, бұл жұмыссыздықтың немесе бейресми сектордағы жұмыспен қамтудың жоғары деңгейін көрсетуі мүмкін.

Премьер-министр бұл жағдайдың Қарағанды облысы Осакаров ауданында қалай екенін көрсетуді ұсынды. Осы аумақта қазіргі уақытта әлеуметтік осал санаттағы 2382 отбасы тұрады. Динамика оң. Тәуекел аймағының маңызды факторларының қатарына кірістер мен жұмысқа орналасу кіреді. Білім беру, мемлекеттік басқару, құжаттамалық қамтамасыз ету салаларындағы шағымдар тіркеледі. ЖИ ұсынымдарының бірі – ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының нысаналы бағдарламасын әзірлеп, енгізу. Жаңа жұмыс орындарын, әсіресе тұрақты табыс әкелетін салаларда жұмыс орындарын ашу маңызды бағыт болуға тиіс.

«Бұл біз жүзеге асыра алатын бастапқы кезең. Қазір біздің алдымызда Еңбек тәуекелдерінің картасымен тікелей интеграциялау міндеті тұр, онда әкімге зейнетақы жарналарын аударма, жалақы бойынша берешекке жол беретін кәсіпорындардың нақты атаулары көрсетілетін болады. Сондай-ақ бізде құны 33 млн теңге болатын 755 жобаның инновациялық навигаторы бар, олар 150 мың жұмыс орнын ашу арқылы жүзеге асырылып жатыр», деп атап өтті министр.

Премьер-министр жасанды интеллект беретін ұсыныстарға назар аударды.

«Осакаров ауданындағы жасанды интеллект қазірдің өзінде әлеуметтік жағынан аз қорғалған отбасылармен қалай айналысуға болатыны туралы ұсыныстар беруде. Мұндай ұсынымды барлық әкімге апта сайын жіберіп, ақпаратты автоматты режімде өзектендіру қажет болады. Әр әкім қай жерде қандай проблемалар бар екенін көруге тиіс. Бұл жасанды интеллектіні қолданудың тікелей пайдасы. Оны өздері де талдауға болады, бірақ оған қанша ресурстар мен уақыт қажет», деп түйіндеді О.Бектенов.

Сенім үдесі – жауапкершілік

Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде есеп берді.

Нұрқанат ҚҰЛАБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Кейінгі жылдары облыс өнеркәсібінде ауқымды инвестициялық жобалар іске асырылды. Білім беру, денсаулық сақтау салалары ілгерілеп, халықтың өмір сүру сапасы жақсарып келеді. «Мемлекет басшысы атап өткендей, біз «Мықты өңір – мықты ел» қағидатына сәйкес жұмыс істеуіміз керек. Сондықтан барлық іс-әрекетіміз экономиканың негізгі салаларын тұрақты дамытуға, өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға, бастысы, халықтың өмір сүру сапасын жақсартып, тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталып отыр», деді әкім.

Биыл облыстың негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері жоғары. Ауыл шаруашылығының көрсеткіші 19,4%, құрылыс – 14,1%, жеке инвестициялар – 10,7%, сауда – 9,9%, көлік құрастыру – 5,3%, тұрғын үйлерді пайдалануға беру 4,1 пайызға өскен. Орташа жалақы мөлшері 13,3%-ға жоғарылап, 329 131 теңгеге жеткен. 17 мың жаңа жұмыс орны құрылып, жұмыссыздық деңгейі 4,6 пайызға төмендеген. Тұрмысы төмен, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар да айтарлықтай азайған. Былтыр өңірде 3464 отбасы атаулы әлеуметтік көмек алып келсе, биыл олардың саны 2356-ға дейін кеміген.

Әкім өңір экономикасының әрбір саласына жеке тоқталып өтті. Облыс өнеркәсібінің көлемі бүгінде 2 600 млрд теңгеге жеткен. Тау-кен байыту саласында айтарлықтай өсім бар. Бұл саланы әрі қарай дамыту мақсатында «Қарметтің» Лисаковтағы филиалын қайта жаңғырту көзделіп отыр. Бұған 123 млрд теңге инвестиция тартылады. Жаңа жоба бойынша мұнда жылына 2,5 млн тонна металл өндірілмек.

«Биыл автомобиль өндірісінде 4 жоба іске асырылды. «Hongqi», «Шкода» автокөліктерінің жаңа желісі іске қосылды. «Шевролет оникс» автомобильдерін ұсақ торапты құрастыру жобасы жүзеге асырылды. Бұл ауқымды жобаға 33,7 млрд теңге инвестиция тартылды. Төртінші жоба – пластик бояу цехына 6,7 млрд теңге инвестиция салынды. Бүгінде 100 адам жұмыс істеп жатқан цехта жылына автомобиль өндірісіне қажет 64 мың пластик бұйымдар боялады», деді Қ.Ақсақалов.

Биыл облысқа 500 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылған. Қомақты қаржы индустриялық, инновациялық жобаларды жүзеге асыруға бағытталған. Қостанайда екі бірдей зауыт іске қосылды. Біріншісі – жылына жүк көліктеріне қажет 45 мың тонна құйма өндіретін шойын құю зауыты. Кәсіпорынға 78,2 млрд теңге қаржы салынды. Зауытта қазір 500 адам жұмыс істеп жатыр. Сонымен қатар мұнда жүк техникасының автокомпоненттерін шығару, жүк автомобильдерінің жетекші белдемесінің редукторын оқшаулауды тереңдету жобалары іске асырылып жатыр. Биыл іске қосылған екінші зауыт теміржол вагондарына арналған пружиналарды шығарады.

«Өңірде жалпы сомасы 2,3 трлн теңгеге 38 инвестициялық жобадан тұратын пул қалыптастырылды. Жобаларды жүзеге асыру барысында 9,7 мың жұмыс

орны құрылады. Биылғы инвестиция көлемі былтырмен салыстырғанда 24%-ға артық. Айта кетерлігі, инвестицияның 77%-ы – жекеменшік. Осылайша, екі жылда өңірге 1 млрд доллардан астам тікелей шетелдік инвестиция тартылды», деді өңір басшысы.

Өңірде соңғы екі жыл ішінде 12 индустриялық жоба іске асырылды. Жобаларға 152 млрд теңгенің үстінде инвестиция салынып, екі мың жұмыс орны ашылды. Жаңа ашылып жатқан жұмыс орындарының саны жөнінен облыстағы ең ірі жоба – «KIA» автокөліктерін шығаратын автомобиль зауыты. Кәсіпорын іске қосылған соң 1,5 мың жұмыс орны ашылады. Қазір зауыттың құрылысы қарқынды жүріп жатыр. 2023 жылы қараша айында басталған құрылыс жұмыстары небәрі бір жарым жылдың ішінде аяқталып, келесі жылы алғашқы автомобиль конвейерден шығады деп жоспарланып отыр.

Өңірдің көлік-логистикалық кешенін дамыту мақсатында Қостанайда құрғақ порт салынады. Жобаның қуаттылығы жылына 400 мың контейнерді құрайды. Инвестиция көлемі – 52 млрд теңге. 700 жұмыс орны ашылады. Бұл халықаралық көлік-логистикалық хаб Қостанай облысы арқылы контейнерлік тасымалдау көлемін бес есеге арттыруға мүмкіндік береді.

Несиелендірудің қолжетімділігін арттыру мақсатында 2023 жылы облыста «Бизнес-Көмек» өңірлік бағдарламасы іске қосылған. Аталған бағдарлама Арқалық қаласы мен Жангелді, Амангелді аудандарының кәсіпкерлеріне жылдық сыйақысы 1% болатын несие алу мүмкіндігін береді.

«Бағдарлама нақты экономика секторын қолдауға, экспортты арттыруға бағытталған. Бүгінгі таңда бағдарлама аясында 28 жоба мақұлданып, оның 24-іне несие берілді. Қазір несиелік бағдарламаны Амангелді ауданының кәсіпкерлері тиімді пайдаланып жатыр. Одан кейін Жангелдин ауданы мен Арқалық қаласының кәсіпкерлері алды. Осы несиені алған 16 шаруа қожалығында мал басы екі есе көбейді. Бес-алты фермер мал қорасын салып алды. Арқалықта бір кәсіпкер тігін цехын ашты. Бұл жоба оңтүстік өңірдегі аудандар үшін өте тиімді. Өйткені кәсіпкерлерге қажетті ресурстарға қол жеткізіп, нарықтағы өз позицияларын нығайтуға, аймақтың экономикалық дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді. «Бизнес-Көмек» бастамасы шағын және орта бизнесті қолдау жүйесінің маңызды элементіне айналып, Қостанай облысында өсу мен инвестицияның жаңа көкжиектерін ашты», деді әкім.

Аймақта үш жыл ішінде агроөнеркәсіп кешеніндегі қайта өңделген өнімдер үлесін 70%-ға дейін арттыру туралы Мемлекет басшысының тапсырмасы жоспарлы түрде орындалып жатыр. Осы мақсатта бидайды терең өңдеу зауытын салу жобасы жүзеге асырылды. Зауыт әлемдік нарықта үлкен сұранысқа ие глютен, крахмал, биоэтанол, лизин сияқты бірегей өнімдерді шығаруды жоспарлап отыр. Инвестициялар 70,0 млрд теңгені құрайды, жылына 415,0 мың тонна өңделген бидай өндіретін қуаттылыққа ие болады, 650 жұмыс орны құрылады. Сүт өнімдерін өндіруді арттыру мақсатында алты заманауи жоғары технологиялық сүт-тауар фермаларының құрылысы басталды. Сонымен қатар жылына 10 мың тонна дайын өнім шығаратын 20 жаңа түрдегі ірімшік өндірісі кешені ашылды. Зауыт іске қосылғаннан кейін облыста өңделген сүттің үлесі 60%-ға жетеді. Кәсіпорынға салынған инвестиция көлемі – 7,2 млрд теңге шамасында.

Өңірде табиғи газға сұраныс жоғары, сондықтан көгілдір отын тапшылығы бар. 2019 жылдан бері жаңа тұтынушылар мен кәсіпкерлік нысандарын қосуға рұқсат берілмей отыр. Алайда бұл мәселе шешімін табатын күн алыс емес. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Ақтөбе облысынан Қостанайға дейін магистралдық газ құбырын тарту жоспарланып, оған 500 млрд теңге көлемінде қаржы қарастырылған. «Бұл – Тәуелсіздік алғаннан бергі өңірдегі ең ірі жоба. Ол өмірдің барлық саласына әсер етіп, ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады», деді аймақ басшысы.

Соңғы жылдары Қостанай облысы баламалы энергетиканы дамытуда елеулі қадам жасады. Пайдалануға берілген жаңартылатын энергия көздерінің қуаты екі есеге жуық, 2022 жылғы 50 МВт-дан 2024 жылы 98 МВт-ға артты. Мұндай нәтиже жаңа жел электр стансаларын салу, оны іске қосудың нәтижесінде мүмкін болып отыр.

Биыл өңірдегі жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеуге 36,6 млрд теңге бөлінді. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 2,8 есе көп. Бүгінде Қостанай, Ақмола облыстары арқылы өтетін республикалық маңызы бар «Жезқазған – Петропавл» автожолын жөндеу жұмыстары жүріп жатыр.

«Жобаның жүзеге асырылуы еліміздің оңтүстік аймақтарының көлік-логистикалық әлеуетін арттырып, оңтүстік облыстардан, сондай-ақ Өзбекстан мен Қырғызстаннан Астанаға дейінгі жолды 600 км-ге, Қостанай мен Петропавл қалаларына дейінгі жолды 450 км-ге дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Облыстың көлік инфрақұрылымына 73,8 млрд теңге бөлінді. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 72%-ға көп», деді Қ.Ақсақалов.

Облыста интернет қуаты артып, байланыс сапасы да едәуір жақсарды. 2023 жылы ірі операторлармен интернет сапасы төмен 161 ауылды мобильді 4G байланысымен қамтамасыз ету жөнінде бірлескен әріптестік туралы меморандумға қол қойылған. 1 млрд теңге қаржыға 50 ауылға интернет тарататын антеннадіңгек орнатылды. Алдағы екі жыл ішінде тағы 50 елді мекенді сапалы интернет байланысымен қамтамасыз ету көзделіп отыр.

Қостанай облысы

ЗАН МЕН ТӘРТІП

Адам құқы бала құқынан басталады

1<

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз» деп балалар өмірінің сапасын жақсарту туралы ұдайы айтып келеді. Әр бастама балалар құқын қорғаудың бірыңғай ұлттық стратегиясын әзірлеу және іске асыруға бағытталып отыр. Ұлттық стратегиямыз жас ұрпақ өмірінің заңдық аясын кешенді бағалаудан туындайды. Соның ішінде құқықтық бастамалар озық әлемдік тәжірибе мен еліміздің тарихи, ұлттық, мәдени ерекшеліктері ескеріле отырып жасалады. Яғни мемлекетімізде халықаралық талаптарға сәйкес балалардың құқықтарын қорғау туралы ауқымды ұлттық заңнама қалыптасты және оның негізгі институттары құрылып, ауқымды істер атқарылып жатыр.

Қазақстан тәуелсіздік жылдарында бала құқын қорғауға бағытталған 15 халықаралық шартқа қосылды. Бала құқықтары туралы Конвенцияны 1994 жылғы 8 маусымда ратификациялау нәтижесінде оның толыққанды қатысушысына айналды. Асыл қазынамыз бала құқығын реттеудегі құқықтық жүйеміздің қайнар көздерінің бірі халықаралық нормативтік құжаттар екені анық. Бұл нормаларды ратификациялау, имплементациялау отандық құқық дамуының мазмұнына тікелей әсер етеді. Ал ішкі мемлекеттік заңнама туралы айтар болсақ, балалардың құқықтық жағдайы Ата заңымызда, «Неке және отбасы туралы» кодексте, «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы» және басқа да бірқатар нормативтік-құқықтық актіде айқындалған.

Еліміздегі заң шығару үдерістері барысында балалар құқын қорғаудың мәні жаңа мазмұнға ие болып келеді. Мемлекет басшысының балалар құқын жан-жақты қорғау туралы тапсырмаларын іске асыру барысында кейінгі жылдың өзінде бірнеше заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бала құқықтары туралы конвенцияға хабарлар рәсіміне қатысты факультативтік хаттама ратификацияланды. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдары мемлекеттік отбасы саясатының құқықтық, әлеуметтік, институционалдық секілді тағы бірнеше негізін жетілдіруге сеп болды. Сонымен қатар ана мен бала құқықтарын қорғау, олардың өмірі мен денсаулығына қарсы бағытталған іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілікті күшейту, балаға қарсы буллинг, кибербуллингке әкімшілік жауапкершілік енгізуге, сондай-ақ профилактикалық және реттеуші тетіктер кешенін белгілеуге бағытталды.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілі ұғымын енгізу және оның өкілеттіктерін заңдық деңгейде бекітуді де атап өтуіміз керек. Қорғаншылық және қамқоршылық органдары штаты 500 адамнан 1 350-ге баланы қорғау жүйесін күшейтуге септігін тигізді. Құқық бұзушылыққа байланысты бірнеше әкімшілік жауапкершілік Қылмыстық кодекске ауыстырылды.

Қазір Парламентте: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік наградалар, білім беру және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» маңызды заң қаралып жатыр. Құжатпен 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарын лицензиялау тәртібін енгізу қарастырылған. Бұл жаңашылдық балалардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді күшейтіп, балабақша жұмысының сапасын арттырады деп сенеміз. Тағы бір жаңашылдық – жекеменшік білім беру мекемелерінде оқып жүрген белгілі бір әлеуметтік санаттағы балаларға тамақтануға, оқулыққа, мектеп формасын алуға қаржы бөлуге жергілікті атқару органдарының құзыреті заңмен бекітілді.

Заңда жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қабылдайтын кәсіби отбасы институтын енгізу көзделіп отыр. Бұл – балалардың әлеуметтік тұрғыда өмірге бейімделуіне, отбасылық ортада тәлім-тәрбие алуды қамтамасыз ететін тетік. Дегенмен бақытты балалықтың шын ошағы – өз ата-анасы, отбасы. Бала тәрбиесіне келгенде мемлекеттік саясаттың қуаты отбасының шуағымен нақтыланады. Әрбір жас отбасын құруға үлкен жауапкершілікпен келу керек. Жаһандық үдеріспен қоғамда отбасының аралас, толық емес, моногамия, полигамия, нуклеар сияқты түрлері кездесе бастады. Ал дәстүрлі қазақ қоғамында ел алдындағы абыройдың бірден-бір көрінісі болатын үлгілі әулет пен қара шаңырақ, жарасымды жанұя ұғымдарының орны ерекше. Қашанда ынтымағы жарасқан, өзара тату-тәтті, үйлесімді отбасы қазақ қоғамының құты болған. Бірақ шайқалған шаңырақтар саны азаймай тұр. Ең жақсы көретін екі адамның екі жаққа кетуі бала психологиясына үлкен әсер етеді. Тән жарасы жазылар, жан жарасын қайтеміз? Үйдегі зорлық-зомбылық, адамның құқығына нұқсан келтіретін іс-әрекеттердің жиілеуі елдік мүддемізге сын.

Тәрбиелі бала – бағымыз, тәрбиесіз бала – сорымыз. Бұл үлкендерге тәрбиені өзімізден бастағанымыз жөн болатынын ұғындыра түседі. Ұяда дұрыс қанаттанбаған түзу ұша алмас. «Баланы мен таптым, мемлекет асырасын, мектеп тәрбиелесін» деп қол қусырып отырудың арты орны толмас зардапқа ұрындыруы ықтимал. Уақыт өте келе баланың бұрыс жолға түскеніне кімді кінәлаймыз? Сондықтан да неке-отбасы заңнамасының негіздері неке және отбасы, әке болу, ана мен бала институтын нығайтуға негізделген дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қорғау, сақтау, нығайту және ілгерілету қағидаттарымен толықтырылып келеді.

Алда қабылданатын заңдар да технологиялық даму пен өмірдің жаңа талаптарына жауап бере алатындай болғаны жөн. Бала құқығын қорғауға арналған мәселелерді үздіксіз шешу үшін қоғамның, мемлекеттің, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың барлық саласының өзара бірлігі маңызды. Бұл үшін алғышарттар да бар. «Балалар құқығы туралы конвенция – халықаралық деңгейдегі балалар конституциясы» деп бекер айтылмаса керек. Сондықтан бала құқықтары – жоғары құндылық, оны құрметтеу, сақтау және қорғау баршамыздың ортақ міндетіміз. Өзара тығыз байланыс қана балалардың мүддесі мен құқықтарын қорғауға мүмкіндік бере алмақ.

Наурызбай БАЙҚАДАМОВ,
Парламент Сенатының депутаты

Жаңа бастама жемқорлықтың алдын ала ма?

Заң мен тәртіп қағидаты берік орныққан қоғам құру ең алдымен жеңіл ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестен басталса керек. Бұл тұрғыда елімізде қоғам жегіқұртының жолын кесуге бағытталған шаралар қабылданып жатыр.

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Ел ішінде лауазымды тұлғалардың көптеп-көлемдеп парамен ұсталып жатуы көздеген мақсатқа жету үшін алдымызда әлі талай соқтықпалы-соқпақты жол күтіп тұрғанын аңғартады. Осы орайда заң мен тәртіп қағидатын орнықтыру мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі парақорлыққа қарсы күрес жолында жүйелі жұмыс жүргізіп жатыр.

Агенттіктің мәліметінше, Қостанай қаласы №2 сотының үкімімен Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің төрағасы Д.Әбдікәрімов алдағы 3,5 жыл өмірін қауіпсіздігі орташа түзеу мекемесінде өткізетін болды. Бұл – өткен аптада болған жағдай. Аталған азамат жеке компанияның басшысы С.Оспановтан шегірткеге қарсы пестицидтерді жеткізу жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу шартын жасағаны үшін 4,4 млн теңге сомасында пара алғаны үшін кінәлі деп танылған. Сот С.Оспановқа да 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындап отыр. Сонымен қатар екі азаматқа мемлекеттік қызметте және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде қызмет атқаруға өмір бойына тыйым салынады. Үкім әлі заңды күшіне енген жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі таратқан мәліметке қарағанда, өткен аптада Шымкент қалалық Қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясына қатысты тергеу аяқталған. Өзге азаматтар жемқорлық сынды құқық бұзушылықтарға барса, оған таңғалмайтын жағдайға жеткеніміз рас. Ал өзі қылмысқа қарсы күресетін мекемеде жұмыс істеп жүрген лауазымды тұлғалардың заңға қайшы әрекетке баруы жемқорлық індетінің тым тамыр жайып кеткенін аңғартады. Аталған судьямен қатар, басқа да бірқатар адамға қатысты тергеу мәресіне жетті. Олар алаяқтық жасады және үкім шығарған кезде жазасын жеңілдету үшін сотталушының жұбайын 110 млн теңге мөлшерінде пара беруге итермеледі деп айыпталып отыр. Бас прокуратура 5 желтоқсанда қылмыстық істі сотқа жолдады. Қылмыстық-процестік кодекстің 201-бабына сәйкес, бұдан өзге ақпарат әзірге жария етуге жатпайды.

Жалпы, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қылмысқа баруы тек бұл оқиғамен шектелмейді. Өткен аптада Маңғыстау облысы Ақтау қалалық сотының төрағасы мен жеке сот орындаушысына қатысты да тергеу аяқталғанын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мәлім етті. Қолда бар деректерге қарағанда, олар алаяқтық жасады және сотталушыны үкім шығарған кезде жазасын жеңілдету үшін 20 млн теңге көлемінде пара беруге итермеледі деп айыпталып отыр. Бұл істі де Бас прокуратура 5 желтоқсанда сотқа жолдаған.

Шымкенттегі судьяның ісіне өте ұқсас қылмыс. Ал мұндай құқыққа қайшы әрекеттер тек Шымкент пен Маңғыстауда ғана жасалып жатыр дегенге сенеміз бе? Антикор бұл бағытта әлі де болса кеңінен тексеру жұмыстарын қолға алса игі.

Мемлекет басшысы алға қойған негізгі міндеттің бірі – халықтың әлеуметтік осал топтарына қолдау білдіру. Бұл жұмыс арнайы мемлекеттік мекемелерге жүктелген. Өкініштісі, мүгедектігі бар адамдардың өмірін жеңілдету үшін еңбектеніп жатқан мемлекеттік қызметкерлердің арасында да жемқорлық қылмыстары жасалып жатқанын көргенде жағаңды ұстайсың.

Нақтырақ айтсақ, өткен аптада Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің қалалық департаменті бөлім басшысының міндетін атқарушыға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтады. Ол мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарынан мүгедектік топтарын белгілеу үшін жалпы сомасы 850 мың теңге пара алды деп айыпталып отыр. Пара ретінде берілген ақша қалалық емханалардың бірінде жұмыс істейтін медбике арқылы алынған. Қазір қала прокуратурасы айыпталушыларды сотқа берді.

Тағы бір оқиғада, Бас прокуратура таратқан мәліметке қарағанда, Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданының прокуратурасы мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың тіркелгені туралы жалған мәліметтердің енгізілгенін анықтаған. Тексеру барысында

Коллажды жасаған – Қонысбай ШЕЖІМБАЙ, «EQ»

мемлекет бюджетінен бөлінген 8 млн теңгеден аса қаражатты заңсыз пайдалану фактілері анықталып отыр. Мысалы, қайбір жекеменшік мекеме Білім басқармасына балабақшаға бармаған балалардың білім алып жатқаны туралы жалған мәліметтер ұсынып, мемлекет қаражатын өз бетінше пайдаланған. Шымкент қаласының қылмыстық істер бойынша ауданаралық сотының үкімімен балабақша құрылтайшылары алаяқтық жасағаны үшін әртүрлі жазаларға тартылып, мемлекетке келтірілген залалды толығымен қайтарды. Бұл бағытта жұмыстар жалғасып жатыр.

Жалпы, бұл жайттардың бәрін тізбелеп айтып отырғандағы мақсат – кез келген адам жасалған қылмыс ерте ме, кеш пе ашылатынын, ешкім де жазасыз қалмайтынын, уақыты келгенде заңнан аттаған жанның бәрі сазайын тартатынын білуі керек. Жоғарыда жемқорларды құрықтау үшін құқық қорғау органдары тарапынан түрлі шара қабылданып жатқанын айттық. Сондай-ақ мемлекеттік органдардың бюджетті игеруі кезінде сыбайлас жемқорлыққа жол берілмеуі үшін де бір айрықша әдіс қолға алынған. Бұл – «ақшаны бояу» деп аталатын жоба.

«Цифрлық теңге» платформасында іске асырылатын бұл тетік қаражатты жұмсау кезінде ашықтықты қамтамасыз етудің және жемқорлық тәуекелдерін азайтудың маңызды құралы деп бағаланып отыр. Мұнда бюджеттік ақшаны бөлуден бастап толық игеруге дейінгі барлық кезеңде пайдаланылуын бақылауға мүмкіндік бар. Нақтырақ айтар болсақ, әрбір теңгеге бірегей цифрлық белгі беріледі. Бұл оны орта жолдан жымқыруға тосқауыл болады және бюджет қаражатын мақсатты жолға пайдалануға ықпал етеді.

Өткен аптада Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі ұйымдастырған ведомствоаралық кеңесте Парламент депутаттары, Ұлттық банк, Қаржы, Көлік, Өнеркәсіп және құрылыс, Ауыл шаруашылығы министрліктерінің, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдері аталған жобаны талқылады. Қазіргі таңда оны іске асыру ауыл шаруашылығы, автокөлік және теміржол құрылысы сияқты стратегиялық маңызды секторларда басталған.

Атап айтқанда, Ақмола облысында «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ауыл шаруашылығы малдарын сатып алуға микронесие беру және техника шығындарын субсидиялауда, сондай-ақ Атырау облысында құны 2,1 млрд теңге болатын «Мұқыр – Құлсары» автожол учаскесі мен Қарағанды облысында 160 млрд теңгеге бағаланған «Достық – Мойынты» теміржол учаскесі құрылысында бұл тетік сынақтан өтіп жатыр.

Ведомствоаралық кеңеске қатысушылар жобаның табысты жүзеге асуы үшін мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен толыққанды біріктірілуі қажет екенін атап өтті. Бұл бюджет қаражатының нақты пайдаланылуын бақылауды едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар «ақшаны бояу» тетігін қолданудың нәтижелері және оны одан әрі жетілдіру келешегі кеңінен талқыланды.

2024: ЖЫЛ ЖЕТІСТІГІ

Тасқынды көп болып еңсердік

Биыл көктемде күн райының күрт өзгеруіне байланысты еліміздің біраз аумағында ағыны қатты өзендер арнасынан асып, су қоймалары әдеттегіден ерте толды. Сөйтіп, он облыстың аумағын су басып, төтенше жағдай жарияланды. Беріктік пен бірлік сынға түскен тасқын кезінде ІІМ, ТЖМ, басқа да мемлекеттік органдардың күш-қуаты апаттық-құтқару жұмыстарын жедел жүргізуге жұмылдырылды. Сонымен бірге бұл сынақ ел мен еріктілердің басын біріктірді.

Бақытбек ҚАДЫР,
«Egemen Qazaqstan»

Қызметкерлер мен еріктілердің ерлігі мен кәсіпқойлығының арқасында адам өмірін сақтау, мал-мүлікті қорғау бағытындағы жұмыстар жүйелі жүргізілді. Су тасқынының зардаптарын жою жөніндегі іс-шаралар да абыроймен атқарылды. Соның нәтижесінде қираған баспаналардың орнына жаңа үйлер салынды. Су тасқынынан зардап шеккен отбасыларға барлық қажетті көмек көрсетіліп, үйінен айырылғандар жаңа баспананың кілтіне ие болды.

Елдегі су тасқыны көлемі жағынан соңғы 80 жылдағы ең ірі табиғи апат. Құтқарушылар мен күштік құрылымдар, еріктілер мен жергілікті жұртшылық ел болып жұмыла кіріскен жұмыстың нәтижесінде бірқатар елді мекендердің су басуын алдын алу мүмкін болды. Табиғи апаттың алғашқы күндерінен бастап Ұлттық еріктілер желісі белсенділік танытты, 50 мыңнан астам ерікті азамат қайырымдылық керуендерін ұйымдастыруға белсене атсалысты.

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жүректен жүрекке» акциясы қайырымдылық көмекке ерекше үлес қосты. Forbes тізіміне енген 18-ге жуық ірі компаниялар мен кәсіпкерлер бұзылған-бүлінген үйлерді, бизнесті қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге кірісті. Сонымен қатар олар зардап шеккендерге көмек көрсету мақсатында әр өңірге жұмылдырылды.

Үкімет шілде айында алапат су тасқынынан кейін шағын және орта бизнестің мүлікке қатысты шығындарын өтеуге өз резервінен 12 млрд теңгеден астам қаржы бөлу туралы қаулы қабылдады.

Ресми дерекке сәйкес, елде болған ауқымды су тасқынынан зардап шеккен 7 393 отбасы баспаналы болды. Оның ішінде 5 313 нысан сатып алынды, 2 080 үй жаңадан салынды. 9 147 өтініш берушіге жалпы көлемі 53,5 млрд теңге тұрғын үйді жөндеуге, қайта қалпына келтіруге өтемақы берілді. Сонымен қатар 34 247 отбасына 12 627,7 млн теңге 100 АЕК мөлшерінде біржолғы өтемақы төленді. Су шайып кеткен тұрмысқа қажетті заттарын сатып алуға 21 880 отбасына 150 АЕК көлемінде, 9 994 млн теңге қосымша төлем жасалды.

Су тасқынынан кейін салада көптеген өзгеріс болды. Мәселен, биыл еліміздің су ресурстарын басқару жүйесін реформалауда елеулі қадам жасалды. Бұл өзгерістер суды тұрақты, тиімді пайдалануға, сондай-ақ климаттың өзгеруі жағдайында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталды. Еліміздің су шаруашылығы нысандары суды өткізу міндетін ойдағыдай орындады. Суды экожүйелер мен ауыл шаруашылығына бағыттай отырып, су қоймаларын толтыруға мүмкіндік берді. Егер өткен жылы су қоймаларынан жалпы су жіберу бүкіл су тасқыны кезеңінде шамамен 13 млрд текше метрді құраса, биыл 1 айда су қоймаларынан жалпы су жіберу көлемі 36 млрд текше метрді құрады. Бұл да болса су тасқынының ауқымдылығын көрсетеді. Биыл елімізде тұңғыш рет Мәжіліс жаңа Су кодексінің жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.

«Құжатқа судың зиянды әсерінің алдын алуға, оның ішінде жерүсті су нысандарын қалпына келтіруге, су тасқынынан қорғаудың инженерлік жүйелерін құруға бағытталған нормалар енгізіледі. Кодекс 121 баптан, 14 тараудан, 6 бөлімнен тұрады. Осы заңнама жобасы аясында 4 кодекске, 9 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі», дейді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

Ресми мәліметке сәйкес, су тасқыны басталғаннан бері барлығы 12 086 тұрғын үй мен 22 723 саяжай су астында қалды. Бұған қоса мал-мүлкі суға кетіп, бизнесі зардап шеккендер де бар. Дегенмен орнында бар оңалды. Үкімет халыққа берген уәдесі толықтай орындалды деуге негіз бар. Қыркүйек-қазан айларына дейін барлық зардап шеккен тұрғындар қалыпты тірліктеріне қайта оралды. Қиындық артта қалды. Тек мұның салдары сабақ болып, сақтық, алдын алу амалдары жетілдіріле беруі керек.

«Таза Қазақстан» – экологиялық бірегей жоба

1 <

Бір жыл ішінде чатбот арқылы 7 929 өтінім түсті. Оның ішінде – 7 061 өтінім орындалды, 168 өтінім орындалу үстінде, 23 өтінім қаралып жатыр, 674 өтінім кері қайтарылды. Ең жиі жасалған өтінімдер: аумақтарды жинау – 2 142 өтінім, тұрмыстық қоқыстарды шығару – 668 өтінім, көшелерді абаттандыру – 648 өтінім, жолдарды жөндеу – 595 өтінім. Чатбот экологиялық мәселелерді жедел шешуге ықпал ете отырып, азаматтар мен мемлекет арасындағы диалогтің тиімді құралына айналды.

Акцияның басты нәтижелерінің бірі – қоғамның түрлі топтарының бірігуі, бірлесіп жұмыс істеуі болды. Науқанға мемлекет, жергілікті билік органдары, мектептер, студенттер, кәсіпорын-мекемелер, қарапайым азаматтар белсене қатысып, барлық аймақтарда тазалық жұмыстары тыңғылықты жүргізілді.

Акция барысында табиғатты қорғау мәселесі кеңінен насихатталды. Қоқысты дұрыс тастау, қайта өңдеуге арналған контейнерлерді пайдалану, ауланы тазарту, басқа да экологиялық шаралар туралы ақпараттық жұмыстар атқарылды.

Тазалық жұмыстары, сенбіліктер кезінде қоқысты сұрыптау, қайта өңдеу мәселесі ерекше назарда болды. Экологиялық инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Қоқыс жинау пункттері мен қайта өңдеу орталықтары көбейді. Қоқысты сұрыптау мәдениеті тек қалаларда ғана емес, ауылдық жерлерде де кеңінен тарала бастады.

Акция табиғатқа зиян келтіретін факторлармен күресуге, оның ішінде заңсыз қоқыс төгу, орманның жойылуы, су көздерінің ластануы сияқты мәселелерге қарсы бағытталды. Жергілікті билік органдары мен құқық қорғау органдарының экологиялық заңнаманы бақылау мен орындауға қатысты белсенділігі артты.

Акцияның тағы бір жетістігі, жас ұрпақты экологиялық мәселелерге жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу болды. Бұл шаралар мектептер мен оқу орындарында экологиялық тәрбие беру, балаларды табиғатқа деген сүйіспеншілікке баулу арқылы жүзеге асты.

Қол жеткізілген нәтижелерді нығайту, экологиялық сананы ұзақ мерзімге қалыптастыру мақсатында жақында «Халықтың экологиялық мәдениетін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасы» бекітілді. Құжат экологиялық саясаттың негізгі бағыттарын анықтайды.

«Таза Қазақстан» акциясы аумақтарды тазалаудан әлдеқайда ауқымды іс-шаралар шеңберін қамтиды. Бұл – азаматтардың, бизнестің, мемлекеттік құрылымдардың, қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін біріктіретін, экологиялық тұрғыда саналы өмір салтын насихаттайтын қуатты қозғалыс. Басты тағылымы – тек тазарту ғана емес, сонымен қатар экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоғамды ортақ жауапкершілікке тәрбиелеу, қоршаған ортаны қорғауға деген жанашырлықты арттыру. Бастама баршаны біріктіріп, экологиялық мәселелерге деген көзқарасты өзгертуге ықпал етті. Келесі жылы да аумақтарды көгалдандыру, абаттандыруға жөнінде ауқымды акциялар өткізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ шығарындыларды азайту, экологиялық стандарттарды бақылауға қатысты ведомствоаралық өзара іс-қимыл шаралары күшейтілетін болады.

Туризм табысы еселенді

Биыл қазақ даласының көркті орындарын аралап, көркем мекеніне табаны тиген шетелдік туристердің саны былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда екі есеге артты.

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Астанада «Қазақстан туризмінің болашағы: стратегиялар, сын-қатерлер және шешімдер» атты сессия өтті. Шарада саладағы негізгі сын-қатер талқыланып, биылғы жетістігі сараланды, келер жылдың даму жоспары айқындалды. Сессияға Үкімет аппараты мен Сыртқы істер министрлігінің өкілдері, «Kazakh Tourism, Kazakh Invest» ұлттық компанияларының басшылары, туристік индустрияның жетекшілері, шетелдік сарапшылар қатысты. «Marriott International, Gratiya Advisory» сынды әлеуетті компаниялардың өкілдері сөз сөйлеп, әлемдік тәжірибенің ілкімді жобаларымен бөлісті.

Келелі кеңес барысында саланың 2024 жылғы жұмысы қорытындыланды. Биыл шетелдік туристер ағыны 11,5 миллион адамға жетіп, 2023 жылмен салыстырғанда екі есеге артты. Меймандарды қарсы алу, орналастыру, қызмет көрсету орындарының табысы 27%-ға артып, 224 миллиард теңгеге жетті. Әлемдік туризм нарығында еліміздің имиджін нығайтуға ықпал еткен «Қазақстан бойынша гид» атты ауқымды конкурс аясында жарнамалық жобалар жүзеге асырылды.

Туризм және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаев саланың өрісін кеңейту бағытында атқаратын шаруа әлі де шашетектен екенін мәлім етті. «Жыл басынан бастап жеке инвесторлар мен кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыруға назар аудару қажет. Сонымен қатар туристік салаға тікелей шетелдік инвесторларды тарту жөніндегі жұмыстарды жандандыру керек. Бұдан бөлек, курорттық аймақтардың инженерлік-инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуін жақсарту, соның ішінде жолдар, электрмен қамтамасыз ету, су құбыры жүйелеріне қатысты қажетті нормативтік-құқықтық актілер мен заңнамаға өзгерістер енгізудің маңызы жоғары», деді Е.Еркінбаев.

Туризм саласын ел экономикасының күре тамырына айналдыруда мемлекеттік қолдау механизмдерін жетілдіріп, инвестиция тарту қашанда өзекті. Жиынды қорытындылай келіп, қатысушылар еліміздің туризм саласын дамыту бағытындағы нақты қадамдарды айқындап, «Kazakh Tourism» функцияларын жетілдіру, жаңа қаржыландыру тетіктерін енгізу, еліміздің халықаралық туристік алаңдағы орнын нығайту мәселелерін нақтылады.

Ішкі туризмнің де әлеуеті артып келеді. Биыл 6 миллиннон астам туристен 224 млрд теңге кіріс кірген. Туристерді орналастыру нысандарының саны 306 бірлікке артып, 4 315-ге дейін ұлғайды, олардың сыйымдылығы 18 мың төсек-орынға толығып, 226 мыңға жетті. Бұл еліміздің ішкі және сырттан келетін туристерін қабылдауға әлеуеті жеткілікті екенін айқындай түседі.

Туристік салаға инвестиция тарту да қарқын алып келеді. Биылғы 10 айда оның көлемі 33,6% -ға артып, 668,1 миллиард теңгеге жетті. Негізгі жобалардың ішінде құны 194 миллиард теңге «Астананың туристік ауданы» жөні бөлек. Аяқталуы 2026 жылға жоспарланған жоба толық іске қосылғанда 2 мыңға жуық жұмыс орнын ашады, жылына 10 миллиард теңге салық түсімін аударады.

Екінші ірі жоба – Маңғыстау облысындағы Каспий ривьерасы. Бірнеше бастама аясында «Жылы жағажай» аумағын кешенді игеру қолға алынбақ. Нәтижесінде, жағажай курорты, гольф-отель, виллалар кешені, аквапарк, ойын-сауық орталығы ашылады. Жобаның жалпы құны – 137,4 млрд теңге. Жоспарлы іске асыру мерзімі – 2026 жыл.

Туристік саланы Үкімет тарапынан демеу күшейтіліп келеді, биыл мемлекеттік қолдаумен мақұлданған өтінімдер көлемі 3 есеге артты. 37 туристік нысанға, 6 туристік автобус сатып алуға 2,1 млрд теңге бөлінді.

Халықаралық ынтымақтастық қашанда маңызды. Биыл Қытайда Қазақстан туризмі жылы жарияланып, осы елдің ірі қалаларында 30-дан астам іс-шара ұйымдастырылды. Сондай-ақ Астанада өткен V Дүниежүзілік көшпелілер ойындары әлемдік деңгейдегі оқиға болды. Дүбірлі аламанға 89 елден 2 700 қатысушы келді. «Астана-Арена» стадионы, «Қазанат» ипподромы сынды спорт нысандарын жаңарту қаланың инфрақұрылымын жақсартып, туристік әлеуетін нығайта түсті. Биыл ауылдық туризмді дамытуда ұжымдық еңбек еленіп, Алматы облысы, Кеген ауданындағы Саты ауылына «Best Tourism Village Award» сыйлығы берілді. Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданының жобасына халықаралық ITB Berlin 2024 конкурсында үшінші орын бұйырды.

Салада жыл соңына дейін жалпы құны 120,4 млрд теңге болатын 119 инвестициялық жоба аяқталмақ. Нәтижесінде, 1 319 жұмыс орны ашылады.

Суретті түсірген – Ерлан ОМАР, «ЕҚ»

СЕРПІНДІЛІК СТРАТЕГИЯСЫ

Шаруаларды қолдау жалғасады

«Аграрлық несие корпорациясы» ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау мақсатында «Кең дала 2» бағдарламасын жүзеге асырып жатқаны белгілі. 2024 жылдың 24 желтоқсанындағы жағдай бойынша корпорация 1 098 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіден шамамен 135,8 млрд теңгенің өтінімін қабылдап, 378 фермерге 39,047 млрд қаржы берілген.

Абай АЙМАҒАМБЕТ,
«Egemen Qazaqstan»

«Биыл алғаш рет көктемгі егін егу мен күзгі жиын-терім жұмыстарын қаржыландыру ерте басталды. Бұл – фермерлердің тұқым мен тыңайтқыштарды алдын-ала сатып алуына және техникаларын ерте дайындауларына мүмкіндік береді. Бұрын-соңды болмаған мұндай мүмкіндік мемлекеттік қолдау шаралары мен нарық көздерінен қаражат тартудың арқасында іске асырылып жатыр», деп атап өтті «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ басқарма төрағасы Алмат Әшірбеков.

Биыл «Аграрлық несие корпорациясы» көктемгі егін егу мен күзгі жиын-терім жұмысына 320 млрд теңге бөлген болатын. Бұл алдыңғы жылдары берілген 140 млрд теңгемен салыстырғанда әлдеқайда жоғары көрсеткіш. Президент тапсырмасын орындау аясында Үкіметтің қолдауымен 2025 жылдың көктемгі егін егу мен күзгі жиын-терім жұмысына 700 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінетін болады. Оның 560 млрд теңгесіне жуығын «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен «Аграрлық несие корпорациясы» нарықтық капитал көздерінен тартады. Биыл жыл соңына дейін игеру үшін 100 млрд теңге қаржы бөлініп, фермерлерге беріліп жатыр.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мемлекеттік қолдау шараларының арқасында барынша қолайлы жағдайда жедел қаржылық қолдауға ие болады. Сонымен қатар несиені рәсімдеу, кейін өтеу кезінде фермерлерге ыңғайлы болу үшін олар жүгінетін қаржы институттарының саны артып келеді. Мәселен, несиені екінші деңгейлі банктер, несиелік серіктестіктер, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы және «Аграрлық несие корпорациясынан» рәсімдеуге болады.

Айта кетейік, фермерлер үшін «Кең дала 2» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген сыйақы мөлшерлемесі жылдық 5% деңгейінде сақталды. Сондай-ақ көбіне агроөнеркәсіп кешенінің субъектілері несие қаражатын алар кезде кепілдігінің жетіспеушілігі проблемасына тап болады. Бұл мәселені ауыл шаруашылығы саласының барлық кәсіпкері мен қоғамдық ұйымдар айтып келеді. Мемлекеттік қолдау тетігіне сәйкес, «Кең дала 2» бағдарламасы бойынша қарыз сомасының 85%-ына «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры кепілдік береді.

Батыс Қазақстан облысындағы «Жаңа әлем» шаруа қожалығының басшысы Анатолий Кан да «Кең дала 2» бағдарламасы бойынша алғашқылардың бірі болып несие алған. Ол ерте берілген несиенің тиімділігін айтты.

«Алғашқылардың бірі болып несие алдым. Бұл қаржыға алдымен тұқым сатып аламын. Биыл «Кең дала 2» бағдарламасы ерте басталды. Бұл фермерлерге өте ыңғайлы болды. Жанар-жағар май, тұқым, тыңайтқыш, техниканы қыс бойы қамдап, егін егу науқанына сақадай-сай дайындаламыз. Бұл бағдарламаның артықшылығы – несие тікелей 5%-бен беріліп жатыр. Фермерлер субсидия аламыз деп ешқайда сабылмайды. Оның үстіне, кепіл мүлігі жетпейтін шаруалар «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының 85% кепілдігін алады. Яғни фермер алатын сомасының 15%-ына кепілдік қойса болғаны. Бұл – үлкен мемлекеттік қолдау», дейді Анатолий Кан.

Мәселен, «Айболат» шаруа қожалығы 154 гектар жерге дәнді дақыл егеді. Шаруа биыл мемлекеттік қолдаудың арқасында жерін дайындап, қажетті тұқым мен тыңайтқыштар алған. Бітік шыққан егін есебінен «Аграрлық несие корпорациясының» алдындағы қарызын уақытынан бұрын өтеуге мүмкіндік туғанын айтады. Енді көктемге «Кең дала 2» бағдарламасымен тағы қаржы алып, қар жаумай қамданып отыр.

«Кең дала 2» бағдарламасы бойынша несие беру ерте басталғаны шаруаларға өте тиімді болып тұр. Себебі дизель отынын, тұқымды, тыңайтқыштар мен зиянкестерге қарсы себетін дәрілерімізді ертерек сатып алатын болдық. Егер көктемге қалатын болсақ, олардың бағасы қымбаттап кететін еді. Қазір арзан кезінде сатып алуымызға мүмкіндік бар. Бұл біз сияқты егін егетін шаруаларға үлкен қолдау», дейді Шымкенттегі «Айболат» шаруа қожалығының басшысы Бекболат Күзембаев.

Кеңес алу үшін және «Кең дала 2» бағдарламасына өтінім беру үшін «Аграрлық несие корпорациясының» аймақтардағы филиалдарына бару қажет. Қосымша ақпаратты Agrocredit.kz сайтынан алуға болады және Kcell, Activ, Beeline абоненттері үшін 5353 Call center нөмірі, Tele 2, Altel үшін 8 701 006 19 91 телефон нөмірі жұмыс істейді.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Елімізде зейнетақы өседі

Президент тапсырмасына сәйкес, алдағы 2 жылда зейнетақы мөлшері 1,7 есе өсуі керек. Сол себепті, мемлекет жаңа жылдан бастап төлемдерді қайта қарастырып, индексация жүргізуді жоспарлап отыр. Келер жылы зейнетақы мөлшері 8,5%-ға өспек.

Елігімай ТӨҢКЕР,
«Egemen Qazaqstan»

Алдымызда 2027 жылға дейін зейнетақының ең төменгі базалық мөлшерлемесін, ең төменгі күнкөріс деңгейін 70%-ға, ал жоғарғы шегін 120%-ға жеткізу мақсаты тұр. Орындалуы үшін сатылы қадамдар легі басталып кетті. 2025 жылы айлық есептік көрсеткіш мөлшері 240 теңгеге көбеймек. Яғни 3 692 теңгеден 3 932 теңгеге көтеріледі. Сәйкесінше, мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақы мен зейнетақы көлемі де ұлғаймақ. Үкімет зейнетақы төлемдерін ел тұрғындарының жасы мен еңбек еткен жылдарына қарай 8,5%-ға дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр.

Нақты айтар болсақ, зейнетақының ең төменгі мөлшері – 62 771 теңге болды. Қазір – 57 853 теңге. Базалық зейнетақы 28 215 теңгеден 32 360 теңгеге өседі. Ең төменгі күнкөріс деңгейі 43 407 теңгеден 46 228 теңгеге көбейеді. Ал ең төменгі жалақы деңгейі еш өзгеріссіз қалмақ. Яғни 85 мың теңгені қанағат тұтамыз. Келер жылға республикалық бюджеттің біршамасы белгіленіп те қойды. Әлеуметтік төлемдердің 42 түріне 6 трлн теңгеден астам шығыс көзделді. Биылмен салыстырғанда 12,5%-ға өседі.

Еске сала кетейік, қазір елімізде 2 млн 400 мыңнан астам зейнеткер бар. Оларға жыл басынан бері республикалық бюджеттен 3,5 трлн теңгеге жуық зейнетақы төленді. Оның ішінде, базалық зейнетақыға 1 трлн 82 млрд теңге, ынтымақты зейнетақы төлеуге 2 трлн 355 млрд теңге бөлінген. Ал жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 131 556 теңгеге жетті.

2018 жылдан бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі әр адамға жеке-жеке тағайындалып келеді. Яғни азаматтың зейнетақы жүйесіндегі өтілі ескеріледі. Оны заңда белгіленген нормаларға сәйкес, өз қалауынша шешіп алуға да болады. Кейінгі уақытта қордан ақша шешу қарқыны үдей түсті. Өткен айда жинақтарын шешіп алғандар саны айтарлықтай артқан. Көбі шоттағы ақшасын тұрғын үй жағдайын жақсартуға жұмсаған. Бұған 56 мыңдай өтініш түскен. Қазан айымен салыстырған 25%-ға артық. Жалпы, барлығы 46,3 млрд теңгеге жеткен. Ал емделуге 21 мыңға жуық өтініш келген. Бұған қордан 20,5 млрд теңге аударылды.

Бас банктің хабарлауынша, биыл қарашада БЖЗҚ-ға аударымдар 20,7 трлн теңгеге жеткен. 31 жастан 40 жасқа дейінгі салымшыларда жинақтардың ең көп көлемі 6,02 трлн теңге болып отыр. Осы топқа жататындар саны 3 млн-нан көп. Ал 41 жастан 50 жасқа дейінгі отандастарымызда 5,95 трлн теңге болған. Мұндай 2,4 млн шот бар. Бәрінен бұрын 51 мен 60 жасқа дейінгілер көп ақша жинаған – 5,2 трлн теңге. Қызығы, ең аз зейнетақы жинақтары егде жастағыларға тиесілі екен. 71-80 жастағы салымшылардың шоттарында 8,9 млрд теңге, 81 жастан асқандарда 1,6 млрд теңге бар.

Айтпақшы, зейнетақы жинағына мұқият болған абзал. Бұлай дейтін себебіміз, кейінгі кездері осыған қатысты жалған, қауіпті ақпараттар жиі тарап жүр. Әлеуметтік желілерде, онлайн-хабарландыру платформаларында ең төменгі жеткіліктілік шегінен (ТЖШ) асатын зейнетақы жинағын алуға көмектесемін деген ұсыныстар қаптаған. Оны тек зейнет жасына толғанда, шетелге кеткенде яки мұрагерлік үшін ғана алуға болатынын ескерген жөн. Зейнетақы қорының баспасөз қызметі заңда бекітілген жағдайдан басқа себеппен қаржыны шешіп аламын деу алаяқтық деп мәлімдеді. Егер заңсыз қызметке келіссеңіз, ақшаңыздан айрылып қаласыз. Қауіптің алдын алу үшін заң бойынша ақшаны қандай мақсатқа алуға болатынына назар аударайық:

- Ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын жинақтары бар салымшылар (ТЖШ-дан асатын сома шегінде);
- Зейнетақысы жоғалған табыстың (бұрын алынған жалақысының) кемінде 40% құрайтын зейнеткерлер – олар шотта қалған жинақтарының 50%-ына дейін пайдалана алады;
- Еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлер (жинақтарының 100%-ына дейін пайдалана алады);
- Зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан салымшылар (жинақтарының 100%-ына дейін пайдалана алады).

Инфографиканы жасаған – Амангелді ҚИЯС, «EQ»

ІЛКІМДІ ІЛГЕРІЛЕУ

Мүмкіндігі мол алкилат өндірісі

1 <

Зауыт құрылысы кезеңінде 500-ден астам жұмыс орны, ал негізгі өндірісті пайдалану кезеңінде 125 тұрақты жұмыс орны құрылады. Бұл Ертіс-Баян өңірінің тұрғындарын жалақысы жоғары еңбекпен қамтуға, жергілікті инфрақұрылымды жақсартуға ықпал етеді.

Жобаның алдын ала жалпы құны 35 млрд теңгені құрайды. «Қазақстанның Даму банкі» АҚ мен «Intertrans C. A.» ЖШС арасында кредиттік желі ашу туралы келісім жасалған.

Мамандардың сөзінше, алкилатты октанды арттыратын компонент ретінде пайдалануға

көшу – экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі міндеттерге ғана емес, сонымен бірге тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі оңтайлы шешім. Отандық мұнай өңдеу зауыттары бүгінде N-метиланилин және метил-трет-бутил эфирі (МТБЭ) сияқты октанды арттыратын компоненттерді пайдаланады.

Дегенмен олардың қолданылуында бірқатар шектеу бар. Атап айтқанда, N-метиланилин улы, азот оксидтерінің шығарылуына ықпал етеді, отынның коррозиясын арттырады және қозғалтқыштардың тозуын тездетеді. МТБЭ октан санын ұлғайтады, алайда ол жану кезінде улы заттардың пайда болуына ықпал етеді.

Сондықтан алкилат заманауи және экологиялық таза шешім ретінде құпталып отыр. Нәтижесінде, көлік отыны өндірісі барысында көмірқышқыл газының, азот оксидтерінің және канцерогендердің шығарындылары азайып, отынның сапасы қамтамасыз етіледі. Екінші тұрғыдан, ол бензиннің тотығуға төзімділігін арттырып, бензинді сақтау мерзімін ұзартады екен.

Павлодар облысы

ҚҰЛАҒЫҢЫЗ ТҮРІК ЖҮРСІН!

Айырбастауға шағым жиілеген

Ұлттық банк 1996—2013 жылдар аралығында шығарылған қолма-қол долларға қатысты азаматтардан түсетін шағымдардың жиілеп кеткені туралы мәлімдеді. Оған себеп айырбастау бекеттерінің айырбастаудан бас тартуы екен. Ел аумағында шетел валютасы операцияларына қатысты қандай тәртіп бар?

Елігімай ТӨҢКЕР,
«Egemen Qazaqstan»

Бас банктің айтуынша, егер банкноттар бүлінбеген, айналымда жарамсыз деп танылмаған болса, айырбастауда еш кедергі туындамауға тиіс. Комиссия да ұсталмайды. Ескерте кетейік, айырбастау пункттері алатын комиссия банкноттар жарамсыз болған жағдайда алынады.

Егер айырбастау пункті комиссия алса немесе шетел валютасын шыққан жылына қарай қабылдаса, валюта айырбастаудан негізсіз бас тартса, сол айырбастау пункті орналасқан жердегі Ұлттық банк аумақтық филиалына шағымдану қажет. Айтпақшы, шағыммен қатар барлық қажет ақпарат пен құжатты қоса көрсеткеніңіз абзал. Сонда ғана заңға сәйкес шара қолданылады.

Касса операциялары мен банкноттарды, монеталарды және бағалы заттарды инкассациялау ережелеріне сәйкес, банк клиенттен қолма-қол ақша қабылдау, клиентке қолма-қол ақша беру секілді касса операцияларын жүзеге асырады. Бұлар банк туралы заңның 30-бабында көрсетілген.

Демек екінші деңгейдегі банктер кассалық операцияларды жүзеге асырғаны үшін алынатын комиссияларды өздерінің ішкі тарифтік саясатына сәйкес белгілеуге құқылы.

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ – 130

Тұрар және Түркістан үшін күрес

26 желтоқсан – қайраткер Т.Рысқұловтың туған күні. Биыл жазда Қазақстанның Орталық мемлекеттік архивінен Түркияға ғылыми іссапарға жіберілген Өмірбек Қанай Түркия Республикасы мемлекеттік архивінен Түркістан республикасы атынан Тұрар Рысқұлов пен Низамеддин Қожаев, Қазақстаннан Ахмет Байтұрсынұлы, Башқұртстаннан 2 адам қол қойып, 1920 жылы 13 маусымда «Анкарадағы Ұлы Османлы ұлттық мәжілісіне» (яғни Түркияның Ұлы ұлттық мәжілісі) жолдаған хатының аудармасын тауып, көшірмесін алып келді.



Коллажды жасаған – Зәуреш СМАҒҰЛ, «ЕҚ»

Бұл хатты 1936 жылы 4 қыркүйекте башқан «Әкімшілік өкілі» Решид Иса (осы кісі аударған болуы мүмкін) «Башқұртстан өкілдерінің қолы оқылмады» деп жазған екен. Біз Башқұртстан өкілдері Ахмет-Зәки Уәлидов мен Харис Юмагулов болуға тиіс деп есептейміз. Бұл хат былтыр ғана құпиясыздандырылған екен. Қазіргі уақытта осы хаттың түпнұсқасын алу мәселесімен шұғылданып жатырмыз. Хаттың түпнұсқасы қолымызға тиген жағдайда бұл сұраққа толық жауап береміз.

Хат 1920 жылы маусымда Мәскеуде болып, кеңестік Ресей басшылары Л.Б.Каменевпен, Л.М.Караханмен және Г.В.Чичеринмен келіссөздер жүргізген түрік коммунистері Халил паша, Баха Али Саидбек және Фуат бей Сабиттер арқылы Анкараға жеткен болуға тиіс деп топшылап отырмыз. Себебі Баха Али Саидбек пен Фуат бей Сабит маусымның ортасында Мәскеуде Тұрар Рысқұлов басқарып келген Түркістан делегациясының ұйымдастыруымен өткен түркі-мұсылман ұлт қайраткерлерінің жиынына қатысқан еді.

Қазақшаға тәржімаланған хаттың толық мәтінін назарға ұсынамыз:

«Ұлы ұлттық мәжіліс басқармасына.

I бап: Түркістан, Қазақстан және Башқұртстан өкілдері жазған хаттың көшірмесі төмендегідей.

Анкарадағы Ұлы Османлы ұлттық мәжілісіне.

Елдігіңізге қуанып, дұға оқыдық. Істеріңізге сәттілік берсін!

«1-бап. Дүниедегі төңкерісшілермен араны бұзып/алшақтатып тұрған ескішіл, діншіл тұлғалар әкімшілік-саяси істерден шет қалып, түрік халқында еш пайдасы жоқ теократия лозунгтары (үндеу) бітіп, азаттық пен әлеуметтік төңкеріс лозунгтары (үндеу) ұлықтануда.

2-бап. Қытай мен Арабстанды, Сібір мен Үндістанды заманында бірлестірген Түрік қауымының бұл күнде бір болу, берік төңкерістік әскери күш болып, осы төңкеріс гасырында Шығысты азат етуі шарт. Бірақ не Шығыс, не Батыстың ешбірі біздің мақсатымызға жол қоймай, теріс мақсаттарына қарай тартатыны анық.

3-бап. (Шығыстың азаттығы – Шығыстың өз ісі). Егерде біз де сенімді болып, надандыққа жол бермей, қайтадан өз құдіретімізге, өз күшімізге сенім артып, тура жол тауып, әр жерде бір мақсатта әрекет етіп, ол әрекетте қаһарман Османлы һәм Ресейдегі түрік әскерлері мен еріктілері ерлік жасап, бүтін Орта Шығысты азат етейік. Содан кейін бүтін Шығыс пен бүтін [.....] төңкерісіне қосылуды тілейміз әрі сол жолда құрбан болуға әзірміз. [1] 920 жылы 13 маусым».

Қол қойған: Түркістан өкілдері Рысқұлов, Низамеддин Ходжа, Қазақстан өкілі Байтұрсынов, Башқұртстан өкілдерінің қолы оқылмады.

II бап. 2 қыркүйек, 1606 нөмір, Ұлы ұлттық мәжіліс басқармасына және Шығыс [.....] қолбасшылығына жазылған.

Аштым. 4/9/36
Әкімшілік өкілі Решид Иса.
Мұхтар мырзаға».

Бұл хаттың мазмұнынан 1920 жылдың қаңтарынан бастап Түрік Кеңес Республикасы мен Түрік халықтарының коммунистік партиясын құру туралы шешімдерін Түріккомиссияға мойындатып, егемен және тұтас Түркістан үшін күрес жүргізіп жатқан Т.Рысқұловтың В.Лениннің өз идеясын қабылдамай тастағанына қарамай, әлі де өз мақсатынан бас тартпағанын, Түркістанның бостандығы үшін соңғы мүмкіндікке дейін күресуге бел байлағанын анық байқауға болады.

Енді кішкене шегініс жасап, Т.Рысқұлов бастаған Мұсбюроның тұтас Түркістан үшін күресінің мазмұнына тоқтала кетейік.

* * *

1920 жылы 21 қаңтарда Т.Рысқұлов ТАКСР ОАК төрағасы болып сайланды. Т.Рысқұлов Түрікатком тарихында төраға болған жергілікті халықтың тұңғыш өкілі еді. Т.Рысқұлов аз ғана уақыт ішінде Түрікаткомды Түркістанның тарихи-объективті жағдайын басшылыққа алып жұмыс істейтін органға айналдырды. Комиссариаттардың қызметі Түркістанның жергілікті халықтарының тұрмыс ерекшеліктері мен салт-дәстүріне сәйкестендіріліп қайта құрылды.

Т.Рысқұловтың Түрікатком төрағасы лауазымында атқарған қызметінің ең бастысы және маңыздысы Түркістан Республикасының саяси-мемлекеттік егемендігі жолындағы табанды күресі болды. Түркістанды түрік тілдес халықтардың ұлттық мемлекетіне айналдыруға, республика егемендігіне, яғни саяси, экономикалық, дипломатиялық, әскери және мәдени мәселелер бойынша нақты болуға тиіс дербестік құқықтарына ие болуға бар күш-жігерін жұмсады. Бұл саясатты іске асыру үшін Т.Рысқұловқа Түріккомиссиямен, Түркістан майданы Революциялық-әскери кеңесімен және РК(б)П ОК-мен күресуге тура келді. Сондықтан да тұтас Түркістан идеясы үшін күрескен Т.Рысқұловтың есімі Түркістан ұғымының баламасына айналды.

Түркістанның егемендігін тікелей В.Лениннің алдында талқылау үшін 1920 жылы мамырда Т.Рысқұлов басқарған Түркістан делегациясы тағайындалды. Т.Рысқұлов В.Ленин үшін арнайы баяндама даярлайды. Баяндамада Түркістанның жағдайы, саяси, әлеуметтік, экономикалық, ұлтаралық және мәдени дағдарыстардың себептері, одан шығудың жолдары ашып көрсетілді. Құжатта мұсылман коммунистерінің ұлт мәселесі және ұлттық мемлекеттік туралы идеялары толық қамтылған. Мұсылман коммунистерінің Түркістанда Ресейдегі сияқты халықты әлеуметтік жікке бөлу, тап күресін өршітіп, пролетариат диктатурасын орнату жолымен емес, өлкенің тарихи ерекшеліктерімен санаса отырып, большевиктік партия жариялаған ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын өмірге демократиялық жолмен енгізу арқылы жергілікті ұлттардың мемлекеттігін қалпына келтіру, елді сайланбалы кеңестер арқылы басқару, өкімет билігін жергілікті халық өкілдеріне беру, республиканың ішкі өзін-өзі қорғау күштері мен сыртқы жаудан қорғанатын қуатты Мұсылман қызыл армиясын құру, сырттан келетін эмиссарлық органдарды жою жолымен ғана дамытуға болатынын атап көрсетті.

1920 жылы 25 мамырда РК(б)П ОК Саяси бюросы Түркістан мәселелерін талқылайды. Бұған дейін Түркістан делегациясы В.Ленинмен тікелей келіссөздер жүргізген еді. Саяси бюро мәжілісіне делегация төрағасы Т.Рысқұлов, Түріккомиссияның Мәскеуге ілесе келген мүшелері Ш.Элиава мен Я.Рудзутак шақырылды. Ресей мен Түркістан арасындағы қатынас туралы ережені даярлау үшін құрамына Г.Чичерин, Н.Крестинский және Ш.Элиава кіргізілген комиссия тағайындалды. Комиссия құрамына Түркістан делегациясының бірде-бір мүшесі енгізілмеді. Аталған комиссия РК(б)П-ның Түркістандағы міндеттері туралы ОК шешімінің жобасын жасап, оны 1920 жылы 13 маусымда талқылауға ұсынады.

Қаулы жобасымен танысқан В.Ленин бірқатар сын-ескертпе жазады. Қаулы жобасында Ресей самодержавиесінің Түркістандағы жартығасырлық отарлық саясатының нәтижесінде қалыптасқан қатынастарды жою РК(б)П-ның басты міндеті ретінде атап көрсетілді. Орыс жұмысшыларының отаршылдық дертіне шалдыққан тобы кеңес билігін қолында ұстаған екі жарым жыл ішінде бұл қатынастардың жақсылыққа қарай өзгермегені былай тұрсын, «коммунистік» қимылдардың арқасында бұрынғыдан да шиеленісе түсті, езгіге түскен жергілікті халық бұл қимылды бұрынғы патша өкіметінің агенттері қимылының жалғасы деп қарады. Қаулы жобасында бар кінә патша өкіметінің отарлық саясаты мен революциядан соң кеңес өкіметін басқарған «орыс жұмысшыларының шовинистік тобына» аударылып, Түркістанның нағыз қожасы болып отырған қаруланған орыс мұжықтары мен кулактары назардан тыс қалдырылды. Өйткені Түріккомиссия өз саясатында әлеуметтік база ретінде ең алдымен соларға сүйенетін.

Өз ескертпесінде В.Ленин: «менің ойымша, жолдас Рысқұловтың жобасын қабылдамау қажет. Ал комиссияның жобасын келесі өзгерістермен қабылдау қажет:

(а) Түріккомиссияның ТүрХКК және ТүрОАК-пен жүйелі түрде жұмыс істеу міндетін енгізу:

(1) олардың қорытындысын сұрау;

(2) оларды Түріккомиссияның істеріне біртіндеп енгізу;

(3) ТүрХКК мен ТүрОАК [жұмысына] қатысу;

(4) барлық (немесе негізгі) даулы мәселелерді ОК-ке және БОАК-ке енгізе отырып, олармен «келісу».

(Р) құқықтардың біртіндеп кеңеюін қамтамасыз ететін бірқатар практикалық шараны енгізу (істерге қатысу және т.б.)», дей отырып, қаулы жобасында орыс мұжықтары мен кулактарының назардан тыс қалғанын дұрыс атап көрсетті. Жобада Түркістанда Түріккомиссияның болу қажеттігі атап көрсетілді. Сыртқы саясат, сыртқы сауда, әскери іс, қатынас жолдары, пошта-телеграф, қаржы мәселесі тек Мәскеуде шешілетіні, қалған мәселелерде билік Түркістан Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесіне берілетіні айтылды.

Қаулы жобасымен Түркістан делегациясы да танысып шығады. Делегация 16 маусымда В.Ленин мен Н.Крестинскийге қосымша баяндама тапсырады.

1920 жылы 29 маусымда РК(б)П ОК-нің Саяси бюросы В.Лениннің нұсқауларын негізге ала отырып, Түркістан бойынша соңғы шешімдерін жариялайды. РК(б)П ОК-нің қаулысында большевиктер партиясы мен кеңес өкіметінің Түркістандағы негізгі міндеті ретінде мыналарды атап көрсетті:

1) жергілікті халықтар мен еуропалық қоныс аударушылардың ара-қатынасын реттеу;

2) жергілікті халықтардың қоғамдық қатынасында үстем болып отырған патриархалдық-феодалдық сарқыншақтарды жою;

3) келімсек орыс кулактарынан жергілікті халықтың атақоныс жерлерін тартып алып, иелеріне қайтару;

4) көшпелі халықтарды отырықшылыққа көшіруге даярлану;

5) орыс кулактарының экономикалық күш-қуатын әлсірету, оларды қарусыздандыру және Орталық Ресейге жер аудару;

6) патша өкіметінің әкімшілік қызметкерлерін, шенеуніктерін, полиция мүшелерін Түркістаннан кетіру, жергілікті орыс коммунистерінің шовинистік пиғылмен ауырған бөлігін Орталықтан келетін басқа коммунистермен алмастыру және т.б.

Бірақ қаулыда Түркістан делегациясы ұсынған негізгі талаптар: Түріккомиссияны жою, Түркістан майданы Революциялық-әскери кеңесінің билігін шектеу арқылы бүкіл өкімет билігін республикадағы заңды, конституциялы органдар – Түрікатком мен ХКК-ге беру, республиканың егемендігі, армияны жергілікті халықтан жасақтау, қаржы, сыртқы дипломатия, сауда-экономикалық байланыстар, РКФСР құрамындағы ұлт республикаларымен арақатынас мәселелері, жергілікті халықтарға қатысты саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени саясаттың жолдары, РКФСР үкіметінің құрамында Түркістан өкілдерінің болуы туралы аса маңызды талаптар қабылданбады.

Осыған қарамай, Түркістан делегациясының Кремльдегі кездесулерінің тарихи маңызы зор болды. Кремль Түркістаннан бұрынғы патша шенеуніктерін, полиция мүшелерін, казак атамандарын, ірі саудагерлер мен кулактарды, еуропалық коммунистердің шовинистік тобын қуып, жергілікті халықтар мен қоныс аударушылардың қатынасын реттеу, көшпелілердің атақоныс жерлерін иелеріне қайтару, орыс мұжықтарын қарусыздандыру туралы тапсырмалар берді. Түркістанда жер-су реформасын іске асырудың қажеттігін мойындады. Бұл Түркістан делегациясының саяси жеңісі еді.

1920 жылы 16 маусымда Түркістан делегациясы Мәскеуде жүрген Башқұртстан, Татарстан мен Қазақстан қайраткерлерімен келісе отырып, В.Лениннің Коммунистік Интернационалдың II конгресіне арнап жазған тезистеріне түзетулері мен ұсыныстарын енгізеді. В.Лениннің атына жіберілген құжаттың түпнұсқасына Түркістаннан Т.Рысқұлов пен Н.Қожаев, Қазақстаннан А.Байтұрсынұлы, Башқұртстаннан З.Уәлиди мен Х.Юмагулов қол қойды.

Түрік қайраткерлері В.Лениннің тезистеріндегі орыс пролетариаты кеңес өкіметі кезеңінде қатты өзгерді. Оның патша заманындағы пролетариаттан түбірлі айырмашылығы бар. Сондықтан да орыс пролетариатының отар елдердің еңбекшілерін азат етудегі рөлінің зор екені туралы қағидаларына наразылық білдіреді. Нақты мысалдармен керісінше құбылысты дәлелдейді, панисламизмге қарсы күрестің қажеттігі туралы ұсыныстарын сынға алады. Олар В.Ленинге бодан халықтарды отаршылардың қолымен немесе отаршыларға арқа сүйейтін жергілікті биліктің қолымен азат етуге болмайтынын ескертеді. Орыс шовинистерінің мұсылмандарды еркіне жіберуге болмайды, олар мемлекет те, қуатты экономика да құра алмайды, барды қиратып бітіреді дейтін уағызына соққы береді.

Түркістан делегациясы 1920 жылы маусым айының ортасында Мәскеуде түркі-мұсылман аймақтарынан келген ұлт қайраткерлерімен кездесіп, жиын ұйымдастырады. Жиынға Шығыс халықтары коммунистік ұйымдарының Орталық бюросынан Мірсейіт Сұлтанғалиев, Сахибкерей Саидғалиев, Шаймардан Ибрагимов, Татарстаннан Мидат Брундуков, Қазақстаннан Ахмет Байтұрсынұлы мен Ғабдулхәкім Бөкейханов, Башқұртстаннан Ахмет-Зәки Уәлидов пен Харис Юмагулов, Түркістаннан Тұрар Рысқұлов пен Низамеддин Қожаев, Түркиядан Баха Али Саидбек пен Фуат бей Сабит қатысады. Жиында түркі қайраткерлері РК(б)П-ның ұлт саясаты, оған қарсы тұрудың жолдары мен амалдары туралы кең тұрғыда ойласады.

Түркістан өкілі Н.Қожаев РК(б)П бағдарламасының Шығыс өлкелеріне сай еместігін, сондықтан да ол бағдарламаға өзгерістер енгізбей, қолдану мүмкін еместігін баяндайды. Басқару аппаратында әлі күнге дейін бұрынғы патша әкімдерінің отырғанын, олардың отарлық саясатты жалғастырып, мұсылмандарды билікке жолатқысы келмейтінін мәлімдейді. Сондықтан да Н.Қожаев РК(б)П бағдарламасын қайта қарап, тиісті өзгерістер енгізу үшін мұсылман коммунистерінің Бүкілресейлік съезін шақыру қажет дейді.

Башқұртстан өкілі Х.Юмагуловтың айтуынша, РК(б)П бағдарламасы Шығыс үшін емес, Батыс үшін жазылған. Осы бағдарламаны басшылыққа алған жергілікті орыс большевиктері мұсылмандарда қалыптасқан пролетариаттың болмауына байланысты, кеңес өкіметі ол аймақтарда тек орыс тұрғындарына ғана арқа сүйей алады деген саясат ұстанып отыр. Сондықтан да партияның бағдарламасына міндетті түрде өзгерістер енгізу керек.

Башқұртстанның келесі өкілі А.З.Уәлидов «Шығыс халықтары орыс революциясының ізімен жүре алмайды, бірақ Шығыста революциялық қозғалыс қажет. Экономикалық кіріптарлық сақталып отырған жағдайда республикалардың егемендігі туралы сөз болуы мүмкін емес. Ұлт аймақтарында кеңестік билік патша отаршыларының қолында тұр. Сондықтан да Шығыс аймақтарының ұлттық күштері революцияланып, билікті өз қолдарына алуға тиіс», деп тұжырымдайды.

Түркістан өкілі Т.Рысқұлов кеңес өкіметінің ұлт мәселесін шеше алмай отырғанын айыптады. «Батыстың езгісінен құтылу үшін Шығыс аймақтарында ұлттық революция қажет. Түркістанда, Башқұртстанда, Қазақстанда орыс революционерлері билікті тартып алды да, билеп-төстей бастады. Қазір губернаторлардың билігін орыс жұмысшысының билігі алмастырған. Өзгерген еш нәрсе жоқ. Шығысты Қызыл армияның күшімен азат ету мүмкін емес. Орыс отаршылары мен Орыс Қызыл армиясын Ресейге қайтару керек. Құрылып жатқан ұлттық республикалар тек қағаз жүзінде ғана өмір сүріп отыр. Кеңес өкіметі ұлттық қозғалыстарға дем беріп, қолдауға тиіс. Шығысты азат ету үшін тез арада барлық Шығыс республикаларынан орыстың отаршыл шовинистері кері шақырып алынсын, ұлт аймақтарында мұсылман партия ұйымдары құрылсын, Шығыс республикаларында Қызыл армияның құрамы түгелдей мұсылман өкілдерінен жасақталатын болсын, ал мұсылман коммунистерінің Бүкілресейлік съезін Мәскеуде емес, Бакуде немесе Ташкентте шақыру қажет», дейді.

Жиынның соңына таман сөз алған А.Байтұрсынұлы өзіне дейін сөйлеген шешендердің пікірлерін толық қостайтынын, Қазақстанның билігі қазір С.Пестковский сияқты эмиссарлардың қолына көшкенін, жағдайды талқылау үшін мұсылман коммунистерінің съезін шақырудың маңыздылығын атап көрсетеді.

Ұлт аймақтарында қалыптасқан саяси жағдайды жан-жақты талқылаған қайраткерлер жиында 1920 жылы 1 тамызда Бакуде мұсылман коммунистерінің Бүкілресейлік съезін шақыру туралы біраузыздан қаулы қабылдайды. Съезге мұсылман партия ұйымдарынан 500 мүшеден 1 делегат, ал жасырын жағдайда жұмыс істеп жатқан Түркия коммунистерінің ұйымдарынан әр 100 мүшеден 1 делегат жіберу туралы шешім шығарды. Жиын қаулының соңғы нұсқасын даярлау үшін құрамына Мірсейіт Сұлтанғалиев, Сахибкерей Саидғалиев, Ахмет-Зәки Уәлиди, Тұрар Рысқұлов кірген арнайы комиссия құрады. Бірақ РК(б)П ОК түрік қайраткерлерінің бұл ұсынысын да іске асыртпай тастады.

Түркістан делегациясы Мәскеуде жүрген уақытта Ташкенттегі Түріккомиссия мүшелері – М.Фрунзе, В.Куйбышев, Ф.Голощекин қауырт қимылдап, делегация жетекшілеріне қарсы топ ұйымдастырып, оларды қаралауға кірісті. Жергілікті орыс коммунистерінің қолдауына сүйенген Түріккомиссия мұсылмандар ортасына жік түсіру үшін түрліше айла-шарғы қолданды. Нәтижесінде, саяси күресте тәжірибесі жоқ мұсылман қайраткерлері әлеуметтік, ұлттық, тіпті рулық-тайпалық белгілері бойынша бір-бірімен өштескен топтарға жіктелді. Енді ғана ұйымдасып, жұмылып келе жатқан мұсылман коммунистерінің ұлттық мүдде жолында бірігуіне жол берілмеді.

РК(б)П ОК-мен күрес барысында Түркістан делегациясы теория мен саясаттың, көтерілген ұран мен қайнаған өмірдің үйлеспейтіні, жүргізіліп жатқан саясаттың екіжүзділігі мен жалғандығын айқын түсінді. Ұзаққа созылған күрестің нәтижесіз аяқталуы мұсылман қайраткерлерінің сенімін жоғалтты. Ташкентке оралғаннан кейін, 1920 жылы 18 шілдеде Түркістан делегациясының барлық мүшесі қызметтерінен бас тартып, отставкаға кетеді. 1920 жылы 22 шілдеде Т.Рысқұловтың саяси қызметтен кетіп, шығармашылықпен айналысу туралы өтініші «қабыл алынды».

1920 жылы 29 шілдеде РК(б)П ОК Түркістанды жеке-дара билеп-төстеуге көшкен Түріккомиссияға қосымша тағы бір эмиссарлық орган – Түркібюроны тағайындайды. Түркібюро құрамына Я.Петерс, Л.Каганович сияқты сыннан өткен большевиктер кіргізілді. Тамыз айында Түркістанға Ресейден түрліше жұмыстар үшін тағы да 150 адам жіберілді. Түркістанның саяси тізгіні Мәскеудің қолына біржола көшті, жергілікті жерде оның саясатына қарсы тұратын саяси күш қалмады. 1920 жылы 19 шілдеде Түріккомиссия Түркістан Өлкелік партия комитетін таратып, Уақытша Орталық Комитет ұйымдастырады. Түріккомиссия тарапынан жасалынған қысымның нәтижесінде жергілікті коммунистердің жаңа тобы билікке баруға мәжбүр болды.

1920 жылы шілденің соңында Петерс Е.Преображенскийге Т.Рысқұлов бастаған мұсылмандардың ұлттық қозғалысы құртылды деп қуана хабарлайды. Петерс Түркістан мұсылмандарының ұлттық қозғалысын құрту үшін Түріккомиссияның қандай тактика қолданғанына тоқталады. «Біздің ұстанған тәсіліміз өзіміз көлеңкеде тұрып, мұсылмандардың жаңа тобын билікке жылжыту болды. Олар ХКК мен Түрікатком басына барғылары келмеді, бірақ біз оларды зорлап көндірдік», дейді Петерс.

Осылайша, 1920 жылы жазда Түріккомиссияның мақсаты орындалып, Түркістанның саяси егемендігі, мұсылман халықтарының теңдігі жолында күрескен, өз мақсаттарын орындау жолында табандылығымен көзге түскен мұсылман қайраткерлері Т.Рысқұловпен бірге жаппай саяси қуғынға ұшыратылды. РК(б)П ОК Т.Рысқұловты 1920 жылы жазда Түркістаннан кетуге мәжбүр етті.

Тұрар Рысқұлов тобының тұтас әрі егемен Түркістан үшін күресі РК(б)П ОК-нің үрейін ұшырды. В.Ленин осы 1920 жылдың маусым айында-ақ Түркістанды таратуды ойластырып, Саяси бюроның Түркістан мәселесімен айналысқан ерекше комиссиясына Түркістанның Өзбекстан, Қазақстан және Түрікменстан өлкелеріне бөлінген этнографиялық және басқа да карталарын жасап, осы үш бөліктің қосылу немесе бөліну шарттарын егжей-тегжейлі анықтауды тапсырды.

Бірақ Түркістандағы ұлттық-аумақтық межелеуді іске асыру үшін қолайлы саяси жағдай және үлкен дайындық жұмыстары қажет еді. Түркістанды бөлшектеу арада төрт жыл өткен соң ғана мүмкін болды. Биыл межелеудің жүзеге асырылғанына 100 жыл толды.

Ордалы ҚОҢЫРАТБАЕВ,
Сәбит ШІЛДЕБАЙ

Nazarbayev University: Ғылым және инновация – даму кепілі



Орталық Азиядағы жетекші орын алатын Nazarbayev University-дегі (NU) ғылыми топтардың қазақ тіліндегі жасанды интеллект, экзоскелет, қатерлі дертке қарсы дәрі және басқа да коммерцияландыруға бағытталған жобалары өте нәтижелі болды. Әсіресе университет ғылыми зерттеулер мен оны іске асырудың бірегей экожүйесін құра отырып, инновацияны дамытуға елеулі үлес қосты. Сондай-ақ іргелі оқу орнының ғылыми зертханалары мен орталықтары жасанды интеллект, наноматериалдар және биотехнология саласындағы жобаларға бастамашы болып отыр. Биыл университет ғылым мен білімдегі ұстанымын нығайта отырып, ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді.

Азамат ЕСЕНЖОЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Әлемдік рейтингте ұстанымы нық

NU «Times Higher Education» университеттерінің беделді халықаралық рейтингінде өз орнын анықтады. Бұл – оқу орнындағы сапалы білімді дәлелдейді. Осы рейтинг бойынша NU әлемдегі ең үздік университеттердің 24 пайызының қатарынан орын алса, Азияның жоғары оқу орындары арасында 129-орын иеленді. Ал әлемдегі 1100-ден астам жас университеттер арасында 106-орынды еншіледі.

NU президенті, профессор Вакар Ахмад өзі басқарып отырған университеттің инфрақұрылымы мен ғылыми-зерттеу мүмкіндігі зор екенін айтады.

«Қазір біздің оқу орында ғылыми-зерттеулердің сапасы артты. Мұны университет ғалымдарының мақалалары халықаралық беделді журналдарда жиі жарияланып, оған басқа зерттеушілер көп сілтеме жасайтынынан көруге болады. Біздің жарияланымдарымыздың 25 пайызы бакалавриат студенттерімен бірігіп жазылды. Бұл университет мәртебесін одан сайын биіктетеді», дейді доктор Вакар Ахмад.

Оның айтуынша, NU – ТМД елдерінің ғылыми орталығы – Стэнфорд бойынша ең көп сілтеме жасалған зерттеушілердің 2 пайыз тізіміне енген. Осындағы 52 зерттеушінің 36-сы Қазақстаннан.

«Биылғы деректерге сәйкес, біз ең жоғарғы квартильге кіретін журнал бойынша Қазақстандағы барлық жарияланымның төрттен бірін аламыз. Сонымен қатар біздің FWCI (2.00) қазір Дьюк университеті және Сингапур ұлттық университеті сияқты стратегиялық серіктестеріміздің көрсеткіштерімен салыстыруға болады. Ал Висконсин-Мэдисон мен Колорадо кен мектептерінің көрсеткіштерінен де жоғары», дейді NU президенті.

Елімізге ғана емес, шетелге танымал

Биыл Nazarbayev University-нің төрт профессоры Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясының академигі болды. Олардың ішінде NU жанындағы «University Medical Center» корпоративтік қорының басқарма төрағасы, медицина ғылымдарының докторы Юрий Пя, NU-дың Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебінің профессоры, техника ғылымдарының докторы Жұмабай Бәкенов, NU вице-президенті, PhD Дархан Біләлов және SSH профессоры, математика ғылымдарының докторы Сұраған Дөрбетхан бар. Сондай-ақ жуырда жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебінің (SSH) профессоры, биохимия және молекулалық биология ғылымдарының докторы Дос Сарбасов Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті болып сайланды.

Айталық, соңғы 14 жылда NU жетекші ғалымдардың ортасы қалыптасты. Қазір олардың саны 100-ден асады. Сөйтіп, университет профессор-оқытушы құрамын 10 пайыздан 30 пайызға дейін ұлғайтты. Мұнда өте білікті профессорлар қызмет істейді. Оқу орны солармен мақтанады. Мәселен, Стэнфорд университеті жыл сайын әлемнің ең үздік ғалымдары рейтингін жариялайды. Осы университет зерттеушілері дайындаған рейтинг 180 000-нан астам жетекші ғалымдардың профилін қамтып, олардың дәйексөз көрсеткіштерін бағалайды. Осыған сәйкес NU профессорлары ғылыми мақалаларының жарияланымы бойынша әлемнің ең үздік ғалымдарының 2 пайыз қатарынан орын алған. Бұл рейтингте Массимо Пиньятелли, Тимур Атабаев, Жұмабай Бакенов, Александр Тихонов, Шазим Мемон, Рэнди Хазлетт, Саффет Ягиз, Веселин Паунов, Прим Сингх секілді NU профессорлары басқалардан озық тұр.

Үш жүзден астам ғылыми жоба

Nazarbayev University-де жыл сайын Ғылым апталығы өтеді. Іс-шара аясында зерттеуші профессорлар мен студенттер өздерінің ғылыми-зерттеулерін ұсынады. Биыл ғылым апталығы наноматериалдар мен жасанды интеллект тақырыбында екі ауқымды симпозиум және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға ұласты. Бұл болашақ зерттеу жұмыстары осы бағыттардың маңызын ғана емес, оның отандық ғылымның дамуына ықпалын көрсетеді. Әсіресе конференция барысында докторанттар арасында байқау өте қызықты болды. Олар өздерінің диссертациялық жұмыстарының мазмұнын 3 минутқа сыйдырып айтып берді. Аталған байқау енді жыл сайын еліміздегі жоғары оқу орындарының докторанттары арасында өтпек.

Жалпы алғанда, NU-да бірнеше пән тоғысында 300-ден астам ғылыми жоба жүзеге асып жатыр. Олардың денін ел Үкіметі, университет және Билл және Мелинда Гейтс қоры, «Aga Khan Foundation», НАТО-ның Бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін ғылым бағдарламасы, Өнер және гуманитарлық ғылымдарды зерттеу кеңесі (AHRC), «Chevron» және т.б. танымал халықаралық ұйымдар қаржыландырады. Ғалымдардың жобалары сан алуан тақырыптарды қамтиды. Мұнда молекулалық вирусологияны зерттеуден бастап, ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытудың инновациялық әдістерін әзірлеуге дейін жобаланған. Әсіресе биолог Дос Сарбасов бастаған NU ғалымдар тобы жасаған қатерлі дертке қарсы жасаған дәрі – табысты жобаның бірегейі десек болады. Соңғы үш жылда аталған ғылыми топ зерттеудің сенімділігін дәлелдеп, 1 және 2 фазалардың клиникалық сынақтарын өткізуге Ғылым және жоғары білім министрлігінен мақсатты қаржыландыру алды. Сынақ барысында барлық науқаста қатерлі ісік үдерісінің тұрақтылығы байқалған. Дәлірек айтқанда, 15 адамның бірінде қатерлі ісік 30 пайызға азайған. Клиникалық зерттеулер келесі жылы да жалғасады.

Сонымен қатар NU жанындағы Ақылды жүйелер мен Жасанды интеллект институты (ISSAI) әзірлеген «ISSAI KAZ-LLM» қазақ тіліне арналған үлкен тілдік моделі де көпшілік қызығушылығын тудырды. Бұл жоба Мемлекет басшысына екі апта бұрын ұсынылды. Мұны жасаған топ мүшелері 150 миллиардтан астам таңбалауышты (яғни сөздер немесе ішкі сөздер) жинап, өңдеп және синтездеген. Жоба биыл сәуір айында басталды.

«Біздің командамыз бұл жобаны «Meta»-ның «Llama» архитектурасына сүйене отырып жасады. Олар жоғары өнімді жүйелер мен ресурстары шектеулі орталарға оңтайландырылған 8 миллиард және 70 миллиард параметрлі «ISSAI KAZ-LLM»-нің екі нұсқасын дайындады. Бұл модель Қазақстанның инновацияға, дербестікке және технологиялық экожүйесінің өсуіне ұмтылысын көрсетеді», дейді ISSAI директоры, профессор Хусейн Атакан Варол.

Инновация және коммерцияландыру

Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру – университеттің негізгі міндетінің бірі. Әсіресе стартаптарды қолдау бағдарламалары, акселераторлар және гранттық байқаулар инновациялық идеяларды табысты бизнес жобаларға айналдыруға көмектеседі. Өнеркәсіптік компаниялармен серіктестік те әзірлемелерді нақты өндіріске енгізіп, ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Осы желтоқсан айында Үкімет басшысы Олжас Бектеновке 10 ғылыми әзірлемені одан әрі коммерцияландыру ұсынылды. Мысалы, университеттегі Медициналық зерттеулер мен робототехникадағы шеберлік орталығының (CEMRR) ғалымдары церебралды сал ауруы мен инсульттан аман қалған адамдарды оңалту үшін» Astana Gait» экзоскелетін жасап шығарды.

«Қазір біз экзоскелетті арнайы техникалық сынақтан өткізіп жатырмыз. Бұл өнім елімізде медициналық құрал ретінде тіркеледі. Біз аурухана және жеке клиникалармен ұзақмерзімді келісімшарт жасай аламыз. Аталған құрал инсульттан зардап шеккен адамдарға өте қажет. Сондай-ақ жүргізілген зерттеу мен сынақтардан кейін оның церебралды сал ауруына шалдыққан науқастарға жарамды екенін анықтадық. Мақсатымыз – елімізде осындай құрылғыны өзіміз жасап, халыққа қажетті емдом жүргізу. Менің ойымша, ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру қажет. Бұл болашақта әртүрлі сала бойынша инновациялық озық шешімдерді генерациялай алатын ғылыми орта құруда бізге үлкен көмек береді», дейді NU түлегі, «CEMRR» зерттеушісі Шыңғыс Дәулетбаев.

Ғалымдардың айтуынша, елімізде 2025 жылы 375 науқас жаяу жүретін роботқа мұқтаж болмақ, оның құны 170 миллион долларды құрайды. Қазір зерттеушілер «Ғылым қоры» АҚ-на гранттық қаржыландыруға өтінім дайындап жатыр. Келесі жылы олар әлемдегі басқа құралдармен салыстырғанда құны төмен экзоскелет өндірісін іске қосуды көздейді.

NU студенттері жасаған тағы бір жоба – тау-кен компанияларына жұмыс тиімділігін арттыруға көмектеседі. Жас зерттеушілер үйме шаймалау кезінде воблерлердің өнімділігін анықтау үшін автоматтандырылған жүйені пайдаланады. Стартап АҚШ, Ресей, Канада, Аустралия ,Қырғызстан, Өзбекстан нарығына шығуды ғана емес, 42 миллион АҚШ долларын құрайтын әлеуетті нарық көлемімен металды өндірудің ұқсас әдісін қолданатын 230-дан астам компанияны қамтуды жоспарлап отыр. Бұл жобаны елімізде 20 тау-кен өндіруші компания жүзеге асыра алады.

Шындығын айтқанда, Nazarbayev University-нің «NURIS» инновациялық кластері аясында көптеген жоба қолдау тапқан. 2017 жылдан бастап университет аумағында «Технопарк» жұмыс істейді. Онда резидент компаниялар жоғары білікті мамандар мен заманауи зертханаларға қол жеткізе алады. Мәселен, мұнда донорлық органдарды сақтау және тасымалдау үшін жасалған бірегей «ALEM» құрылғысының прототипі құрастырылған. Құрылғының клиникаға дейінгі зерттеулерін атақты хирург, «University Medical Center» корпоративтік қорының басқарма төрағасы Юрий Пяның жетекшілігімен отандық ғалымдар мен дәрігерлер тобы жүргізді. Бұған «Жүрек орталығы» қоры қолдау көрсетті.

Клиникаға дейінгі зерттеулер аясында 33 операция жасалды, оның 12-сі жүректі трансплантациялаумен байланысты. Сонымен қатар ғылыми топ мүшелері құрылғымен жүрек пен өкпеге ғана емес, бауырға да сынақ өткізді. Жоба авторларының айтуынша, мұндай құрылғыны жасау шұғыл қажеттіліктен туындаған. Өйткені трансплантация 4 мыңнан астам пациент өмірін ұзартуға әрі құрылғының сапасын жақсартуға көмектеседі.

«Біз ағзадан тыс органдарды емдеу туралы гипотезаны анықтадық. Яғни техника мен құрылғыны онкологияда, перфузионологияда, кеуде хирургиясында, урологияда және гепатобилиарлы хирургияда қолдануға болады. Бұл әртүрлі орган патологияларының терминалдық сатысын емдеуде жаңа мүмкіндіктерді ашады. Біз келесі жылы клиникалық зерттеулерді енгізіп, жергілікті деңгейде өндірісті іске қосуды жоспарлап отырмыз. Бұл NU Медицина мектебі студенттері мен дәрігерлерінің ғылыми-зерттеу қызметінде қуатты ғылыми-технологиялық базаға айналады», деді қоғамдық қордың директоры Мұрат Зауыров. Оның айтуынша, аталған құрылғы келесі жылы Жапонияның Осака қаласында өтетін «Expo 2025» көрмесіне ұсынылады.

Университет ғалымдарының тағы бір тобы алғаш рет Үлбі металлургиялық зауытында атом электр станциялары үшін күрделі цирконий қорытпаларын өңдеудің француз технологиясы бойынша ғылыми жобамен айналысады. Қазір бұл технологияны имплантарды өндіруде қолдану зерттеліп жатыр.

Сондай-ақ су ресурстарын имитациялық модельдер мен онлайн бақылау құралдарын қолдану арқылы немісқазақ зерттеу жобасы іске асып отыр. Мұны толық енгізу келесі жылы басталады. Қазір NU алаңында жасанды интеллект арқылы су тасқыны қаупін бақылайтын «SUDS» деп аталатын тұрақты қалалық дренаж жүйесінің элементтері орнатылған.Сонымен қатар никель, кобальт, марганец сияқты отандық шикізат негізінде литий-ионды аккумуляторларға арналған материалдарды өндіру бойынша қанатқақты жоба да өндірістік серіктестігін анықтау үстінде. Профессор Жұмабай Бәкенов бастаған ғалымдар тобы катодты материалдардың прекурсорларын өндіру технологиясын жасады. Енді оның тәжірибелік нұсқасын іске қосып, өндіріс орнын салуды көздеп отыр. Бұл жобаның мемлекетіміз үшін стратегиялық маңызы зор. Себебі ол елдің импорттан энергетикалық тәуелсіздігін нығайтуға, катодты материалдар өндірісі үшін шикізатты отандық жеткізу тізбегін дамытуға, сондай-ақ экологиялық таза энергетиканы дамытуға ықпал етеді.

«Qarmet» АҚ-мен бірлесіп, ЖИ-ді қолданатын генераторлар мен трансформаторлардың электр қозғалтқыштарының жағдайын бақылау бойынша тағы бір қанатақты жоба жүзеге асады. Бұған дейін NU ғалымдары оның алғашқы прототипін жасап, университет кампусында сынақтан өткізді.

Көшбасшылар даярланады

Nazarbayev University мақсатының бірі – ойы озық дарынды жастарды оқуға тарту. Соңғы 14 жылда білім ұясынан инженерлік, ғылыми-гуманитарлық, медицина, бизнес, білім және мемлекеттік саясат мамандықтары бойынша 10 мыңнан астам студент түлеп ұшты. Осы түлектердің 90 пайыздан астамы еліміздің дамуына зор үлес қосып отыр. Университеттің басты міндеті – түлектерді еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуына үлес қосатындай табысты мансап жететін қажетті білім беру. NU вице-президенті Қадиша Даированың айтуынша, оқу орнында талантты жастарға барлық жағдай жасалған. «Біз студенттерімізге халықаралық, батыстық деңгейдегі білім берудің барлық артықшылығын пайдалануға мүмкіндік береміз. Шындығын айтқанда, сапалы білім арзан болмайды. Бірақ басқа шетелдік университеттермен салыстырғанда, отандық университет тиімдірек көрінеді. Біз түлектеріміздің қол жеткізген жетістіктерімен мақтанамыз. Оларда Дүниежүзілік экономикалық форум анықтаған болашақтың 10 дағдысы бар», дейді Қ. Даирова.

Университет түлектері көбінесе KPMG, Теңізшевройл, «BI Group», «Ernst & Young», Қазақстан Ұлттық банкі және «PwC» сияқты ең ірі ұйымдарға қызметке орналасады. Олардың жұмысқа орналасу деңгейі 98 пайызды құрайды.

Биыл NU талапкерлер үшін ақылы негізде оқудың жаңа мүмкіндігін кеңейтті. Бұл ретте мемлекет бөлетін грант саны бұрынғы деңгейде сақталып, қаржылық тұрақтылық пен бюджет қаражатынан тәуелсіздік үшін ақылы оқыту енгізілді.

Алдағы жылы Nazarbayev University-нің құрылғанына 15 жыл толады. Қазір оқу орны осы айтулы оқиғаны жоғары деңгейде атап өту үшін алдына жаңа міндеттер қойды. Айталық, «Times Higher Education»-тегі позициясын үздік 300-ге дейін жақсартып, университет институционалдық, мектеп және бағдарлама деңгейінде, соның ішінде «QAA», «AACSB» және «ABET» ең беделді ұйымдарынан халықаралық аккредитациядан өтуге ниет танытып отыр. Мұндай мазмұнды іс-шаралар еліміздегі бірегей жоғары оқу орынның нарықтағы ұстанымын нығайтып, жоғары академиялық стандарттарын биіктете түседі.

Берік АХМЕТОВ, Yessenov University президент-ректоры:

Есенов университеті: Каспий жағалауындағы көшбасшылық жолы

– Берік Бақытжанұлы, оқу орнының тізгінін өзіңіз ұстағалы да жеті жылдан асты. Уақыт текке өтпеді деп ойлаймыз. Маңғыстау өңіріндегі бірден-бір жетекші оқу орнының басшысы ретінде сізге қойылар алғашқы сұрақ – жеті жыл ішінде халық қуанып, студент қызығып, өзіңіз мерейленетін қандай шаруалар атқарылды және істі неден бастадыңыз?

– Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасына сай коммерциялық емес акционерлік қоғамға ауысқан әрбір университет өзінің орнын, идентификациясын табу немесе өз бет-бейнесін қалыптастыру және дамыту қажеттілігін ұғындық. Есенов университетінде бастапқы құндылықтарды терендете отырып, жаңа, заманауи құндылықтарды қалыптастыру маңызды деп есептедік. Біз Есенов университетінің өңірге, елге, әлемге не бере алатындығына, дамуға қандай, қалай үлес қосатындығына жергілікті менталитет ерекшелігіне сай келешекке жоспар жасадық. Алғашқы үш жылда осы бағыттағы бағдарламаларымыз бен зерттеулерімізді қалыптастырумен айналыстық. Университеттің миссиясын анықтадық және біз ұстанған мүдденің өңір мақсат-мұратымен тұспа-тұс келетіндігіне анық көз жетті.

Жеті жыл бұрын біздің университетте бар-жоғы 3 мың студент оқыды. Адами капиталдың дамуы студенттер контингентінің өсуінен де көрінеді. 2017 жылдан бастап университет студенттері 3 мыңнан – 9 мыңға жетті. Өзге өңірден келген студенттеріміздің саны артты. Білім беру бағдарламаларының саны да 56-дан 100-ге дейін өсті. Академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелде білім алуға мүмкіндік алған студенттеріміз 526-ға жетті. Біз мұнымен тоқтап қалмаймыз және студенттер санын да, білім беру бағыттарының спектрін де кеңейту үшін белсенді жұмыс жасаймыз. Жұмыспен қамтылған түлектердің көрсеткіші 91%-ды құрайды.Бұл біздің түлектеріміздің еңбек нарығында бәсекеге қабілетті екендігін дәлелдейді.

Маңғыстау өңірінің тұрақты дамуына жетекші оқу орны ретінде жауапкершілік алуымыз керек деп біліп, өлкеміздің бүгінгі өзекті мәселелерін шешуге ғылыми үлес қосуға күш салдық. Өткенге көз жүгіртсек, 2017 жылы оқу ордамызға баржоғы 1 ғылыми жобаға 3 миллион теңге қаржыландырылған болатын. Соңғы жылдары университетіміз Маңғыстаудың маңызды 7 бағыты бойынша зерттеу жүргізіп, ғылыми зерттеу гранттары бойынша 26 жобаға 6,33 миллиард теңге қаржыландыруға қол жеткізді. Бұл көрсеткіш 2017 жылмен салыстырғанда 2 110 есе артқан. Ғылыми жобалардың барлығы Маңғыстау өлкесінің мәселелерін шешуге бағытталған.

Сонымен қатар бізде Теңіз академиясы белсенді дамып келеді. Бұрын университет дипломдары халықаралық деңгейде танылмаған теңізшілерді шығарды. Ресей теңіз кеме қатынасы тіркелімінің (RMRS) стандарттары бойынша сертификаттау үдерісінен сәтті өттік. Енді түлектеріміз әлемдік стандарттарға сай дипломдар алуда. Келесі жылы біз 600 орындық жаңартылған теңіз академиясының корпусын ашуды жоспарлап отырмыз, бұл теңіз саласы үшін мамандар даярлау сапасын арттырудың кезекті қадамы болады.

– Университеттегі Теңіз академиясы түлектерінің дипломдары шетелдерде қалай танылады, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігі қандай? Оқу бағдарламалары халықаралық аккредитацияға ие ме?

– Yessenov University халықаралық Теңіз университеттері қауымдастығының (IAMU) мүшесі атанды. Оқу ордамыз Орта Азия елдерінің университеттері арасында алғаш болып әлемдік беделі бар қауымдастыққа еніп үлгерді. Бұл бізге Теңіз академиясының ғылыми жобаларын сол халықаралық ұйыммен бірігіп жүзеге асыруға, осы саладағы білікті шетелдік ғалымдарды шақыруға мүмкіндік береді. Университетіміздің халықаралық деңгейде мойындалғанын көрсетеді.

– Бұрын университеттің деңгейі мен сапасы сын көтермегені белгілі. Бүгінгі таңда университет рейтингі қандай деңгейде?

–Мен 2017 жылы университетті басқарған кезде Есенов университеті ерікті түрде ұлттық рейтингтерге қатысқан жоқ. 2014 жылы 19 көпсалалы жоғары оқу орындарының арасында 18-орынға, ал 2015 жылы – 18 ЖОО арасында 18-орынға ие болған.

Біз рейтингтерде бағымызды сынауды қайта бастау туралы шешім қабылдадық, өйткені бұл – прогресті бақылауға және жұмыс нәтижелерін объективті бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіш. Бірте-бірте университет өз көрсеткіштерін жақсарта бастады және биыл СҚЕТА агенттігінің мәліметінше, Есенов университеті Қазақстанның көпсалалы 16 жоғары оқу орындарының рейтингінде 6-орынға ие болды. «Атамекен» рейтингісіне сәйкес университеттің 15 білім беру бағдарламасы елдегі үздік ондыққа кірді. Оқу орнымыз өңірмен өзектес, әлеммен сабақтас. Университеттің стратегиялық жоспары мен жергілікті еңбек нарығының динамикасын ескере отырып, оқу бағдарламалары уақытпен өзгеріп, жаңартылып отырады. 30 білім беру бағдарламамыз Германия ACQUIN халықаралық аккредиттеуінен сәтті өтті.

Университетіміз QS Asian University Rankings рейтингінде соңғы жылдары 200 сатыға жоғарылап, 451-460 орын аралығында орналасып, «Central Asia»-да 28-орынға шықты.

– Туризмді дамыту – облыс үшін келешегі бар бағыттардың бірі. Университет осы салада қандай жобалар немесе зерттеулер жүргізіп жатыр? Жергілікті туроператорлармен және мемлекеттік құзырлы органдармен бірлесе жұмыс атқарасыздар ма?

– Осыдан жеті жыл бұрын бізде туризм, қонақүй және мейрамхана бизнесі бойынша бағдарламалар болған жоқ, ал қазір олар халықаралық дуальды оқыту жүйесінде табысты жұмыс істеуде. Бірінші курс студенттері теориялық дайындықтан өтеді, ал келесі үш жыл оқуды әлемдік стандарттарға сәйкес келетін ең жақсы қонақүйлердегі тәжірибемен біріктіреді. Университет жергілікті туроператорлармен, мемлекеттік құзырлы органдармен және басқа да ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

– Президент тапсырмасымен Есенов университетінің жанынан Қазақ-неміс тұрақты инженерия институты ашылып, жұмыс істей бастады. Бұл институт өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қандай үлес қосады?

– Yessenov University базасында былтыр Қазақ-неміс тұрақты инженерия институты ашылды. Бұл – Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың электр энергетика саласы мен баламалы энергетиканы дамыту туралы тапсырмасын орындау мақсатындағы іргелі іс-шараларымыз. Қазір 120-дан астам студент оқып жатыр. Институт Маңғыстау облысындағы жасыл сутегі өнеркәсібінің қажеттіліктерін қанағаттандырып, «Hyrasia Energy» компаниясына неміс стандарттары бойынша болашақ баламалы энергетика және жаңартылатын ресурс саласындағы инженерлерді даярлап жатыр. «Hyrasia Energy» компаниясы (Svevind Energy GmbH еншілес компаниясы) Маңғыстау облысында «жасыл» сутегі өндіретін зауыт салу жобасын іске асырады.

Маңғыстау облысының 2021–2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарында Қазақ-неміс тұрақты инженерия институты ғимаратының құрылысына 2025 жылға 10 млрд теңге қарастырылды. Қазір жүргізілетін жұмыс нақтыланып, бастапқы жұмыстары қолға алынды.

– Оқудан тыс уақытта студенттер немен айналысады, университет олардың жан-жақты дамуына қалай ықпал етеді?

– Біздің басты міндетіміз – Маңғыстауда дарынды жастарды ұстап қалуға мүмкіндік беретін жағдай жасау. Жатаханалар мен спорт кешендерінен бөлек, университет студенттік саябақ, 1 500 орындық заманауи стадион және Yessenov Technopark сияқты бірқатар маңызды нысанды пайдалануға берді. Бұл нысандар студенттер үшін көпфункционалды инфрақұрылымды қамтамасыз етіп қана қоймай, Маңғыстау облысының инновациялық дамуының маңызды элементтеріне айналмақ. Жаңа технопарк IT мамандарын және кәсіпкерлерді даярлауға жетекші алаң болмақ, роботтехника, цифрлық өндіріс, металл және ағаш өңдеу аймағымен, сондай-ақ студенттер үшін негізгі салаларды автоматтандыру үшін роботтық жүйелерді, энергияны үнемдейтін технологияларды және оңтайлы шешімдерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

Онымен қоса Есенов университеті 01 Edu платформасын енгізген еліміздегі алғашқы жоғары оқу орны болдық. Біз Николя Садирак әзірлеген және Epitech, École 42, 01 Edu және 01 Talent жобаларында жүзеге асырылған француз моделін енгізудеміз. Бұл әдістеме мұғалімсіз білім беруге негізделген, онда өзара оқыту (peer learning) және нақты жобалық тәсілдер арқылы білім беру қолға алынған. Екі жылдық бағдарлама аясында студенттер IT саласындағы жасанды интеллект, ойындарды әзірлеу, блокчейн және киберқауіпсіздік сияқты бағыттарды меңгереді. Бұл оларды «Google» және «Amazon» секілді ірі компанияларда табысты мансап құруға даярлайды.

– Сізбен сұхбаттасу арқылы университетте жүріп жатқан ауқымды істер туралы білдік. Ісіңізге сәттілік тілеймін.

Әңгімелескен –
Гүлайым ДӘУІТБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Кінәлі кім?

Жақында Семей қаласында жаңа жылдық шыршаны безендіруге заңсыз тартылған мұғалім биіктен құлап, жарақат алғаны туралы ақпарат желіде желдей есті. Бұл жайында жергілікті мемлекеттік органдардан бастап, Оқу-ағарту министрі мәлімдеме жасап, пікірін білдірді. Кейінгі кезде мұғалім мәртебесі туралы мәселе биік мінберден жиі көтеріліп жүр. Ал биіктен құлаған ұстаздың жұмыстан бос уақытта заңсыз еңбекке тартылуы педагог абыройын асқақтату мәселесін майшаммен қарауды тағы бір еске салады.

Қуат ҚИЫҚБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Оқиға Семей қаласының орталық алаңында жаңа жылдық шыршаны құру және безендіру кезінде 21 желтоқсан күні орын алған. Облыстық білім басқармасының дерегіне сенсек, сол күні сағат 15.00-де мұғалімдерді жаңа жылдық шыршаны безендіруге тарту фактісіне қатысты шұғыл кеңес өткізілген. Кеңесте облыс әкімі оқиғаның барлық мән-жайын анықтау үшін қызметтік тексеріс жүргізуді, ал денсаулық сақтау басқармасына зардап шеккен Семей қаласындағы №49 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қуат Айтқалиевтың жағдайын бақылауға алуға тапсырма берген.

Заңсыз жұмысқа тарту фактісі бойынша қызметтік тексеріс қорытындысына сәйкес қаладағы үш бірдей мектептің, атап айтар болсақ №49, №40 және №19 мектеп ұстаздарын шыршаны безендіруге қатыстырғаны үшін аталған оқу орындарының директорлары қатаң сөгіс алды. Бұған қоса, Семей қалалық білім бөлімінің басшысы Біржан Заманбекұлы қызметінен босатылды. Жағдайды үйлестірген қала әкімінің орынбасары Арайбек Хамзаевқа қатаң сөгіс жарияланды.

Абай облысы білім басқармасының басшысы Нұржан Ахметқалиевтың сөзінше, бұл мұғалімдер құқын бұзу мен заң талаптарына қайшы әрекет екені анықталған. Жағдай облыс басшысының қатаң бақылауында тұрғанын да ескертті басқарма басшысы.

Оқыс оқиғаға душар болған Қуат Айтқалиев ұстаздық қызметімен бірге оқырмандарына жылы шығармаларымен танылған жас қаламгер. Қуат Айтқалиевтің шырпыр болып шындық іздеген зайыбы Сымбат Аянқызы мұғалімді демалыс күні заңсыз жұмысқа тарту педагог құқығын аяққа басу деп есептейді. Шыршаны құрып жатып, 4-5 метр биіктен құлаған мұғалімнің әйелі журналистерге берген сұхбатында сол күні күйеуіне «алаңға барып, шырша құрасыңдар» деген бұйрық мектеп директорынан түскен. Ал мектеп басшысына бұл нұсқау қалалық білім бөлімінен болған көрінеді.

«Семей қаласы әкімнің шыршасын құру мен безендіруге 30 млн теңге бөлінген, ал оны мұғалімдер құрды. Жолдасым 4-5 метр биіктен құлаған. Әлібі деген досы әрі әріптесі хабарласып мектептің директоры Гүлфариза Тоқтаубайқызының: «Ертең таңғы сағат 08.00-09.00 аралығында алаңға барып, шырша құрасыңдар» деген бұйрық бергенін айтты. Күйеуім таңғы сағат 09.30 кезінде алаңға жетіп, шырша құруға кіріскен», дейді Сымбат Аянқызы.

Қазір ауыр жарақат алған мұғалім жансақтау бөлімінде есін жиған. Бассүйегіне зақым келген. Оқиға болған күні шұғыл ота жасалған. Алайда үш ай өткен соң екінші күрделі ота жасау жоспарда бар дейді дәрігерлер.

22 желтоқсан күні өзінің фейсбуктегі жеке парақшасында Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев осы оқиға бойынша ойын ортаға салып, ауыр жағдайға тап болған мұғалімнің жағдайы қатаң бақылауға алынғанын жеткізді.

«Семей қаласында мұғалімдерді жаңажылдық шыршаны безендіруге тарту және әріптесіміздің осы іс барысында жарақат алуы – заң бұзушылықтың айқын көрінісі.

Педагогтердің кәсіби міндеттеріне жатпайтын мұндай жұмыстарға тарту – «Педагог мәртебесі туралы» заңды өрескел бұзу деп санаймын. Бұл оқиғаға байланысты облыс басшылығы әділ әрі жан-жақты тексеру жүргізіп, алдағы уақытта мұндай келеңсіздіктердің қайталануына жол бермеу үшін тиісті шаралар қабылдайды деп үміттенемін.

Қуат Айтқалиевтің отбасына шынайы қолдау білдіре отырып, оның тезірек сауығуын тілеймін. Қазіргі уақытта оған барлық қажетті медициналық көмек көрсетіліп жатыр. Бұл жағдай ерекше бақылауға алынды», дейді министр.

Мемлекет басшысы педагогтердің қоғамдағы рөліне ерекше мән беру керектігін басты назарда ұстап келеді. Олардың құқықтарын «Педагог мәртебесі туралы» заң аясында мұғалімдерге үлкен қолдау екені белгілі. Оларды қоғамдық жұмысқа тарту, заңсыз еңбекке мәжбүрлеу заң шеңберінен шығу, заңды бұзу фактісін әйгілейді.

Білім саласында биікке көтеріліп, ғылымнан ғибрат іздеген, әдебиетті бар өмірінің мәніне айналдырған жас педагогтің келешектегі жағдайы не болмақ деген сауал жақын жанашырларын алаңдатып отыр. Аяқ-қолы сынып емес, бассүйегі сынып, миына зақым келгендіктен апталдай азаматтың ауыр халі алдымен отбасына ауыр салмақ екені айтпаса да айқын жайт. Туыстары сотқа арызданып, нақты кінәлілерді жазаға тартылуын талап етпек.

«Ұстаз» фильмін көрді

Астанада педагогтер мен білім саласының ардагерлеріне арнап «Ұстаз» фильмінің таныстырылымы өтті.

Айтолған ЖҮНІСХАН,
«Egemen Qazaqstan»

Іс-шараны ұйымдастыруға Оқу-ағарту, Мәдениет және ақпарат министрліктері мен Жетісу облыстық әкімдігі қолдау көрсетті.

Фильмнің режиссері – Ерлан Ошақбаев. Бұл туындыда жас мұғалімнің туған ауылына оралуы, өзі білім алған мектепте жұмысқа орналасуы, оқушылармен байланысы, мұғалім беделін нығайтуға деген талпынысы, ұстаздықтың қиындығы мен қызығы көрініс тапқан. Сондай-ақ фильмде заманауи педагогиканың өзекті мәселелері де қозғалған. Таныстырылым барысында Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, фильмді еліміздің телеарналарында көрсету туралы бастама көтерді.

«Мемлекет басшысы педагогтердің қоғамымызда маңызды рөл атқаратынын атап өткен болатын. Бұл сөздер педагогтерді қолдауға және білім сапасын арттыруға бағытталған нақты қадамдармен бекітілді. Алғашқы және маңызды қадамдардың бірі 2019 жылы «Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы болды, ол педагогтердің жұмыс жүктемесін азайту, артық функциялардан босату және жаңа ынталандыру шараларын енгізу мәселелерін реттеді. Осы фильмнің негізгі миссиясы – педагогтің тек мамандық емес екенін көрсету. Олардың қоғамдағы рөлін терең түсінуге, жас мұғалімдер үшін жауапкершілікті сезінуге және кәсіби дамуға шабыттандыратын маңызды себеп болатынына сенемін», деді министр.

Фильмнің идея авторы – белгілі журналист Бейсен Құранбек, сценарийін жазған – Гүлмира Қадырқызы. Кейіпкерлердің рөлін Жетісу облыстық драма театры мен оқушылар сарайының актерлері сомдаған.

Айта кетейік, «Ұстаз» фильмі Жетісу телеарнасының қолдауымен түсірілген. Енді бұл туынды еліміздің басты телеарналарынан көрсетілмек. Бұл фильм – мұғалім мамандығының беделін арттыруға әрі оның қоғамдағы орнын айшықтауға бағытталған ерекше жоба.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА – 85

Темірқазығы – Махамбет, Шолпан жұлдызы – Сара...

Өлең мен ақын. Ақын мен заман. Ақын мен қоғам. Бұл ұғымдар байланысының мәні тереңде. Дәуірден озатын өлең бар. Заманнан озатын ақын бар. Қоғамды, ортасын өзіне тәнті ететін де ақын. Қазақ өлеңінің сан ғасырлық бітімі ақын-жыраулардың сөз бастаған әрі қол бастаған қалпымен айшықталатыны ақиқат. Осы санатта халқына барынша танымал, сүйікті, өлеңдегі ағаға қадірлі қарындас, құрдасқа адал дос, кішіге қамқор бола білген Фариза Оңғарсынованы айрықша атауға болады.

Поэзия сарайына асқақтай басып кірген Фаризаның ақындық болмысын даралаған мінезді де тегеурінді әрі сыршыл өлеңдері болса, азаматтық болмысын айқындаған – айналасындағы жақын да, жат та жандарға қамқорлығы еді. Ол – Оңғарсын әулетінің ғана жел жағындағы панасы, ық жағындағы саясы болған жоқ, қазақ елінің қарапайым перзенттеріне, әдебиет әлеміне қадам басқан буыны қатпаған әрбір жасқа мейірімін сыйлап, оларды қолтығынан демеген даладай дарқан жүректің иесі.

Бала күнімде үйде «Шілде» деген тысы қоңыр кітап болды. Сол кітапта алғысөз орнына «Сырымды саған айтам...» деп аталатын жазба ұсынылған. Ол жазбаны ақынның кімге, қай досына арнап жазғанын білгім келгені, «Неге ол жан досының атын атамаған?» деп ойлағаным есімде. Тағы бір кітапты қызыға оқыдым, аты – «Арулар отты жылдарда», мұның да тысы қоңыр. Бұл екі кітаптан да көргенім – Фариза Оңғарсынованың аты-жөні. «Арулар отты жылдарда» деген кітаптың құрастырушысы, «Шілде» кітабының авторы. Әуелгіде көбірек, қайталай оқығаным – Оңғарсынованың құрастыруындағы кітап. Қазақтың қаһарман арулары Мәншүк пен Әлияның, майдан кешкен басқа да нәзік жандардың тағдыр талайы арқау болған бұл кітаптың маған әсері ерекше болды.

Кейіннен Алматыдағы Қазақ университетінде студент болып жүргенде армандай болған айрықша адаммен танысудың сәті түсті. Басылымдар үйіндегі «Пионер» журналының редакциясына, ақын ағам Светқали Нұржанға жары Бибайша екеуіміз, тағы да бір-екі адам бардық. Фариза апайды түрлі поэзиялық кештерден көріп жүргенімізбен, барып амандасуға батылымыз жетпейтін. Редакцияның қабылдау бөлмесінде тұрғанымызда редактордың кабинетінен Мейірхан аға Ақдәулет пен Светқали аға шықты. Олармен бірге Фариза апай да шығып келеді екен. Түрі сұсты жанның адамды ықтырып тұратын бір айбары бар еді. Мұқағалидай нар ақын құрмет тұтып, жыр арнаған Фаризамен жақын жүздесу сол кезде жиырмаға енді жеткен мен үшін қаншалықты маңызды оқиға екенін қалам ұстаған әр адам сезінер.

Бибайшаның сәлемін алған соң, жігіттерге зілді сөйлеп, зекігендей болған ақын апам маған бұрылып: «Мына бала кім?» деп жұп-жұмсақ үн қатты. Жөпелдемеде ештеңе дей алмадым. Сасқалақтағаным болар: «Светқали ағаға келіп едік», деппін. Фариза апамыз жылы жымиды. «Бұл қызыңыз өлең жазады. Бұйырса ақын болмақ», деп Светқали аға таныстырып жатыр. «Өзі бір жапырақ, өлең қай жерінен шығады мына баланың?» деп апам тағы да жып-жылы сөйледі. Қорқынышым сейіліп, қысылған қалыптан еркіндеу алаңға қарай шыққандай болдым. Фариза апай осыдан соң бірнеше өлеңімді «Пионер журналының айқарма бетіне жариялаған еді. Сол өлеңдермен қоса берілген суретімді редакцияға арнайы шақырып, фотографқа түсіртті.

Оқу бітіріп, «Желтоқсан желінің» екпінімен ауыл жаққа кеттім. 1990 жылдың жазында сіңлім Ләззат екеуіміз Алматыға қыдырып келдік. Алматыға, ҚазМУ қалашығына аңсарымыз ауып тұрушы еді. Арнайылап Фариза апайға бардым. Кабинетінде Әбиірбек Тінәлиев (алғаш көруім), тағы басқа біраз жастар отыр екен. Әбиірбек ағаның Мұқағалидың сөзіне жазылған «Фаризаға» әнін тұңғыш осы жерде тыңдадым. Апай халімді, қайда жүргенімді сұрастырып жатыр. «Өлеңдерің бар ма қолыңда?» деп сұрады. Ақ параққа қолмен жазып дайындап әкелген бірнеше өлеңімді алды. «Бүгін жақсы бір кеш болады. Соған міндетті түрде қатыс», деді. Бұл кеште Табылды Досымов ән салды. Өлең оқылды. Әбиірбек манағы біз тыңдаған «Фаризаға» әнін орындағанда зал дүр сілкінгендей болды. Әннің сахнада алғаш орындалуы екен. Кеш аяқталған соң, қоштасарда Фариза апай: «Жоғалып кетпе, өзіңді жоғалтып алма! Хабарласып тұр», деді шегелеп.

Ауылда ол кезде радио хабарлардың таралуы өте жақсы деңгейде. Арада ай өтпей өлеңдерім радиодан оқылды. Пошта арқылы әжептәуір көлемде қаламақысы да келді. Фариза апайға редакция телефонына хабарласқанымда «Өлеңдеріңді тыңдадың ба? Қаламақыңды алдың ба?» деп сұрады. «Иә, апай» деймін. «Өлеңнен қол үзбе. Күйбең тірлікке бағынып кетпе!» дейді апайым.

Арада біраз уақыт өткенде, 1999 жылдың жазында Фариза апаймен Астанада жолықтық. Баяғы жылы сөз, қамқорлық, «айналайын» деген еміреніс. «Өлеңіңді «Қазақ әдебиетінен» оқыдым. Өзіңді жоғалтпағаныңа ризамын», дейді. Төбем көкке тигендей мәз болдым.

Астанаға қоныс аударғаннан кейін Фариза апаймен жиірек жүздесіп тұрдық. Ол кісі Парламент Мәжілісінің депутаты болып жүрген кезі. Астанаға еліміздің әр тарапынан жас ақындар келіп, «Шабыт» шығармашыл жастар фестиваліне қатысып жатқан. Апай маған сол ақындарды ұйымдастырып, бір дәмханаға өзінің атынан шақыруды тапсырды. Жастар бұл шақыруға барынша қуанды. Фариза апай он бестей жас ақынды қонақ етіп, әдемі бір отырыс өткізді. Бұл – екі мыңыншы жылдардың басы. Кейіннен бірнеше жыл қатарынан фестивальдың «Поэзия» аталымы бойынша қазылар алқасының төрағасы болды. Жүлделі орындар, атаулы сыйлықтарды «Талантты жастар көп екен, тағы да бөлсеңіздер», деп ұйымдастырушыларға беделін салып жүріп алғанына куә болдық.

Біз, өзінен кейінгі жастар, өлеңдегі сіңлілері Фариза апайды барынша жақсы көрдік. Талай рет үйінде болып, дастарқанынан дәм таттым. Бауырсағын пісіріп, шайды баптап өзі құятын. Шай үстіндегі әңгімесі өлең, жастар поэзиясы туралы болатын. Фариза апайдың адамгершілік бейнесі, қайраткерлік тұлғасы қалың қазаққа барынша белгілі. Өйткені ол үнемі халықтың ортасында жүрді. Мен өзіме қатысты бар болғаны бірді-екілі оқиғаны ғана баян еттім. Ақын апайымның мұндай қамқорлықтарын әлі де тізбелеп айта беруге болады.

Ф.Оңғарсынованың ақындық болмысы мен қайраткерлік тұлғасы оның өмірдегі өзіндік айрықша бейнесін даралады. Егер ол баяғы амазонкалар дәуірінде өмір сүрген болса, сөзсіз олардың патшайымына айналар еді. Өйткені оның өр де қайсар болмысы қаһарлы жаудан қаймықпай қаһармандық салтпен өмір сүрген ержүрек аруларға көсем болуға әбден лайық.

Ақындық ғұмыр алаңында өткен мен бүгін, бүгін мен болашақ тоғысады. Ізгілік пен зұлымдықтың мәңгілік күресі жүріп, Абайша айтқанда «махаббат пен ғадауат» майдандасады. Осы мәңгілік майданның бірегей жауынгері бола білген Фариза жырларының айшығы мінез еді.

ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап қазақ поэзиясына тың серпін, жаңа леп әкелген ақындар шоғырының ішінде Фариза Оңғарсынованың есімі ерекше аталатыны белгілі. Оның поэзиясы қазақ өлеңінің көкжиегін жаңа бояумен түрлендіріп, оқырман жүрегіне жол тапқан туындылардан түзілген. Ақын лирикасы адамның көңіл күй құбылысын, жан сырын, өмірдің әр алуан сәттерін, ізгілік, жақсылық, мейірім сияқты адами құндылықтарды арқау етуімен ерекшеленеді. Он алты-он жеті жастағы бойжеткен «Ұнатып ем» өлеңінде:

«Жасымнан ұнатып ем бір жігітті,
Сүюдің қиындығын кім біліпті.
Көз қырын тастамай ол өте берді,
Жүрекке арқалатып нұрлы үмітті.
Әдейі оны күнде жанап өтем,
Ойпыр-ай, ғашық болған жаман екен,
Көңілдің жайлаулында сайран салып,
Жаныңды талай күйге салады екен.
Сол жігіт білсең атын өлең деген,
Жымияр: «Саған оңай көнем бе мен!» –
Ерте-кеш болса да бір естір ме екем
Бір сөзін «Сені жақсы көрем!» деген», –

деп өзінің өлең атты тылсым әлемге іңкәрлігін сыршылдықпен бейнелейді. Өлеңге іңкәр болмысты жігітке ғашық болған балауса бойжеткен түрінде суреттеу – Фаризадай болашақ талантты ақынның тегеурінін танытса, жылдар жылжып, шеберлік шыңдалып, кемелдік артқан шақтағы туындылары ұлт поэзиясының көркемдік деңгейінің биіктеуіне үлес қосқан айтулы өлеңдер болып шумақталды. «Дара күндері мен нала түндерінің» серігі болған өлең ақын үшін тірі рух, шыны мен сырын, қуанышы мен қайғысын бөлісер өзінің екінші сыңары іспеттес. Өлеңге мінез, сол мінезді танытатын тереңдік пен биіктік керек десек, ол Фариза өлеңдеріне тән сипат. Ақын мұрасына үңілгенде өлең сөздің қадір-қасиетін жан-жүрегімен сезініп, оған бар ықыласымен құлаған ақынның өзі өлеңге айналып кеткендей сезінесіз. Өлеңді рухани серігі әрі демеушісі еткен ақын:

«Күлкімді, жайлы күнімді,
Азапты, қайғы-мұңымды
Өзімнен бөліскенің үшін
Қатем мен жеңістерім үшін,
Менің мынау қиындау тағдырым болып
О баста көріскенің үшін,
Өлең, мен сені аялап өтем!» –

деп өзінің өлеңмен тұтасқан тағдырына бас иеді.

Нарынның құмы, Ақжайықтың жағасы, көгалға тігілген киіз үй, жүйтки шапқан жүйрік, үлкен өмірге балаң көзбен қараған балауса қыз, бойжеткеннің аласұрған жүрегі мен жан дүниесін шарпыған ғашықтық сезім, бозбаланың ғашық халі – Фариза ақынның көркемдік қуаты мол өлеңдерінің шырайын айшықтаған мотивтер. Сондай-ақ ел мен жер тарихы, айтары көп аңыздар, қайшылыққа толы оқиғалар – ақын шабытына нәр беріп, қуат сыйлар қайнар көз. Махамбеттей адуынды, жалаң қылыш ақынның жырларындағы ерлік пен елдік мұраты Фариза өлеңдерінің өзегіне сіңген. «Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім» өлеңінде рух жақындығын ақын көрген түстегі кездесу мотивімен бейнелейді. Түсінде Махамбет толғаған сыр, айтар арман, қояр талап:

«Перзенті ем аңғал даланың,
Жыр-семсер жалғыз жарағым,
Жымиып келген жылпостар
Асырды менен амалын:
Жүруге батпай ығымнан,
Сұсымнан қорқып тығылған
Жансыздар мені жайратып,
«Қаройда» солай жығылғам...
Өлмесін жерде ғұмырлы ән,
Отты жыр өргін мұңымнан.
Үмітім сенсің, жас құсым,
Түлеп ұшатын тұғырдан.
Тек шындық күтем мен сенің
Ақ алмас жүзді жырыңнан!» –

деп беріледі. Ақындық асыл мұрат, үзілмес дәстүр сабақтастығы, азаматтық позиция Фариза жырлауында осылайша Махамбет рухымен суарылады. Поэзия – ақиқаттың қайнар бұлағы десек, ақынның ақынға аманат еткені сол ақиқатты айнымас ұстанымына айналдыру. Өршіл сарынның өктемдікке емес, азаматтық парасат биігіне нұсқауы – Фариза ақын өлеңдеріндегі лейтмотив. Ол – ерлік пен қайсарлықты, ізгілік пен адамгершілікті, сұлулық пен нәзіктікті шебер үйлестіруімен ерекшеленетін суреткер. Махамбеттей аруағы асқан батырмен бірге ерекше тағдырлы, нәзік болмысты жандардың да ақын өлеңінің кейіпкерлеріне айналуы – осыған дәлел.

Маңғыстау түбегіне аңыз болып тараған Қайып пен Ақбөбектің мұңлы махаббатын ақын Фариза тебірене жырға қосады. Ақбөбекті лирикалық кейіпкер ете отырып, арманды арудың жан сезімін тереңнен танытады. Ақбөбектей аяулы ару қыздың аңсарын арқау еткен поэтикалық тіркестердің соншалықты шынайылығын әрі көркемдік қуатын сезінгіңіз келсе, осы циклдегі мына жолдарды қайталап оқыңыз:

«Елестейді жанбаған бағым әлі,
Сорлы жүрек сол күнді сағынады...
...Ақбөбек пен Қайыптың қызығы деп
Тойлы ауылға кәрі-жас ағылады.
Балалар мәз. Думанға күлкі ұласып,
Жаңа жерді жатсынып, жылқы қашып...
Көк шалғынға көміліп жас құлындар
Жатса-ау, шіркін, желіде шұрқырасып!»

Ақбөбектің монологінде арудың арманы жадағай айтылмайды, қазақ даласындағы салтанатты тойдың қалпымен тұтастырылады. Ақынның ұлттық салт-дәстүрді барынша қастер тұтып, жадында жаттағаны көркем бейнелеулерден айқын аңғарылады. Ару қыздың қиялымен берілген той суреті кілт бұрылып, басқа қалыпқа ауысады:

«Қол жетпеске талпынар көңіл деген,
Аңсауменен бұл күнді өмірде мен
Өтемін гой, құдай-ай, құсалықтан
Жалғыз тамшы жас қалмай төгілмеген»...

Ақбөбектің орындалмаған арманы алдыңғы екі жолға арқау болса, ауыр қасіреті соңғы екі тармақты бар салмағымен қайыстыра жаншып тұр. Ақынның талант қуаты мен суреткерлік шеберлігі әр шумақтағы осындай оқырманын үйіріп әкететін суреттеулерден түзілген.

Ақбөбек тағдыры – Фариза ақынның жадында сақталып, жүрегін толқытқан шынайы махаббаттың қадірі мен қасиетін, мұңы мен қасіретін сезіндірген оқиға. Фариза апай бірде Ақбөбекке ғұмыр бойы ғашық боп өткен, артына махаббаттың қайғысын шерткен тамаша ән қалдырған әйгілі Қайыптың баласымен кездескенін айтқан еді. Апайдың айтып берген әңгімесінің ұзын-ырғасы: «Шымкентке барған бір сапарымда Қайыптың баласымен таныстым. Еңгезердей қарт адам келіп амандасып: «Фариза, мен баяғы Қайыптың баласымын, атым Сақыберген», деді. Біраз әңгімелестік. Ол кісі: «Әкей Маңғыстаудан кеткеннен кейін көп жерде сая таппай, Тәжікстан жағына тұрақтаған. Сонда шешемізбен бас қосып, біз дүниеге келдік. Әкей әнші, домбырашы әрі шебер кісі еді. Ара-тұра теріс қарап, бүк түсіп жатып қалатын дерті болатын. Ондайда шешеміз: «Дабырламаңдар, қатты сөйлемей, ақырын жүріңдер. Әкелерің жасында Ақбөбек деген әйгілі сұлуға ғашық болып, екеуі бір-бірін сүйсе де қосыла алмай қалған. Содан осылай қайғыдан құса болып, ара-тұра сол құсасы күшейіп кетеді», деп ескертетін, әкейдің мазасын алмауымызды қатаң қадағалайтын», деп әңгіме шерткенде мен махаббаттың, ғашықтықтың осындай шынайы құдіретіне әрі қосағын түсіне білген қазақ әйеліне барынша сүйсіндім». Қайыптың кейінгі бұл қосағы – Адайдан шыққан Ақыл палуанның қызы Қалия деген анамыз екен.

Фариза апайдың «Ақбөбек жырлары» осындай өлмес, өшпес шынайы сүйіспеншілікке өлеңнен қойылған ескерткіш.

Қазақ аруларының сұлулығы мен айнымас адалдығы, өнері, өрлігі мен ерлігі ақынның поэтикалық кеңістігінде алуан түрлі бейнелеулермен астасып, әрқайсысы өзіндік қайталанбас болмысымен көрінеді. «Сайраған Жетісудың бұлбұлымын» циклінідегі Сара ақынның бейнесі ақын қаламында жаңаша түрленеді. Бұл топтаманың «Арнау» атты кіріспесінде Фариза ақынның Сара ақынды барынша құрметтеп, «Темірқазығым – Махамбет болғанда, Шолпан жұлдызым – өзіңсің» деуі, Сара тағдырымен өз тағдырын ұқсастыруы жайдан-жай емес.

«Ақын Сара, саңлағы жыр-жарыстың,
Шашылғандай бейуақта шыңнан ұшқын,
Арманшылдау жанымды алау шарпып,
Қанатымды жырыңа шыңдап ұштым.
Арман – жолда
Шың-құздар өріндегі
Адастырмай албырттау көңіл мені –
Жалқы Темірқазығым – Махамбет те,
Жыр-Шолпаным – өзіңсің көгімдегі!
Жыр-әлемде жолдар аз таң нұрындай,
Зулап өтер дауылға, шаңға ұрынбай,
Бұралаң жол, бұрқасын өткелімен
Сендік тағдыр менің де тағдырымдай...
Бас тарттым да басқаның соқпағынан,
Жол таңдадым жел ұрып, шоқ қарыған.
Адасайын, адассам,
Шағылысқан
Темірқазық, Шолпанның оттарынан!»

Сара Тастанбекқызы – қазақ өнері тарихындағы айтулы өнерпаз тұлға болумен бірге, тіріде басы қаншалықта дауға қалса, ақындық мәңгі ғұмырында да сол дауы арылмаған күрделі тағдыр иесі. Сараның ақындығына күмән келтірген жел сөздерге Фариза ақынның «көзіңді ашып қара» деп қамшымен осып жібергендей серпіні қуатты осы жыр жолдары үлкен тосқауыл болады.

2013 жылдың қаңтарында «Алтын қыран» қайырымдылық қорының қолдауымен (президенті – қазақ әдебиеті мен өнерінің жанашыры Исламбек Салжанов) «Сара саңлақ» атты кітап жарық көрді. Кітапты әзірлеген белгілі жазушы Шәрбану Бейсенова еді. Сәл бұрынырақ Шәрбану апайдың өтінішімен кітаптың алғысөзін Фариза апай жазды. Алғысөз «Менің Шолпан жұлдызым» деп аталады. Осы жазбасында мынадай жолдар бар: «... Кейде Сара ақынды түсімде көретінмін: үстіне етегі кең ақ көйлек, басына үкісі бұлғақтаған тақия киген сұңғақ бойлы бейнесі анандай жерден елестейтін. Содан бері Сара ақын менің Жыр-Шолпаным болып қалды. Мені ақындыққа талпындырған және жазғыш ер-азаматтардан қалыспауға үйреткен – Сара апамыздың тағдыры, шығармашылығы. Әдебиеттің бір шетінде жүрген мен үшін Сара апамның сонау бала кезімде елестеп, биіктерге жол сілтеген жарқын бейнесі әлі күнге дейін бір сәт көмескіленбей, Шолпан жұлдызым болып алдымнан сәуле шашып тұрғандай сезінемін». Бұл жолдарды оқып отырып Фариза ақынның бұрынғы өткен өнерпаз аруларға деген ерекше құрметіне тәнті боласыз.

Қан майданда от кешіп, қыршын кеткен Мәншүк пен Әлиядай арулардың аңсары мен арманы ақын өлеңінде тірілерге тіл қату түрінде жырланады. «Тыңдаңдар, тірі адамдар!» деген қос арудың бүгінгі ұрпаққа айтар сөзі – ақын сезінген, ұғынған, жүрегіне сіңірген аңсарлы арман, аяулы аманат.

Фариза ақынның бұла мінезді, буырқанған асау жырлары кейде көз алдымызға тұяғымен жер тарпып аспанға атылған арғымақты елестетеді.

«Менде бір толғаныс бар
(Кейде өзім де түсінбеймін),
Дауыл күнгі дарияның күшіндей бір.
Сонау біздің қырдағы тұяқ тілген
Бәйге алаңы секілді дүсірлеймін...» –

деп тебіренген ақынның мазасыз жүрегі енді бірде кең даладағы шексіз еркіндікті аңсайды: «Арғымақтары қайда екен бұ даланың // Бәйге алаңын көргенде шыдамадым» деп аласұрған ақын енді бірде «Мүлгіген меңіреу тыныштықты талқан етер ақ дауылға» айналғысы келеді. Осыншалық буырқанған екпінге толы ақын жаны оқырманын енді бірде терең сыршылдыққа қарай тартып әкетеді. Қатқабат сырға толы адам болмысын, оның мұңы мен қуанышын, жүрегінде тайталасқан сезімдер қақтығысын, ұлттық, елдік, ерлік, адамгершілік мұраттарды шынайылықпен, сезімталдықпен бейнелеген өлеңдер – Фариза ақынның поэзиядағы айрықша тұлғасын айшықтаған рухани мұрамыз.

Ақын поэзиясының мәні мен мазмұнын, тереңдігі мен биіктігін, шынайылығы мен сыршылдығын, шиыршық атқан тартысты зерттеп-зерделеу әлі өз деңгейінде толық жүзеге асқан жоқ. Біз әлі сырттай қызықтау мен сипаттаудан аса алмай жүрген сияқты сезінемін кейде.

Таяуда ақынның туған жері Атырауда, ақынның көзі тірісінде өзі бастап берген «Фариза және оның ақын сіңлілері» атты жыр мерекесі өтті. Ақынның құрметіне ұйымдастырылған іс-шара конференцияға жалғасты. Еңселі ескерткішке гүл қою рәсімінде ақынның екі ұлы – Айбар мен Алмас, сіңлісі Алмагүлдің қасында тұрдық. Айбардың анасын сағынғанын көзіне іркілген жастан сезіндік. Апаймен құрдас бір замандасы сөз сөйлегенде Алмас: «Мамам тірі болса осылай жүрер еді ғой», деп қалды. Біздің де көкейімізге іркілген сөз еді бұл, Жазмыштан озмыш жоқ деген...

Ақын ғұмыры – мәңгілік. Қазақ деген ел барда Фариза да жасай береді. Рух өлмейді, рухтың тынысы болған поэзияның ғұмыры мәңгілік. Біз осыған сенеміз, осылай көңіл жұбатамыз.

Жанат ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Дубайдағы даңқ

«Астана Операның» Дубайдағы өнер сапары зор табыспен өтті. Аңызға айналған Юрий Григоровичтің хореографиясындағы П.Чайковскийдің «Щелкунчик» танымал балеті «Дубай Опера» сахнасында қойылды. Көрермендердің жүрегін жаулаған қойылымда үнімен ұйытқан симфониялық оркестрді италиялық маэстро Джузеппе Акуавива басқарды.

Назерке ЖҰМАБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Театрдың жетекші солистері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері – Айгерім Бекетаева, Бақтияр Адамжан, Еркін Рахматуллаев, сондай-ақ халықаралық байқаулардың лауреаттары, солистер Шұғыла Әдепхан, София Әділханова, Диас Құрманғазы және кордебалет әртістері Дубай төрінде алты күн бойы қысқы ғажайыптардың ғаламат атмосферасын сыйлады.

Театр тарихына үңілсек, «Щелкунчик» балеті әлемнің көптеген театрында түрлі қолтаңбада қойылған. Ал оның төл нұсқада сарапталған жаңашыл қойылымындағы елордалық труппаның жоғары орындаушылық деңгейі «Дубай Опера» ұжымының да айрықша назарын аударды.

«Астана Опера» әлемде ғана емес, осында, Дубайда да танымал әрі өрелі өнерімен біздің еліміз үшін де сыйлы. Өткен маусым зор жетістікпен есте қалды, труппаның сондағы жарқын өнер көрсетуінен кейін айтулы ұжымды қайта шақыруды ұйғардық. Бұл жолы да билеттер толығымен сатылып, биылғы табысымыз біз ойлағаннан да асып түсті. Бұл «Астана Операны» алғаш көруді қалаған немесе оны бұрыннан жақсы көретін Дубай жұртшылығының осы ұжыммен кездесуді тағатсыздана күткенін дәлелдейді. Труппаның құрамында театрға айрықша энергия үстейтін жас дарындарды көру көңілге ерекше қуаныш ұялатады. «Астана Опера» – орындаушылық өнер әлеміне қатысы бар барлық жанға шабыт беретін жоғары көркемдік шеберліктің жарқын үлгісі», деп атап өтті «Дубай Опера» театрының директоры Паоло Петрочелли.

Дубайдағы алты өнер көрсетудің әрқайсысы көрермендердің ду қол шапалағы мен таңданысына ұласты. Балет труппасы жоғары шеберлік деңгейін паш етіп, отандық әртістердің өнері қала тұрғындары мен қонақтарына ұмытылмас әсер қалдырды. Залда отырған қалың көрермен де қойылымнан кейін өз әсерін қуана бөлісіп жатты. Соның бірі – АҚШ азаматы Зейдан Салей.



«Әртістердің барлығы шынымен де тамаша жұмыс атқарды. Бұл таңғаларлық атмосфералық музыкамен сүйемелденген үздік әрі жігерлі балет болды. «Дубай Операға» алғаш рет келіп отырмын, осыған дейін АҚШ пен Еуропадағы опера театрларында болсам да, мұндай ғажайыпты еш жерден көрмеппін. Бұл – бұрын-соңды тамашалаған спектакльдерімнің ішіндегі ең үздігі. «Астана Опера» труппасының өнер көрсетуі санама үлкен сілкініс әкелді десем, артық айтпағаным. Барлығы 10 билет сатып алып, мұнда отбасыммен және достарыммен келдім, бүгінгі кеш соған тұрарлықтай болды. Әдемі қойылым тамашалап, керемет уақыт өткіздік. Әсіресе залдағы жаһандық атмосфераға таңғалдым: мұнда әлемнің әр қиырынан көрермендер – американдықтар, орыстар, арабтар, үндістер, Оңтүстік Шығыс Азия, Қытай, Жапония тұрғындары жиналыпты. Осы ретте музыканттарды да атап өткім келеді, олар таңғаларлық дәлдікпен және сенімділікпен ойнады. Әртістердің өнер көрсетуі жарқын әрі әсерлі болды. Бұл кеш көпке дейін есімде қалары сөзсіз» деп қойылымнан алған әсерін іркімеді.

Дубайға Мексикадан келген көрермен Артуро Перес Ривера да оның сөзімен келісті. – Керемет өнер көрсетуге куә болдым. Осынау спектакльдің ауқымдылығына тәнтімін. Дубайға Мехикодан арнайы ұшып келіп, «Щелкунчикті» асыға күткен едім. Опера театрының сахнасынан сәні мен салтанаты келіскен костюм, декорациялар һәм көрсе көз тойғысыз әсем бояуларды көре алғанымға қатты қуаныштымын. Шынымен де жоғары деңгейдегі труппаның өнер көрсетуіне куә болдық, деді Артуро Перес Ривера.

Ал маэстро Джузеппе Акуавиваның сөзінше, бұл ғажайып гастрольдік кештерде «Дубай Опера» шағын жер шарын еске салып, онда барлық ел мен ұлт өкілдері жиналғандай әсер етіпті.

– Мәдениет – адамдар мен елдер арасында көпір салуға керемет мүмкіндік. Мен өзімнің барлық мансабымды осы байланыстарды құруға және дамытуға арнадым, деген «Астана Опера» Симфониялық оркестрінің дирижері Джузеппе Акуавива сөзін әрі қарай жалғады: – Біз мұнда осымен екінші рет өнер көрсетіп отырмыз. Әлбетте, бұл – керемет тәжірибе. Былтыр бес спектакль өткізіп, оның бәрінде аншлаг болған еді. Биылғы ұсынған алты қойылымымыз да лық толы зал жинады. Көрермендердің жүрегінен орын алған жұмысымызды мақтан етемін. «Астана Операның» керемет оркестріне дирижерлік етіп, осындай беделді сахнада өнер көрсеткен кезімде мен әрдайым зор қуаныш пен толқынысты сезінемін, деп атап өтті маэстро Джузеппе Акуавива.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен жүзеге асырылған «Астана Опера» театрының шығармашылық өміріндегі маңызды гастроль отандық балет мектебінің жоғары кәсібілігін халықаралық аренада, әлемнің мәдени және экономикалық орталығы Дубайда осылайша зор абырой, теңдессіз даңқ биігінде паш етіп қайтты.

Жеңіл ақшаның қайғысы

Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театрында жазушы, драматург Мадина Омарованың «S.O.S» атты әлеуметтік драмасының премьерасы өтті. Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспар мен нашақорлықтың алдын алу жөніндегі «Астана – есірткісіз қала» акциясы аясында көрерменімен қауышқан қойылымның режиссері – Мәдениет саласының үздігі Аман Ғұмаров.

Назерке ЖҰМАБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Драмаға әлеуметке ортақ проблема, қоғамның дерті – нашақорлық тақырыбы арқау болған. Иә, тағдыр тәлкегіне түсу әп-сәтте екен. Ғасырымыздың бүгінгі дерті – нашақорлық, адамзат тарихындағы қасіреттерді көбейтуші, зұлымдықтарды тудырушы апиын екенін білсе де, оң-солын тани алмаған жас өскін неге адасты? Дұрысы, оны адастырған кім? Өмірін тас-талқан еткен жауыздардың жазасын кім береді? Кінәліні кім табады? «S.O.S.» драмасы дәл осы сұрақтарға театр тілінде жауап іздеуге ұмтылды.

«Қойылымда бір отбасының басынан өткен жағдай баяндалады. Басты рөлдегі кейіпкер Айбар жұмыс таба алмай, қиналып жүрген шағында есірткі сататын жігіттерге жолығып, жеңіл ақшаның соңынан кетеді. Соңында ұйып отырған бір отбасының шаңырағы ортасына түседі. Жалпы, мұндай тақырып қазіргі қоғамда, әсіресе, жасөспірімдер үшін өте өзекті деп ойлаймын. Жеңіл ақша адамға ешқашан абырой әпермейді. Оның соңы, тіпті, тағдырларды өшпейтін өкініш, адасуға әкеліп, жас ғұмырын өксітуі мүмкін. Бүгінгі көрермендеріміздің көпшілігі жастар екен. Спектакліміз арқылы қолымыздан келгенше солардың санасына сәл де болсын сәуле шашып, ой сала алсақ – мақсатымыздың орындалғаны», дейді режиссердің өзі.

Костюм суретшісі Айдана Еңгебай, жарық қою суретшісі Ермек Мұхтарұлы, дыбыс режиссері Асылжан Асқаров көркемдік деңгейіне тер төккен қойылымда бас кейіпкер Айбар рөлін қос құрамда Бибол Байғараев пен Абзал Арапов ойнаса, Айбаршаны Аружан Бағзат пен Арелана Амангелдиева кейіптеді. Ана рөлін «Құрмет» орденінің иегері Майра Омар мен Ақниет Замзат, Диананы Мерейім Талғат пен Нарқыз Жанұзақова орындады.



«Бүгінгі спектакльде маған Айбарша рөлі берілді. Ол – басты кейіпкер Айбардың қарындасы. Айбарша ағасының жасаған қателігін жуып-шаю үшін есірткі қабылдауға мәжбүр болады. Жалпы, біздің бағыт Музыкалық жас көрермен театры болғандықтан, қойылымдарымызды тамашалауға көбінесе мектеп оқушылары мен студенттер келеді. Сондықтан жастар арасындағы лудомания, есірткіге қарсы қойылған айтулы драмада зиянды әдеттердің зардабын барынша жан-жақты қырынан ашып көрсетуге тырыстық», деді актриса Аружан Бағзат.

Премьераға Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Жаңабай Мейірманқұлов, Музыкалық жас көрермен театрының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров, композитор, продюсер Ринат Гайсин, сондай-ақ мектеп оқушылары және студенттер қатысты.

Қойылым соңында спектакльден әсерленіп шыққан жас көрермендерді сөзге тартқан едік, көп ішінен суырылып шыққан мектеп оқушысы Қалдыбай Нұрғиса: «Маған премьера үлкен ой салды. Қазірден бастап зиянды әдеттерден аулақ болу керек екенін терең ұғындым. Қойылымды көре отырып, әкенің, ананың, жалпы адамзаттың қадірін түсіндім», деді тебірене үн қатып.

Екі күн қатарынан қойылған спектакльге көрермен көп жиналды. Жастар мен жасөспірімдердің тағдырына қашанда бейжай қарамайтын театр ұжымы «S.O.S» қойылымы арқылы тағдыр тәлкегіне түсу әп-сәтте, адамзат тарихындағы қасіреттерді көбейтуші, зұлымдықтарды тудырушы, адамды аздырушы апиын екендігін көрерменге нанымды жеткізе білді.

Әлемдік премьераның Алматыдағы жаңғырығы

Алматыда Disney студиясының «Муфаса. Арыстан патша» анимациялық фильмінің қазақ тіліндегі тұсаукесер көрсетілімі өтті. Бұл – Disney-дің қазақ тілінде «сөйлеткен» үшінші фильмі. Фильмдерді түрлі елдерге бейімдеп, дубляждау – Disney компаниясында бұрыннан қалыптасқан үрдіс. Disney жыл сайын әр фильмнің түрлі тілдердегі 30-ға жуық нұсқасын дайындайды. «Қазақ тілі» қоғамының ұйытқы болуымен биылдан бастап ірі халықаралық студиялар әлемдік премьераларын қазақ тілінде ұсына бастады. Осы бастама аясында Disney студиясы биыл «Ойжұмбақ 2», «Моана 2», «Муфаса. Арыстан патша» деп аталатын үш фильмін қазақ тіліне аударып, дубляж жұмыстарын қаржыландырды.

Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

«Муфаса: Арыстан патша» фильмінде Рафики Симба мен Наланың қызы Киараға Прайд жерлерінің сүйікті патшасының хикаясы мен патша атану жолында басынан кешкен қиындықтары туралы баяндайды. Адасып, жетім қалған Муфаса патша отбасынан шыққан Така есімді мұрагерді кездестіреді. Така оған жаны ашып, қолдау көрсетеді. Екеуі тағдыр өзгертер саяхатқа аттанып, дұшпандарымен бетпе-бет кездеседі. Олардың достығы да сынға түседі. Сондай-ақ көрермен Тимон, Пумбамен қайта қауышады.

Шытырман оқиғаға құрылған фильмнің шынайы қабылдануы дубляж қызметімен тікелей байланысты екені белгілі. Ерасыл Мұхамадиев – Муфаса, Бақтияр Байсерік – Пумба, Дулыға Ақмолда – Рафики, Асан Мәжіт – Кироссы кейіптеп, бас кейіпкерлерді қазақ тілінде дыбыстады. Ал қазақ тіліндегі вокалды партиялар Abik Jeksen – Муфаса, Динара Сұлтан – Сараби, Jaman T (Таир Сахиев) – Жас Рафики, Асе – Зазудың даусымен шырқалды. Таканың сөзі мен әндерін қазақ тіліндегі дубляждың режиссері Шах-Мұрат Ордабаев орындады. Анимацияның музыкалық жетекшісі – Әнел Сіргебаева.

– Қазақ тіліне аударылып жатқан фильмдерді барынша кеңінен насихаттап, қазақ дубляжын қолдауға шақыруды жалғастыра береміз. Әлемдік студиялардың қазақтілді ортаның қызығушылығы мен нарыққа ықпалын ескеріп, үздік туындыларын өз есебінен аударып, ұсынуы – біз үшін өте маңызды бастама. Биылғы әлемдік премьералардың қазақ тіліндегі аудармасы бұрын-соңды болмаған рекордтық көрсеткіштерге жетті. «Моана 2» фильмінің қазақша нұсқасы бұған дейінгі қазақ тіліндегі барлық анимациялық фильмнің рекордтарын жаңартты. Бұл – қазақша кино қарауға ықыласты қауым көбейгенінің белгісі. Алдағы уақытта танымал туындыларды қазақ тіліне аудару жалғаса береді. Бұл тіліміздің тартымдылығын арттыруға және кеңінен таратуға бағытталған тиімді тәсіл деп санаймын, – дейді Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы.

Бұған дейін «Моана 2-нің» қазақша нұсқасы бокс-офистердің 12,36% үлесін қамтыды. Кассалық табыс үлесі 12 күнде 151 000 000 теңгеден асып, қазақшаға аударылған анимациялық фильмдер арасында ең табысты туынды ретінде рекорд орнатты. Биыл маусым айында Disney мен Pixar студиясының «Ойжұмбақ 2» фильмі алғашқы 4 күнде 40 000 000 теңгеден астам қаражат жинап, бұған дейін көрсетілген туындылар арасында рекорд орнатқан еді.

АЛМАТЫ

ЕСІМІ ЕЛГЕ ЕЛЕУЛІ

Албырт шақтан – ақсақалдыққа

Шығыста «қуаныш деген – рух саулығы, бұл сезім неғұрлым көбірек болған сайын кеңістіктен қуатты соғұрлым көбірек тартады» деген түсінік бар. Албырт шағында оқуға ден қойып, жігіт шағында армандаған асуларына беттеп, отызда орда бұзып, қырықта қамал алған бұл адамды Жетісу өңірінде көш басында жүргендер жақсы біледі.

Алматыдағы Қазақ ауыл шаруашылығы институтын агроном мамандығы бойынша үздік аяқтайды. Мұнан кейін туған ауылына оралып «Үшарал» кеңшарының қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженерінен «Ынталы» кеңшарының директорына дейін сатылап көтерілген. Осында бірінші болып шаруашылық есеп-тәсіл енгізілді. Жаңашыл басшының ойлағаны орындалып, аз уақытта «Ынталы» өзге шаруашылықтардан оқ бойы озық көрінді. Аудан басшылары жас маманның іскерлігіне риза болып, Алакөл аудандық ауылшаруашылық басқармасының төрағасы лауазымына ұсынғаны сондықтан.

1985 жылдан бастап партия және мемлекеттік атқарушы органдарда жауапты қызметтерге араласқан Тұрсынбай Шантуұлы жас та болса біліктілігімен төңірегіне танылып, Қазақстан компартиясы Талдықорған облыстық комитетінің инспекторы, Қаратал аудандық халық депутаттары кеңесі атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды.

Қараталда атқару комитетін басқарып жүрген жылдары қабылдауына ауданның беделді ақсақалдары келіп, Ескелді, Балпық бабаларының басына тас қойып, кесенелерін жаңғырту туралы ойларын ортаға салғаны бар. Олардың ұсынысын орынды деп санап, аудандық партия комитетінің бірінші басшысын құлағдар етеді. Басшы ақсақалдар ұсынысын аяқсыз қалдырғанды жөн көреді. Тұрсынбай Шантуұлы бірінші басшының кезекті еңбек демалысына кеткенін пайдаланып, аудандық атқару комитетінің сессиясында бабалардың есімін жаңғырту мақсатында қор құруға шешім қабылдайды. Кейін осы қор қаржысы көпшіліктің қолдауымен еселеніп, көне кесенелер жаңғыртылып қана қоймай, баба мұралары жарыққа шыға бастады.

Қараталдан соң мемлекеттік мүлік жөніндегі Талдықорған аймақтық комитеті төрағасының орынбасары, жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополиялық қызмет жөніндегі Талдықорған облыстық комитетінің төрағасы, Президент Аппараты және Министрлер кабинетінің ұйымдастыру бөлімінің бас инспекторы, Талдықорған облысы әкімінің орынбасары, Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеттің Талдықорған облысы бойынша төрағасы, Бөрлітөбе, Алакөл, Сарқан аудандарының әкімі болып қызмет істеді. Кейінгі жылдары Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің директоры лауазымдарында болған ол қазір «Газ» шаруашылығының арнайы жинақтау-жөндеу басқармасы» ЖШС-ын басқарып келеді.

Тұрсынбай Ғалиновты Бөрлітөбе ауданының әкімі болып тағайындалған 1995 жылдан бері білемін. Жетпіс жыл кеңес өкіметіне еті өлген пәрменсіз парламентті, дәрменсіз үкіметті, қауқарсыз қоғамды, әлжуаз заңды көрдік. Балабақшалар жабылды, кітапханалар құлыпталды, руханиятымыз құлдырады. Миллиондаған мал басы, мыңдаған техникамыз көзден бұлбұл ұшты. Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. Осындай өліарада онсыз да кежегесі кейін кетіп бара жатқан ауданды басқару оңай емес ті. Өтпелі кезеңнің өкпек желінде дірдектеген жұртқа пана болуға тырысты.

Аудан тізгінін жаңадан алғанда қарауындағыларын «ұзын арқан, кең тұсаумен» ұстайтыны талай әңгімеге арқау болатын. Берген тапсырманың мұқият орындалуын қадағалаусыз қалдырмайтын. Еңбек адамдарының хал-жағдайларын біліп, істі ілгерілетудегі білгірлігін көз көргендер әлі күнге айтады.

Бөрлітөбе ауданы экономикасының ауқымды бөлігі Лепсі металл бұйымдары зауытының өніміне қатысты болатын. Тұрсынбай аудан тізгінін алғанда сонау қырқыншы жылдардан бері жұмыс істеп келе жатқан зауыт шикізаттың, жанар-жағар майдың жоқтығынан шатқаяқтап тұрды. Аудан басшысы білікті мамандармен ақылдасып, Қарағандымен байланыс жасап, зауыт цехтарына азды-көпті жан бітірді. Кейінгі басшылық осы тізгіннен айырылып қалды.

Тұрсынбай Ғалиновтың кезінде Қарашығаң өңіріндегі көкөніс, бақша дақылдарын өсіру үрдісін жалғастыру мақсатында платина құрылысы қолға алынды. Қажетті жұмыстар қуатты техникалардың көмегімен жүзеге асырыла бастаған кезде әкім орынтағы басқа азаматқа бұйырып, жұмыс жалғасын таппады. Сонымен қатар аудан орталығы Лепсіде мешіт салуға демеушілердің көмегімен қызыл кірпіш жеткізіліп, іргетасы қаланып, қабырғасы көтеріле бастағанына да куә болғанбыз. Бастамашы басшы қызмет ауыстырған соң осынау шарапатты іс те аяқсыз қалды.

1996 жылы Тұрсынбай ағамыз өзі туып-өскен Алакөл ауданының әкімі болып тағайындалды. Осы ауданда жоғары оқу орнынан кейін мамандығына сай еңбек жолын бастап, шаруашылық басқарған тәжірибелі азамат айдынды Алакөлдің адымын ашуға бір адамдай еңбек сіңірді. Ауданға тұңғыш Президент жұмыс сапарымен келгенде аудан басшысы көкейкесті мәселелерді көтерді. Достық кентіне су тарту, кендік бақылау жұмыстарын, кендік баж салығын жүйеге келтіру, Үшарал-Ақтоғай аралығына жоғары кернеулі электр желісін тарту жүзеге асырылғаны көпке аян. Сондай-ақ ел қорғаны Қабанбай батырға аудан аумағында еңселі ескерткіш орнату үшін қор құрылып, әкім бастамасымен елдің атын шығарған ер есімін ұлықтау жүзеге асып жатты. Сондай-ақ шекаралас аудан әкімдерінің қатарында Қазақстан-Қытай арасындағы шекараны бекітуге тікелей қатысқанын ағамыз әңгімесіне арқау етіп отырады.

Біздің буынның «облыс, аудандарды бір-біріне қоссақ, байып шыға келеді» деп жағасын түзеп, етегін қымтап келе жатқан қалың елді сапырылыстырып жіберген жылдарды бастан өткергені бүгінде тарихқа айналды. Осы эксперименттен толымды нәтиже шықпағаны көпке аян. Билік шешім қабылдарда өздерімен санаспаған шерменде жұрт өз жерінде шетқақпай болып қалды. Бір парақ анықтама үшін шалғайдағы елден аудан орталығына жету көпшілікке мұң болды. Бөрлітөбе ауданы тарап, Сарқан ауданына қызмет бабымен ауысқан біз аумалы-төкпелі кезеңді де, біз білетін Тұрсынбай Ғалиновтың 1998 жылы іріленген ауданға басшы болып келгенін де көзіміз көрді. Алымды да шалымды іскімылы арқылы аудан тынысына өзгеріс енгізуге ұмтылған әкімнің жекеменшікке негізделген ауыл шаруашылығын ыдыратпай, өнімді еселеуге ұмтылған талпынысы текке кеткен жоқ. Шаруа қожалықтарын қолдау мақсатында облыстық «Казсельхозтехника» бірлестігінен «Джон-Дир» маркалы американдық 30 комбайн жеткізіліп, сол бір жылдарды диқандар нәтижелі аяқтап, қамбаға дән толды. Бұған дейін Ақсу ауданына беріліп кеткен Қарашығаң ауылдық округін облыс әкімінің қолдауымен Сарқан ауданының құрамына қайтарып, шалғайда қалған шарасыз елдің еңсесін көтеруді ойластырды.

Сарқан ауданының тізгінін ұстаған кезде Тұрсынбай Шантуұлы ауыл әкімдерінің, учаскелік полиция өкілдерінің ауыл тұрғындары алдындағы есеп беруін жұмыс тәртібіне енгізді. Кейіннен ел алдындағы жауапкершілік республика бойынша қолға алынғанын ағамыздың көрегендігі демеске лажымыз жоқ.

Мемлекеттік қызметтегі жемісті жылдарының айғағындай өңірінде «Құрмет» ордені жарқырады. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін Алматы облысының, Талдықорған қаласының, Қаратал, Алакөл, Сарқан, Ескелді аудандарының құрметті азаматы атанды, «Қазақстан Республикасының табиғи монополияларға қарсы қызметінің үздік қызметкері» төсбелгісімен марапатталды.

Елдік мүдде, ұлт намысын ойлайтын ақсақалдарымыздың сапы нығая бергей.

Жомарт ИГІМАН,
Қазақстанның Құрметті журналисі

АЛАҢДАТАРЛЫҚ АХУАЛ

Кәріз суы өзенге құйылып жатыр

Абай облысы Курчатов қаласынан ағып шығатын қалдық сулар Ертіс өзеніне толассыз құйылып жатыр. Шаһардағы кәріз құбырлары әбден тозып, апаттық жағдайға ұшыраған. Ахуал Ертістің суын тұтынатын Павлодар, Қарағанды облыстарының халқына айтарлықтай қауіп төндіріп тұр.

Мұрат ҚАПАНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Өңірлік жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы Курчатов қаласының кәріз сулары Ертіс өзеніне құйылып жатқанын растады. «Курчатов Водоканал» мекемесіне қарасты кәріз жүйесінің жерастындағы құбырлары жарылып, салдарынан қалдық су өзенге толассыз ағып кетіп жатыр.

«Курчатов қаласынан Ертіс өзеніне ағынды сулардың ағуы жөніндегі бейнематериал деректерін анықтау мақсатында Абай облысы экология департаментінің мамандары шығарындылар орнына арнайы барды. Ағынды суларды ағызу дерегі расталды. Осыған орай «Курчатов Водоканал» ШЖҚ КМК-ға қатысты тексеріс жүргізілетін болады», деп хабарлады басқармадан.

Павлодар қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы Ертіс өзенінен химиялық, бактериологиялық, паразитологиялық көрсеткіштері бойынша су сынамаларын алды. Талдау нәтижелері алдағы уақытта белгілі болады. Департамент мамандары Ертіс өзеніне кәріздің қалдық суларын толассыз жіберіп жатқан Курчатов қаласының коммуналдық мекемесі бұған дейін де бірнеше мәрте жауапкершілікке тартылғанын мәлімдеп отыр. Жыл басынан кәсіпорын экологиялық заңнамаларды бұзғаны үшін 10 млн теңгеден астам айыппұл төлеген. «Курчатов Водоканал» мекемесіне бірнеше мәрте жоспарлы тексеру жүргізіліп, бірқатар заң бұзушылық анықталған. Бірінші тексерісте кәріз жүйесіндегі суды тазартқыштар биологиялық тазартуды жеткілікті деңгейде жүргізбейтіні мәлім болған. Экология кодексінің 90-бабы бойынша әкімшілік іс қозғалып, ұйымға 258 440 теңге айыппұл салынған. Келесі кезекті тексерісте Шығыс Қазақстан облысы экология департаментінің зертханалық-талдау бақылау бөлімінің мамандары ағынды суларды Ертіске жіберетін №2 құбырда кәріз қалдықтарының мөлшері өте көп екенін анықтаған. Ондағы қалдық мөлшері экологиялық рұқсат шегінде белгіленетін қоршаған ортаға эмиссиялар нормасынан асып түскен. Осыған орай кәсіпорын 9 817 439 теңге айыппұл төлеген. Қазірде Абай облысындағы экология департаментінің мамандары «Курчатов Водоканал» мекемесіне қатысты жоспардан тыс тексеріс тағайындап, бастағалы отыр.

Ертістің суын ауызсу ретінде Павлодар, Екібастұз, Ақсу қалаларымен қоса, Қарағанды облысы да пайдаланып отыр. Сәтбаев атындағы канал арқылы ағатын өзен суы жақын жылдары Астана қаласына дейін жетеді деген жоспар бар. Сондықтан бұл мәселе экологиялық апат ретінде бағаланып, дабыл қағылуы керек деп ойлаймыз.

Павлодар облысы

САҚТАНСАҢ – САҚТАЙДЫ

Өрт қаупі өршіп тұр

Қылышын сүйретіп қыс келгелі оқыс оқиға көбейді. Өңірде 118 мәрте өрт шықты.

Байқал БАЙӘДІЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мамандары мен ел ішіндегі еріктілер өрт қауіпсіздігі ережелерін елдің есіне салғанымен, қарапайым талаптарды мейлінше дұрыс сақтамаудың салдарынан айтып келген апаттың сейілер түрі көрінбейді.

– Жылу беру маусымы басталғалы өрт қауіпсіздігі ережелері бұзылады, – дейді Ақмола облысы төтенше жағдайлар департаментінің мемлекеттік өрт бақылау басқармасы басшысының орынбасары Ержан Ғаббас, – мұндай 49 жағдай тіркелді. Электр құрылғыларын монтаждау, техникалық пайдалану ережелерін бұзған 75 дерек анықталды. Жеті жағдайда үй иелері от жаққан кезде қауіпті аңғармай, опық жеген.

Алдын алу жұмыстары жүргізіліп-ақ жатыр. Маусым басталғалы 9 000 отбасының үйлеріне назар аударылған. Бұл үйлер – әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілгендердің баспаналары. Шамамен бір жарым мыңдай пештің мұржасы ыстан тазартылып, сонша үйге өрт қаупі болған жағдайда дабыл қағатын құрылғы орнатылған. Әлі де 1400 отбасына осындай құрылғы орнату межеленген. Бұл істің айта қаларлықтай пайдасы бар. Мәселен, дабыл қаққыштың арқасында Біржан сал ауданында екі қарт адам ажал аузынан аман қалған. Соңғы кезде алты ауданда құрылғының іске қосылуы себепті 30 адамның өмірі сақталған.

Алда – жаңа жыл. Қауіпсіздік ережелерін күшейтпесе болмайды. Әсіресе балаларға абай болу керек. «Өрт – тілсіз жау» екенін әркез естен шығармаған жөн.

Ақмола облысы

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Үстел теннисі орталығы ашылды

Талдықорғанда үстел теннисі орталығы ашылды. Нысан жергілікті жеке кәсіпкердің қаржысына салынған. Халықаралық стандартқа сай спорт ғимараты жастарды үстел теннисіне баулып қана қоймай, шахматты да үйретеді.

Мұхтар КҮМІСБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Суретті түсірген – Жеңіс ЫСҚАБАЙ

Бұқаралық спорт нысанының ашылуына облыс әкімі Бейбіт Исабаев, Үстел теннисі федерациясының вице-президенті Елсияр Қанағатов, Атланта Олимпиадасының жүлдегері Мәулен Мамыров, еліміздің тұңғыш «Барысы» Ұлан Рысқұл бастаған спорт ардагерлері мен қала тұрғындары қатысты.

«Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында «Жастарымыз дені сау, мықты азамат болып өсуі керек. Сондықтан ұлт саулығын сақтау үшін бұқаралық спорттың маңызы айрықша», деп атап өтті. Осы орайда спорттық инфрақұрылымды жақсартуға ерекше көңіл бөлініп, балалар мен жасөспірімдердің спортпен шұғылданып, жан-жақты жетілуіне жағдай жасалып келеді. Бұл ретте спорттық нысандарды салуға мемлекетпен қатар жеке инвесторлардың да белсенді қатыса бастағаны қуантады», деген Б.Исабаев орталықты салуға қаржылай қолдау көрсеткен «Жетісу қолдау» қоғамдық қорына алғыс білдірді.

Бұқаралық спортты дамытуға бағытталған нысан халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес салынған. Мұнда кез келген деңгейдегі жарыстарды өткізуге мүмкіндік бар.

Жалпы, балалар мен жасөспірімдерге арналған облыстық спорт мектебінде 613 оқушы тәрбиеленіп жатыр, соның 131-і үстел теннисімен айналысады. Мектепте 24 жаттықтырушы жұмыс істейді. Жалпы ауданы 2193 шаршы метр болатын екі қабатты ғимараттың үстел теннисіне арналған үлкен залында 12 үстел қойылған, алдағы уақытта оның санын көбейтуге де мүмкіндік жасалған, сол сияқты 250 орындық трибунасы, шахмат пен тоғызқұмалаққа арналған залы бар. Жаттығу залы, массаж бөлмесі, жуынатын бөлмелер, басқа да қажетті әкімшілік, тұрмыстық үй-жайлар қарастырылған. Жобаға 1,3 млрд теңге инвестициялық қаражат жұмсалды.

«Талдықорғандағы үстел ойындары мен спорттық туризм бағытында жұмыс істеп тұрған облыстық мектеп бұған дейін жалдамалы ғимаратта отырған. Енді кәсіби және әуесқой спортшылар кез келген ыңғайлы уақыт пен қолайлы жағдайда үстел теннисімен айналысып, шахмат немесе тоғызқұмалақ ойнай алады. Мұның бәрі бұқаралық спортты дамытуға, спорттық жетістіктерді жақсартуға ықпал етеді», дейді облыстық үстел ойындары мен спорттық туризм бойынша мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің аға жаттықтырушысы Нұрлан Дүйсенбинов.

Жетісуда 233 секцияда тұрақты негізде 11 592 тұрғын, соның ішінде жастар да үстел теннисімен айналысады. Арнайы секциялар Алакөл, Ақсу, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Панфилов, Сарқан аудандарында, Талдықорған қаласында ашылған. Бұл секцияларда 146 жаттықтырушы бар. Сондай-ақ мемлекеттік спорттық шығармашылық тапсырыс негізінде үстел теннисінен 17 секцияда 583 бала айналысады.

Биыл жергілікті бюджеттен 9 спорттық нысанның құрылысына 3,7 млрд теңге қаражат бөлінді. Соның ішінде алтауының құрылысы аяқталды. Атап айтқанда, Сарқан ауданы Алмалы ауылында, Алакөл ауданы Лепсі ауылында, Текелі қаласында дене шынықтырусауықтыру кешені, Панфилов ауданы Үшарал ауылындағы спорт кешені, Талдықорған қаласында «Жетісу» кәсіби волейбол клубына арналған елімізде теңдесі жоқ волейбол орталығы жаңадан салынды, инвестор есебінен спортшыларға арналған төрт қабатты тұрғын үй тұрғызылды.

Облыста халықтың мың адамға шаққанда спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі 64%, денешынықтыру, спортпен жүйелі түрде айналысатын халықтың үлесі облыс халқы жалпы санының 42%-ын құрайды. Биыл жетісулық спортшылар 1344 медаль жеңіп алған.

Жетісу облысы



ТОО «GIG-Logistics» (БИН: 080740019961) ликвидируется. Претензии принимаются в течение двух месяцев с момента опубликования данного объявления по адресу: г.Алматы, ул.Шевченко, дом 14/77, кв. 38.

Утерянные оригиналы документов Хангельдина Тулеу Адамовича: ИИН: 410108300200, удостоверение личности, проездной билет и пенсионное удостоверение считать недействительными.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ұжымы физика-техникалық факультеттің доценті, физика-математика ғылымдарының кандидаты

Досым Исатайұлы КЕНЖАЛИЕВТІҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

ЖӘДІГЕР

Мойын алқа

Еңбекшіқазақ ауданындағы «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында көненің көзіне айналған жәдігерлер жетіп-артылады. Соның бірі гривна – мойынға тағатын шеңбер түріндегі күміс немесе алтыннан жасалған бұйым. Алтын адам мойынан ұштарында барыстың басы бар үш жарым орамды спираль тәрізді гривна (мойын алқасы) табылған. Оның негізгі бөлігіндегі түтікшелердің ұштарына алынбалы топса қондырылған.

«Есік қорғанынан табылған мойын алқа әшекейлердің ең көне түріне жатады. Басқа алқалардан айырмашылығы қосымша ілмектермен немесе тізбектермен күрделеніп, қарапайым түтіктер арқылы байланыстырылған. Мойын алқаның негізгі бөлігі түтіктерінің ернеуіне, алынбалы бөлігі түтіктерінің ұштарына енгізілген, ілмектер немесе басқа да қосымша бекітпелер жоқ. Алтын адам мойын алқасының диаметрі – 13 см. Алқаның ұшындағы барыстың бас мүсіндері дәнекерленген. Сақ кезеңінде жыртқыш аңдардың бейнесін қолдану жиі көрініс тапқан. Барыс бейнесінен қаталдық пен аса сақтықтың көрінісі байқалады. Барыстың бас мүсінінің бейнелері өте мұқият әрі шынайы жасалған, бұл «сақ аң стилінің» алғашқы кезеңдеріне тән бейне», дейді «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ғылыми қызметкері Анар Қосжанова.

Сібір, Орта Азия және Қара теңіз аймағынан табылған осыған ұқсас гривналардың қатарында Есіктен шыққан мойын алқаның орны ерекше. Ерте кездегі бұл әшекейлер жануарлар бейнелерінің көркемдік-стилистикалық ерекшеліктерін талдау негізінде, сондай-ақ кешенде табылған ұқсастығына қарай б.з.д. V-IV ғғ. жатқызылған.

Есік қорғанынан табылған жәдігер (мойын алқасы) ежелгі гривналардың барлық белгілеріне ие, әсемдігімен ерекшеленеді. Бұйым қоғамдағы адамның мәртебесін көрсетіп қана қоймай, бойтұмар ретінде де қызмет еткен. Деректер бойынша бай және текті адамдар таққан, қарапайым адамдардың қол жеткізуі қиын болған.

Дайындаған –
Ұлбосын ИСАБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Алматы облысы

СУРЕТТЕ: гривна (мойын алқасы).
Сурет К.Ақышевтің «Есік Қорғаны» кітабынан алынған

ҒАЛАМ ҒАЖАПТАРЫ

Жанармайдың жаңа түрі

Қытай ғалымдары кәрізге жиналған қалдықтардан авиациялық биожанармай өндіріп жатыр.

Зерттеушілер бұл экологиялық жанармайды химиялық жолмен қайта өңдеп, жасап шығарған. Жаңалықтың артықшылығы дәстүрлі реактивті отынға қарағанда, ауаға көмірқышқыл газы 80%-ға аз шығады. Мамандардың айтуынша, оны қолдану үшін ұшақты да, оның қозғалтқышын да жаңғыртудың қажеті жоқ. Тіпті мұнайдан өндірілген отынмен араластыруға болады. Алғашқы сынақ сәтті өтіп, қазір 12 әуе рейсі осы жанармайды қолданып жүр. Бірақ құны әзірге реактивті отыннан 5 есе қымбат.

БӘРЕКЕЛДІ!

Үздіктер үкіленді

Жылдағы дәстүрге сәйкес сан салада жемісті еңбек етіп жүрген дарынды жастар облыс әкімінің сыйақысына ие болды. «Әулиеата үздігі» байқауында бақ сынаған талантты жастарды марапаттау рәсіміне өңір басшысы Ербол Қарашөкеев арнайы қатысты.

Табиғат МҰСЫЛМАНҚҰЛ,
«Egemen Qazaqstan»

«Талантты жас қай кезде де қоғамның қозғаушы күшіне айналатыны белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз саласында үздік саналған жастарды қолдап келеді. Ұшқыр ойлы жастарды қанаттандыру, оларға қолдау көрсету жұмысы Әулиеата өңірінде де тоқтаған емес. Білімімен дараланып, ізденісімен көзге түскен жастарды қолдауға қай кезде де дайынбыз. Олардың бір бөлігі бүгін «Әулиеата үздігі» атанып отыр», деді өңір басшысы байқау лауреаттарын марапаттау рәсімінде.

«Әулиеата үздігі» байқауының қорытындысына сәйкес «Жылдың үздік жас ақыны» аталымы бойынша ақын Арайлы Жақсылық үздік деп танылса, «Жылдың үздік жас журналисі» аталымында «Еуразия» телеарнасының өңірдегі меншікті тілшісі Ұлдана Жұбай жеңістің биік тұғырынан көрінді. Ал «Жылдың үздік жас спортшысы» аталымында Бексұлтан Боранбай жеңімпаз атанса, «Өнер саласының үздік маманы» аталымы бойынша Кенен Әзірбаев атындағы облыстық филармонияның өнерпазы Дидар Басықараев топ жарды. Бұдан өзге де бірнеше аталым бойынша жеңімпаздар қомақты қаржылай сыйлыққа ие болды.

Салтанатты іс-шара барысында «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының иегерлері де анықталды. Нақтырақ айтсақ, ғылым бағыты бойынша Дәулет Жаманқұл, Шынар Тоқтамыс, мәдениет саласы бойынша Аяна Ким, Ақарыс Сайлау, медиа саласы бойынша Мерей Бает пен Ерқасым Әбдірахман үздік шықты. Грант иегерлерінің барлығына 1 млн теңгенің сертификаты табысталды.

ТАРАЗ

Ең көне лотерея

Испанияда әйгілі «Эль Гордо» атты рождестволық лотерея ұтысы өтті. Биыл жүлде қоры 2 млрд 700 млн еуро. Ал сатылған билет саны 193 миллион.

Бұл лотерея 1812 жылдан бері өткізіліп келеді. Сондықтан аталған ұтыс ойыны испан халқы үшін дәстүрге айналған мереке іспетті. Осы кезде елге туристер ағылып, мемлекет экономикасы да қаржыға қарық болатын көрінеді.

Жүлде сомасы – 20-дан 400 мың еуроға дейін. 40 мың еуродан асатын ұтысқа 20% салық салынады.

ЖАЗЫЛЫМ – 2025

EGEMEN QAZAQSTAN
газетіне ЖАЗЫЛУ енді
ОНЛАЙН ҚОЛЖЕТІМДІ

Құрметті басылымға жазылушылар!

«Egemen Qazaqstan» газетіне жазылуды пошта бөлімшелерінде ғана емес, енді «Қазпошта» АҚ сервисі арқылы онлайн ресімдеуге болады.

Post.kz мобильді қосымшасы арқылы жазылу

Жеке жазылушылар үшін

- Тіркеліңіз (егер әлі тіркелмесеңіз).
- Қосымшаға өз пароліңіз арқылы кіріңіз.
- Негізгі беттің «Басылымға жазылу» бөлігінде «Өту» деген жазуды басыңыз.
- Экранның үстіңгі жағындағы іздеу жолының астында тұрған «өңірдің атауы» жазуын басып, ашылған терезеден өз қаланызды немесе облысыңыз бен ауданыңызды және ауылыңызды тауып алыңыз. Содан кейін осының алдында ашылған терезеге автоматты түрде қайтып ораласыз.
- Сол беттің іздеу жолына Egemen Qazaqstan (тырнақшасыз) деген жазуды енгізіп, сәл астыңғы жағында пайда болған газеттің атауын «шақырыңыз».
- Экранның төменгі бұрышындағы «Жазылу» деген нақатты басыңыз.
- Ашылған формулярды толтырыңыз («Өзгерту» деген нақатты басып, жазылатын айларыңызды, «Жаңа мекенжайды қосу» нақатын басып, газет жеткізілетін мекенжайды көрсетіңіз.
- МАҢЫЗДЫ! Жеткізу мекенжайы бойынша ақпарат былайша енгізіледі: «Елді мекенді таңдаңыз» терезесіне «шақырасыз». «Мекенжайды іздеу» жолына рет-ретімен (үтірсіз де бола береді) қала, аудан, көше, үй деп енгізіп, төменде пайда болған қалаған нәтиженің оң жағындағы шаршыны (төртбұрыш) басыңыз. Мұнда индекс автоматты түрде жазылады. Пәтеріңіздің нөмірін көрсетуді ұмытпаңыз.
- «Мекенжайды қосыңыз», содан кейін «Себетке» нақаттарын басыңыз.
- «Себетке» кіріп, деректерді тексеріңіз.
- Жазылымның құнын төлеңіз.

2025 ЖЫЛҒА
ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ
АСТАНА: (7172) 37-57-61
АЛМАТЫ: (727) 273-74-39

ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА

Ұлы Қаныш маңдайынан сипаған

Аз да, көп те деп айтуға болмас, келер көктемде, Орынбасар әже Құдай қаласа, 90 жасқа толады екен. Көпті көргені рас. Замандастары тәрізді ерте есейгендердің бірі болды. Бес-алты жасында әкесінің қасында жүріп, егін жинауға көмектесті. Бүгінгілерді сендіру қиын болса да, өмірдің ақиқаты сондай еді. Он бес-он алтыға келгенде, «Артельге» ресми түрде «Тігіншінің үйренушісі» болып жұмысқа орналасты. Содан қашан заңды еңбек демалысына шыққанша тыным тапқан жоқ.

Абдолла ДАСТАН,
«Egemen Qazaqstan»

Жиырмаға жете бергенде Омарғали есімді азаматпен қосылып, келін атанды. Он баланы дүниеге әкелді, үшеуі қайтыс болып кетті. Қазір 20-ның үстінде немере, 30-дан астам шөбере сүйген бақытты Орынбасар әже Мизамбаеваның өмірде ұмытылмас сәттерінің бірі – Қаныш Сәтбаевты көзі көргені ғана емес, сол ұлы адамның аялы алақанымен өзінің маңдайынан сипап, батасын бергені. Бұл былай болған еді.

«Тоғыз-он жастағы кезім еді. Үйіміз Жездіде тұратын. Өйткені марганец кені табылып, жақын маңдағы ауылдардың адамдары кенішке жұмысқа тұрып жатты. Соның бірі – біздің үй. Қаныш ағаны күн сайын көріп тұратын едік. Бірде мен ол кісіге минералдар салатын шағын қалта тігіп апарып бердім. Керемет риза болып қалды. «Өркенің өссін, айналайын!» деп маңдайымнан сипап, батасын берді. Ал мұндай сәт ұмытыла ма?» дейді Орынбасар әжей.

Кейін әженің қосағы Омарғали аға Қанекең басқаратын геологиялық партияда шаруашылық меңгерушісі болып еңбек етті. «Сол шақтарда Қаныш Имантайұлы, Әлкей Марғұлан тәрізді ұлтымыздың ұлы адамдары шаңырағымызға жиі келетін, дастарқанымыздан дәм тататын. Мен бір баламды Әлкей атамыз келгенде босанып, сол кісінің құрметіне Марғұлан деп атағанмын» деп еске алады әжей.

Қазір сол Марғұланның қолында тұратын Орынбасар әжейге мектеп оқушылары жиі қонақ болып келеді. Өйткені олар әжелерінен кешегі күндердің тарихына қатысты естеліктерін тыңдайды.

Жақында әжейге «№6 тірек мектебі ресурстық орталығы» жанындағы «Мұрагер» өлкетану музейінің жетекшісі Гүлжанат Абылаева бастаған «Жас зерттеушілер» клубының мүшелері қонаққа келді. Олар әжейге кейінгі жылдары жарық көрген «Өзбекәлі және мәдени майдан», «Қаныш және ғылыми майдан» кітаптарын сыйға тартты. Балалардың мұндай сыйлығын әжей қуана қабылдады.

«Әзір көзімнен қала қойған жоқпын, жақсы кітаптар әкеліпсіндер, рахмет айналайындар. Ұлы тұлғалардың өмір жолдарын үлгі тұтыңдар, білімге ұмтылыңдар», деген әжей балаларға батасын берді.

Ұлы Қаныш Сәтбаевтың батасы дарыған, өсіп-өнген, үлгілі шаңырақтың отанасы атанған әженің батасын иелену де біле білгенге зор бақыт емес пе? Әсіресе Қаныш аталарының биылғыдай мерейтойы тұсында...

Ұлытау облысы

Тик-Токқа тыйым

Албания билігі Тик-Ток желісін қолдануға тыйым салды. Тиісті шешім келер жылдың басында күшіне енеді.

Өткен айда мектептегі тәртіпсіздіктен кейін бұл мәселе қызу талқыланды. Естеріңізге сала кетейік, Тик-Ток арқылы оқушылар жанжалдасып, оның арты мектептегі төбелеске ұласқан еді. Соның салдарынан 14 жастағы жеткіншек көз жұмған. Осыдан кейін жергілікті билік Тик-Ток қосымшасын пайдалануға тыйым салатын заң жобасын қабылдады.

Дайындаған –
Бекзат ҚҰЛШАР,
«Egemen Qazaqstan»

EGEMEN QAZAQSTAN
Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақ газеттері» ЖШС

Бас директор Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ
Бас директордың бірінші орынбасары Виктор ПРЯНИКОВ
Бас директордың орынбасары Қамбар АХМЕТ
Бас директордың орынбасары – Алматы басылымдарының жетекшісі Серік САРЫБАЙ
Бас директордың орынбасары Айгүл БАЙХАН
Бас редактор Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ
Бас редактордың орынбасарлары Талғат БАТЫРХАН, Бану ӘДІЛЖАН, Қуат ӨУЕСБАЙ
Жауапты хатшы Амангелді ҚИЯС
Интернет-редакция жетекшісі Динар КЕРІМ
Бөлім меңгерушілері
Саясат және құқық Орынбек ӨТЕМҰРАТ
Экономика және өндіріс Абай АЙМАҒАМБЕТ
Білім және ғылым Азамат ЕСЕНЖОЛ
Мәдениет және әдебиет Жәнібек ӘЛИМАН
Әлеумет және спорт Жомарт ОСПАН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Абай облысы – Қуат Қиықбай тел.: 8 7476888535
Алматы облысы – Ұлбосын Исабек тел.: 8 7471835704
Ақмола облысы – Байқал Байәділ тел.: 8 7759549863
Атырау облысы – Жолдасбек Көшербайұлы тел.: 8 7760068003
Ақтөбе облысы – Баян Қуандықызы тел.: 8 7014890223
Батыс Қазақстан облысы – Қазбек Құттымұратұлы тел.: 8 7475011901
Жамбыл облысы – Табиғат Мұсылманқұл тел.: 8 7755342262
Жетісу облысы – Мұхтар Күмісбек тел.: 8 7753010129
Қарағанды облысы – Қасымхан Ғалым тел.: 8 7785829696
Қостанай облысы – Нұрқанат Құлабай тел.: 8 7775800024
Қызылорда облысы – Мұрат Жетпісбай тел.: 8 7018598809
Маңғыстау облысы – Гүлайым Дәуітбай тел.: 8 7020071776
Павлодар облысы – Мұрат Қапанұлы тел.: 8 7051528557
Солтүстік Қазақстан облысы – Жақсыбай Самрат тел.: 8 7026398400
Түркістан облысы – Ғалымхан Елшібай тел.: 8 7026089198
Шығыс Қазақстан облысы – Мерей Қайнарұлы тел.: 8 7056238817
Шымкент қаласы – Өнуар Жұмашбай тел.: 8 7763266898
Ұлытау облысы – Абдолла Дастан тел.: 8 7773024679

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13
050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а
АНЫҚТАМА ҮШІН:
Астана: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматыда: 8 (727) 273-07-87,
факс 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@kazgazeta.kz
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
Астанада – 8 (7172) 37-60-49, 37-64-48,
egemen_adv@mail.ru
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26,
adv@egemen.kz

Индекс **65392.** Аптасына **5** рет шығады.
«Қазақ газеттері» ЖШС компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Көлемі 6 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті қайта есепке қою туралы
№KZ21VPY00062701 куәлікті 2023 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
Сапа менеджменті жүйесі талаптарына сәйкес сертификатталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 («Қазпошта» АҚ)**

ТАРАЛЫМЫ 80 080 дана

ISSN 1999-9720
9 771999 972005

Нөмірдің кезекші редакторы
Жадыра МҮСІЛІМ